

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТІРЛІГІ**

САЯСИ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ИДЕОЛОГИЯ
Оқу- әдістемелік құрал

Алматы – 2012

УДК 32 (075.8)
ББК 66.0я73
С 27

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің Ғылыми Кеңесімен
баспадан шығаруға ұсынылды

Пікір жазғандар:

С.О.Станбаева – саяси ғылымдарының кандидаты, доцент

М.К.Төлебаева – саяси ғылымдарының кандидаты, доцент

С-41 САЯСИ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ИДЕОЛОГИЯ

«Саясаттану» мамандығының студенттеріне арналған оқу- әдістемелік
құрал / Г. Б. Әскеева, Л.К. Бекеева, М.Т. Іліпов, Е.Л. Нечаева – Алматы:
«Printmaster», 2012- - 104 ст.

ISBN 9965-31-454-3

Оқу-әдістемелік құрал Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Жалпыға
міндетті білім беру стандартына сәйкес дайындалған – ҚР МЖМБС. Жоғары
білім. Бакалавриат.

Негізгі ереже. Алматы, 2012.

Оқу-әдістемелік құралда саяси мәдениет пен идеологияның негізгі
ұғымдары мен парадигмаларын оқып – үйренуге катысты сұрақтар жүйесі
баяндалған. Басылым семинар сабақтарға, студенттердің өздік жұмысына
арналған оқу-әдістемелік материалдарды, бақылау сұрақтары мен
тапсырмаларын, дидактикалық ойындарды, тест сұрақтарын, баяндамалар мен
рефераттар тақырыптарын, сондай-ақ пән бойынша негізгі ұғымдарды қамтиды.
Оқу-әдістемелік құралдың материалдары Қазақстан Республикасының Ғылым
және білім министрлігі бекіткен «Саяси мәдениет және идеология» пәнінің оқу
бағдарламасына
сәйкес дайындалған.

Оқу-әдістемелік құрал «Саясаттану» мамандығының студенттеріне,
сонымен қатар гуманитарлық білім алатын студенттерге де арналған.

ISBN 9965-31-454-3

МАЗМҰНЫ

| | |
|--|----|
| Силлабус..... | 4 |
| Сөздік (Глоссарий)..... | 8 |
| Глоссариймен жұмыс істеудің әдістемелік ұсыныстары мен дәріс конспектілері..... | 13 |
| Саяси мәдениет және идеология” пәнінің теориялық- методологиялық негіздері..... | 15 |
| Саясат және мәдениет, олардың ортақ негіздері..... | 18 |
| Саяси мәдениет: мазмұны және мәндік сипаттамалары..... | 21 |
| Саяси мәдениеттің экономикалық, саяси және әлеуметтік мәдени детерминанттары – шешуші факторлары..... | 24 |
| Саяси сана, оның тұлғаның саяси мәдениетімен байланысы..... | 28 |
| Саяси мәдениеттің мінез-құлықтық аспектісі: үлгілері мен стерсотиіптері..... | 30 |
| Саяси мәдениеттің институттандырылған ережелері мен дәстүрлері..... | 35 |
| Саяси идеология билік қатынастары механизмінің бейнеленуі ретінде..... | 38 |
| Либералдық пен жаңалибералдық..... | 41 |
| Консерваторлық және жанаконсерваторлық..... | 43 |
| Социал-демократиялық..... | 45 |
| Саяси мәдениеттің негізгі үлгілері..... | 58 |
| Саяси мәдениеттің ұлттық және аймақтық нұсқалары, олардың өзіндік белгілері мен ерекшеліктері..... | 61 |
| Қазақстан қоғамын реформалаудың идеологиялық факторы..... | 65 |
| Қазақстан Республикасындағы саяси мәдениет және қоғамды демократияландыру: мәселелері мен келешегі..... | 68 |
| Оқу дәрістерімен жұмыс істеуге әдістемелік кеңес..... | 71 |
| Пайдаланылатын әдебиеттер тізімі..... | 73 |
| Бақылауға арналған тапсырмалар мен сұрақтар және оған әдістемелік ұсыныстар..... | 76 |
| Семинар сабақтарын өткізу жоспары..... | 87 |
| Ағымдық, аралық және қорытынды бақылауға арналған материалдар мен оның орындалуы туралы әдістемелік ұсыныстар..... | 92 |
| Қорытынды бақылау сұрақтары..... | 94 |
| Ағымдық, аралық және қорытынды бақылауға дайындауға әдістемелік ұсыныстар..... | 97 |

1. «САЯСАТТАНУ» МАМАНДЫҒЫНА АРНАЛҒАН «САЯСИ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ИДЕОЛОГИЯ» ПӘНІНЕН СИЛЛАБУС

1. Іліпов Мәукен Тайлақұлы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, журналистика және саясаттану факультеті, саясаттану кафедрасының доценті, тарих ғылымдарының кандидаты,

Нечаева Елена Леонидовна Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, журналистика және саясаттану факультеті, саясаттану кафедрасының меңгерушісі, саяси ғылымдарының кандидаты.

Ғылыми қызығушылығы: Саяси процестер мен саяси институттар, элитология, саяси мәдениет.

Ғылыми мектеп: Абай атындағы Алматы мемлекеттік университеті, Өль-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

2. Пән атауы: Саяси мәдениет және идеология. Коды: SMI 3208, кредиттер саны- 3

3. Пәнді оқыту уақыты және орны: 5 семестр, сабақ кестесіне сәйкес

4. Оқу пәнінің пререквизиттері: саяси ілімдер тарихы, философия, әлеуметтану, құқық негіздері.

Постреквизиттері: саяси технологиялар, саяси конфликтология.

5. Пәнінің сипаттамасы

5.1. Оқу пәнінің бағыты: пән саяси мәдениет пен идеологияның негізгі проблемаларын және оларды шешудің механизмдері мен жолдарын зерттейді. Саяси мәдениеттің жағдайы, оның типологиялары, оқыту әдістері, саяси мифологиясын оқып-үйренуге, саяси мәдениеттің негізгі факторлары мен индикаторларын, құрылымын, сипатын және саяси санаға әсері туралы ерекшеліктерін оқытуға бағытталған.

5.2. Оқу пәнінің мақсаты: саяси мәдениеттің негізгі теориялары мен түсінігін оқыту, қазіргі заманғы саяси мәдениет пен саяси идеологияның даму үрдістері мен болашағын оқыту

5.3. Оқу пәнінің міндеттері:

саяси мәдениет феноменімен таныстыру, оның құрылымы мен негізгі компоненттерін зерделеу;

- саяси жүйедегі саяси мәдениеттің рөлін анықтау;

- саяси мәдениеттің негізгі түрлерін талдау;

- саяси әлеуметтенудің сипаты, оның механизмдері, модельдері мен кезеңдері;

демократиялық саяси үрдістің антигумандық құбылыстарына, терроризм идеясына сана сезімді қарсы қою.

5.4. Оқу пәнінің мазмұны:

Пән саяси мәдениет пен идеологияның мазмұны мен мәнін, оларды зерттеудегі негізгі тәсілдерді ашып көрсетеді. Зерттеу барысында саяси мәдениеттің экономикалық, саяси және әлеуметтік - мәдени детерминаттары қарастырылады, сонымен қатар саяси мәдениеттің ұлттық және аймақтық модельдері талданады, Қазақстанның саяси мәдениеті зерттеледі. Оқу пәнінің мазмұны студенттердің алған білімдерін саяси мәдениет пен идеологияны талдауға және оны іске асыруға бағытталған.

5.5. Пәнді оқытудың жоспары

| № апта | Тақырып атауы | Оқыту нысаны, сағаттар саны | СӨЖ тапсырмалары |
|--------|--|---|--|
| 1 | “Саяси мәдениет және идеология” пәнінің теориялық-методологиялық негіздері | <i>Лекция (2 сағ), семинар (1 сағ.), СОӨЖ (3 сағ.), СӨЖ (3 сағ.)</i> | Топтық жобасаяси мәдениетті оқыту әдістері |
| 2 | Саясат және мәдениет, олардың ортақ негіздері | <i>Лекция (2 сағ), семинар (1 сағ.), СОӨЖ (3 сағ.), СӨЖ (3 сағ.)</i> | Реферат |
| 3 | Саяси мәдениет:мазмұны және мәндік сипаттамалары | <i>Лекция (2 сағ), семинар (2 сағ.), СОӨЖ (3 сағ.), СӨЖ (3 сағ.)</i> | Тақырыпқа байланысты кесте-сызба дайындау |
| 4 | Саяси мәдениеттің экономикалық, саяси және әлеуметтік - мәдени детерминанттары – шешуші факторлары | <i>Лекция (2 сағ), семинар (2 сағ), СОӨЖ (3 сағ.), СӨЖ (3 сағ.)</i> | Ұғымдық - категориялық-аппарат бойынша бақылау жұмысы |
| 5 | Саяси сана, оның тұлғаның саяси мәдениетімен байланысы | <i>Лекция (2 сағ), семинар (1 сағ.), СОӨЖ (3 сағ.), СӨЖ (3 сағ.)</i> | Сананы манипуляциялау формалары-топтық жоба |
| 6 | Саяси мәдениеттің мінез-құлықтық аспектісі: үлгілері мен стереотиптері | <i>Лекция (2 сағ), семинар (1 сағ.), СОӨЖ (3 сағ.) СӨЖ 3 сағ.)</i> | Сананы талдау мифтері мен стереотиптері-шығармашылық жұмыс |
| 7 | Саяси мәдениеттің институттандырылған ережелері мен дәстүрлері | <i>Лекция (2 сағ), семинар (1 сағ.), СОӨЖ (3 сағ.), СӨЖ (3 сағ.)</i> | Саяси мәдениет және құқықтық ережелерді талдау-жеке жоба |
| 8 | Саяси идеология билік қатынастары механизмінің бейнеленуі ретінде | <i>Лекция (2 сағ), семинар (1 сағ.),</i> | Практикум |

| | | | |
|----|--|---|-------------------------------------|
| | | <i>СОӨЖ (3 сағ.)</i> <i>СӨЖ (3 сағ.)</i> | |
| 9 | Либералдық пен жаңалибералдық | <i>Лекция (2 сағ.)</i> , <i>семинар (1 сағ.)</i> , <i>СОӨЖ (3 сағ.)</i> , <i>СӨЖ (3 сағ.)</i> | Реферат |
| 10 | Консерваторлық және жаңаконсерваторлық | <i>Лекция (2 сағ.)</i> , <i>семинар (1 сағ.)</i> , <i>СОӨЖ (3 сағ.)</i> , <i>СӨЖ (3 сағ.)</i> | Жеке жоба |
| 11 | Социал-демократиялық | <i>Лекция (2 сағ.)</i> , <i>семинар (1 сағ.)</i> , <i>СОӨЖ (3 сағ.)</i> , <i>СӨЖ (3 сағ.)</i> | Баяндама, реферат |
| 12 | Саяси мәдениеттің негізгі үлгілері | <i>Лекция (2 сағ.)</i> , <i>семинар (1 сағ.)</i> , <i>СОӨЖ (3 сағ.)</i> , <i>СӨЖ (3 сағ.)</i> | Құрылымдық-логикалық схема дайындау |
| 13 | Саяси мәдениеттің ұлттық және аймақтық варианттары. олардың өзіндік белгілері мен ерекшеліктері | <i>Лекция (2 сағ.)</i> , <i>семинар (1 сағ.)</i> , <i>СОӨЖ (3 сағ.)</i> , <i>СӨЖ (3 сағ.)</i> | Практикум |
| 14 | Қазақстан қоғамын реформалаудың идеологиялық факторы | <i>Лекция (2 сағ.)</i> , <i>семинар (1 сағ.)</i> , <i>СОӨЖ (3 сағ.)</i> , <i>СӨЖ (31 сағ.)</i> | Коллоквиум |
| 15 | Қазақстан Республикасындағы саяси мәдениет және қоғамды демократияландыру: мәселелері мен келешегі | <i>Лекция (2 сағ.)</i> , <i>семинар (1 сағ.)</i> , <i>СОӨЖ (3 сағ.)</i> , <i>СӨЖ (3 сағ.)</i> | Талдамалық эссе дайындау |

6. Негізгі және қосымша әдебиеттер :

6.1. Негізгі әдебиеттер:

1. Almond, Gabriel, and Sidney Verba. The Civic Culture: Political Attitudes and Democracy in Five Nations. Princeton, NJ: Princeton University Press, 1963.

2. de Tocqueville, Alexis. Democracy in America. New York: Schocken, 1961.
3. Политология. Учебник для ВУЗов\ под ред. М.А.Василика М.,1999 гл.12
4. Политология. Учебник для ВУЗов\ под ред. А.Нысанбаева Алматы.1998
5. Трошихин В., Теплов В. Культура политического процесса, М.,2001

6.2. Қосымша әдебиеттер:

1. Алмонд Г.,Верба С., Гражданская культура и стабильность демократии // Полис,1992 №4
2. Баталов Э. Политическая культура как социальный феномен //Вестник МГУ Сер.12, 1995, №5
3. Инглхарт Р. Постмодерн: меняющиеся ценности и изменяющиеся общества. //Полис, 1997,№4
4. Пивоваров Ю.С. Политическая культура. Методологический очерк. М.,1996
5. Политическая культура: теория и национальные модели. М.,1994
6. David D. Laitin and Aaron Wildavsky Political Culture and Political Preferences// <http://www.jstor.org/stable/1957403>
7. Ronald Inglehart The Renaissance of Political Culture//<http://www.jstor.org/stable/1961756>

7) Білімді бақылау

Аудиторлық сабақ барысында *ағымдағы бақылау* өткізу жоспарланған, СӨЖ және СОӨЖ орындаудың сапасын бақылау қарастырылған, коллоквиум және тест түрінде екі *аралық бақылау* жоспарланған; емтихан түріндегі *қорытынды бақылау* жүзеге асырылады.

Ағымдық бақылау– 20%

СОӨЖ және СӨЖ– 20%

Аралық бақылау:

коллоквиум – 10%

тестілеу – 10%

Ағымдық және аралық бақылау **60%**-дан кем емес

қорытынды аттестация - **40 %**

8) Оқу пәнінің саясаты

«Саяси технологиялар» пәні міндетті пән болып табылады. Оқу жүктемесінің көлемі 3 кредитті құрайды, оның ішінде 30 сағат - дәріс, 15 сағат-семинарлық сабақтар, 45 сағат-СӨЖ

Оқу пәнінің талаптары

Аудиториялық сабақтарға міндетті түрде қатысу, сабақ барысындағы сұрақтарды талқылауға белсене қатысу, оқу-әдістемелік құралдар мен негізгі әдебиеттер бойынша дәріс және семинар сабақтарына алдын-ала дайындалу, СӨЖ-ді сапалы және уақытылы орындау, бақылаудың барлық түріне қатысу (ағымдағы бақылау, СӨЖ бақылау, аралық бақылау, қорытынды бақылау).

2. СӨЗДІК (ГЛОССАРИЙ)

Абсентизм – халықтың саяси өмірге немқұрайлы, селкос карауы, азаматтық міндетті атқарудан бас тартуы. Ол әсіресе сайлаушылар тарапынан ,өкіметтің өкілдік органдарына сайлауға қатынасқысы келмеуінен байқалады.Оны әркім әр түрлі бағалайды.Біреулер адам не істеседе ,сайлауға қатысып дауыс берсе де ,бермеседе өз еркі деп санайды.Кейбіреулер оны сайлаушылардың саяси шешімдері немесе сайланушы үміткерді қабылдамағандықтан деп түсінеді.Ал жалпы көпшілік жұрт саяси өмірге осылайша селкостық танытса, өкімет органдарының легитимдігіне нұқсан туады.

Авторитаризм-жеке адамның билігіне негізделген басқаруда күшке сүйенетін мемлекеттік-саяси тәртіп.Мұнда атқарушы билік үстемдік етеді.Парламент болғанымен ол кеңесші органға айналады. Тоталитарлық тәртіппен салыстырғанда мұнда көпшілік партия бірыңғай идеология болмайды және экономика бақылауға алынбайды.Тоталитарлық тәртіптің басқа белгілері негізінен сақталады.Ол көбіне саяси жағдайға белсене араласатын әскер күшіне сүйенеді.Мемлекеттің сайлау органдары шектеледі.

Азаматтық қоғам-жеке тұлғаның емін-еркін дамуын қамтамасыз ететін қоғамның күйі. Азаматтық қоғамның құрамына адамдардың өздері тудырған қауымдастықтар (қоғамдық, кәсіби, шығармашылық ұйымдар,ассоциациялар және т.б) азаматтардың өндірістік және жеке өмірі , әдет-ғұрыптары, салттары кіреді.Бұл қоғамда мемлекеттің жеке адам өміріне араласуына шек қояды.Онда адамның халықаралық дәрежеде танылған ережеде сай құқықтары сақталады.

Анархизм-жеке адамды мемлекеттік биліктен құтқаруға бағытталған әлеуметтік-саяси ағым.Оны жақтаушылар күштеу арқылы еріксіз көндіретін органдарды азаматтардың еркін ассоциацияларымен алмастырғылары келеді.Оның алғашқы идеялары Платонның еңбегінде кездеседі.Орта ғасырда утопистердің, жана дәуірде ұсақ буржуазия (Годвин, Штирнер, Прудон), орыс және халықаралық революциялық қозғалыстың идеологтарының (Бакунин, Кропоткин) ілімдеріне кең тараған.Қазіргі кезде бұл ағымның саяси өмірде әсері шамалы.

Аристократия-1)парасатты, бай, ерекше құқықтар мен жеңілдіктерге не аксүйектер тобы;2)аксүйектер әулеті , билік жүргізетін мемлекеттік басқарудың түрі.Мысалы: мұндай мемлекеттік билік Ежелгі Гректерде болған.

Билік-1) адамдардың іс-әрекетіне, қызметіне, тағдырына белгілі бір адамдардың (бедел, жігер, құдық, зорлықтың) көмегімен әсер ету мүмкіншілігі;

2) адамдарға саяси билік жүргізу; 3) мемлекеттік органдардың жүйесі, 4) мемлекеттік және әкімшілік өкілеттілігі бар қызмет адамдары, органдары.

Бипатридтер—бір мезгілде екі немесе одан да көп мемлекеттердің азаматы болып есептелуі.

Блокада — өз дегендерін істету үшін қарсы жақтың жерін немесе бір бөлігін қоршауға алып, сырт әлемнен бөліп тастау. Ол саяси, экономикалық, әскери, дипломатиялық және т.с.с. түрінде болуы мүмкін.

Брифинг— үкіметтің жеке мәселелер бойынша немесе халықаралық келіссөзге қатысушылардың келісімімен оның барысы туралы хабарлама жасау үшін ресми адамдардың ақпарат құралдары өкілдерімен кездесуі.

Бюрократ— 1) азаматтардың мүддесіне нұқсан келтіріп, өз міндеттерін формальды түрде атқаратын қызмет адамы; 2) басқарудың бюрократиялық жүйесіне жататын ресми қызметтегі адам.

Бюрократизм — істің мәніне немқұрайлы, формалды қарау, істі көпке созу.

Гуманизм—қайта өркендеу дәуірінде дін мен феодализм құрсауынан адам баласын босатып, еркін жетілуді мақсат еткен әлеуметтік қозғалыс. Саяси салада адамдардың дұрыс қалыптасуы мен дамуына қажетті әлеуметтік—экономикалық, саяси және рухани жағдайларды қамтамасыз етуге бағытталған саяси көзқарастар, идеялар жүйесін білдіреді.

Демократия—халық билігін, заңдылықты мойындап, азаматтардың теңдігін, құқықтары мен бостандықтарын қалыптастыруға негізделген мемлекеттік органдардың сайланып қойылуын және олардың жұмысы халықтың бақылауында болуын, сайлау құқығы бәрине тең болуын, адамдардың экономикалық және саяси қорғалуын, шешім қабылдағанда азшылықтың көпшілікке бағынуын және т.б. қалайтын саяси және экономикалық құрылыс түрі.

Доктрина— саяси, экономикалық, әскери мақсаттарды жинақталған түрде білдіретін саяси теория, ілім. Кейде оның негізін қалаған адамның атымен аталады. Мысалы, Монро доктринасы.

Жаңарған консерватизм (неоконсерватизм)—бұрынғы қалыптасқан дәстүрлі қазыналар мен арман-мұраттарды сақтап, оларды бүгінгі талабына сай жаңғыртуға тырысқан Батыс саясаттану ғылымындағы ағым. Ол 70 жылдардың екінші жартысында пайда болған Белсенді өкілдері: Д.Белл, И.Кристонн, С. Липсет және т.б.

Жанарған либерализм(неолиберализм)-дәстүрлі либерализмнің қағидаларын сақтап, оларды ХХ ғасырдың жаңа талаптарына сай өзгертуші идеялық-саяси ағым.

Идеология-белгілі бір әлеуметтік топтар, таптар, партиялар және т.б. мақсаттары мен мүдделерін бейнелейтін, үстемдік етіп отырған қоғамдық қатынастарды орнықтыруға немесе оларды өзгертуге қызмет ететін тұжырымдамалардың, пікірлердің, идеялардың жүйесі.Жүйеленген түрінде ол партия бағдарламасында, декларация, манифест, жарғыларда,сондай-ақ әр түрлі насихаттық құжаттарда қалыптасады.Ол көпшіліктің саяси санасын қалыптастыруға, саяси өмірде бағыт-бағдар, рухани байлықтар жүйесін айқындауға, саяси іс-әрекет жолдарын және т.с.с. қызметтерді атқарады, қоғам дамуында зор рөл атқарады.

Консерватизм-1) тарихи қалыптасқан саяси және қоғамдық өмірді өзгеріссіз сақтауға тырысқан әлеуметтік-саяси қозғалыстар, теориялар жүйесі; 2) консервативтік партиялардың ұстаған бағдарламалық бағыты.

Конформизм-іштей келіспесе де, көпшіліктің ой-пікірі,көзқарастарына икемделу, әсіресе билік басындағылардың ығына жығылып,бейімделу.

Легитимдік-халықтың үстемдік етіп отырған саяси билікті мойындауы, оның заңдылығы мен шешімдерін растауы. Демократиялық жағдайда мемлекеттік билік легитимді болуы үшін, ол халықтың қалауы бойынша қалыптасуы мен көршіліктің еркіне сай орындалуы керек.

Либерализм-1) жеке адамның саяси және экономикалық құқықтарын мақұлдап, мемлекеттің экономикаға араласуын шектеуге тырысатын ілім, саяси бағыт; 2) бірқатар елдерде орта топтың мүддесін қорғайтын либералдық партиялар.Олар нарықтық экономиканы, еркін бәсекелестікті, халықтың әлеуметтік қамтамасыз етілуін, халықаралық қауіпсіздікті және т.б. жақтайды.

Люмпен – қоғамның азғындалған бөлігінің жалпылама аты.Оған қаңғыбастар, қайыршылар, жезөкшелер, қылмыскерлер және т.с.с. жатады.

Мемлекет – белгілі бір аумақ шеңберінде адамдардың, әлеуметтік топтар, таптар мен бірлестіктердің қатынастары мен қызметтерін ұйымдастыратын, бақылайтын қоғамның саяси жүйесінің негізгі элементі.Мемлекеттің ерекше өкімет аппараты болады.Ол бүкіл қоғам атынан ресми істерді жүргізуге құқылы.Оның заңдарын сол елдегі адамдардың бәрі де сыйлайды және орындауға тиіс.

Нигилизм-жалпы қабылданған заңдық ережелер, қоғамдық саяси өмірдің қалыптасқан саяси қазыналарға, партиялар мен саяси қайраткерлердің іс-әрекетіне қарсы болып, қабылдамайды.

Полис-ежелгі грек елінде қоғам мен мемлекеттің саяси-экономикалық ұйымы, қала-мемлекет.

Радикализм-партияның, қозғалыстың, фракцияның, жеке басшының және т.с.с. қоғамда қалыптасқан жағдайды өзгерту мақсатымен жасалатын батыл іс-әрекетті, қимылы. Әдетте, оппозициядағы күштер билік басындағылардың қызметін тартыншақтық, жасқаншақтық, жасқаншақтық, көз бояушылық жасап отыр деп кінәлайды.

Рендеологизация-ішкі және сыртқы саясатты жүргізгенде идеологиялық нұсқауларды, қазыналарды басшылыққа алу. Ол идеологиясыздануға қарсы теория ретінде Батыс елдерінде осы ғасырдың 70-80 жылдарында пайда болды.

Референдум-маңызды заң шығарушы немесе ішкі және сыртқы мәселені түпкілікті шешу мақсатында сайлаушылардың көңілін білдіру. Мысалы, онда конституцияны немесе оған түзету кіргізу, мемлекеттік құрылыс немесе билік түрін өзгерту, ескі заңның күшін жою немесе жаңасын қабылдау, елдің халықаралық ұйымға кіру, мемлекетаралық келісімге қосылу және т.с.с мәселелер қаралады. Бұл мәселелерді конституция немесе заң ережелеріне сәйкес парламент немесе үкімет басшысы қояды. Мысалы, біздің республикамызда 1995 жылғы 29 сәуірде президенттің өкілеттігін ұзарту жөнінде бүкілхалықтық референдум болды.

Реформа-қоғамдық құрылысты және оның институттарын жетілдіру үшін билік жүйесіне, саяси қызметтердің түрлі жақтарына өзгерту енгізу. Ол қоғамның саяси жүйесін түгел немесе оның бір я бірнеше саласын қамтуы мүмкін.

Саяси мәдениет-өкімет пен азаматтардың өзара қатынастарына байланысты тарихи қалыптасқан саяси нұсқаулар, қазыналар, адамның өзін-өзі ұстауы жөніндегі жарлық, қаулылар жүйесі. Ол қоғамдағы саяси өмірдің барлық салаларын қамтиды. Оған ең алдымен саяси сананың мәдениеті, адамдардың, топтардың, ұлттардың өздерін ұстай білуі, осы жүйенің шеңберінде жұмыс істейтін саяси мекемелердің мәдениеті кіреді.

Саяси сана-адамдардың саяси өмірді түсініп, сезінуі. Оған ең алдымен қоғамдағы саяси идеяларды, көзқарастарды, мақсат-мүдделерді ұғынуы, саяси билікке қатынасуы жатады. Олар адамның әрекетіне, әр түрлі жағдайда өзін тікелей әсер етеді.

Социал-демократия-қоғам дамуында әлеуметтік салаларға басымдық беретін идеалық саяси ағым.Мұндай партиялар XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында жұмысшы табының партиясы ретінде пайда болды.Оның мақсаты-барлық еңбекшілерге жақсы өмірді,еркіндікті,әлемде бейбітшілікті қамтамасыз ету.Қоғам дамуында және социалстік құрылысты орнату жолында революциялық әдіске сүйенбей,эволюциялық жолды дұрыс деп санайды.Саяси плюрализм мен аралас экономиканы қолдайды.

Субмәдениет-қоғамда үстемдік ететін мәдени бағыттан айтарлықтай ерекшеленетін саяси бағдар.Ол қоғамдық топтардың экономикалық,әлеуметтік жағдайларына,этникалық,діни,нәсіл,білімдік,жыныстық,жас ерекшеліктеріне және т.с.с. белгілеріне байланысты болады.

Технократия-1.инженерлерге, менеджерлерге, техника ғылымдарына иек артатын тәртіп; 2.басқарушы элитаға кіретін техникалық мамандардың жоғарғы жігі және соларды дәріптейтін тұғырнама.

Тоталитаризм-әрбір азаматтың, қоғам өмірінің барлық саласы мемлекет тарапынан толық бақылауға алынған мемлекеттік-саяси құрылыстың түрі.Онда бір партия, бір идеология үстемдік етеді.

Фашизм-реакциялық, агрессивтік күштердің террорлық диктатурасы. Ол 1919 жылы Италияда, содан соң Германияда пайда болды.Оның ерекшеліктеріне жататындар:бір нәсілді екіншіден жоғары қою, мемлекетке барлық басшылықты беру, демократиялық құқықтар мен бостандықтарды басып-жаншуда шектен тыс күштеу әдістерін пайдалану т.с.с.

Экстремизм-1)саяси және басқа мақсаттарға жету үшін заңсыз, күштеу, зорлау пайдаланатын әрекет.2) шектен шыққан көзқарастарға және шараларға бет бұрушылық.

Этнос-тілінде, мәдениетінде, мінез-құлықында ортақ ерекшеліктері бар, белгілі бір аумақта тарихи қалыптасқан, өз қауымдастығының бірлігін сезінетін адамдар жиынтығы.Мысалы, тайпа, ұлыс, ұлт. Бұлардың әрқайсысын «халық» деп те атайды.

Глоссариймен жұмыс істеудің әдістемелік ұсыныстары мен дәріс конспекттері

Түсіндірме аппараты ерекшеліктерінің бірі кез келген ғылымның құрылымдық тұтастығымен аяқталуының, білім логикасы, нақтылығының реттілігімен қарама-қарсы болмауының мәселесінде жатыр. Пәннің түсіндірме аппараты зерттелетін шындық туралы түсінікті толықтыратын жаңа ұғымдарды көрсетеді, жаңа мазмұнымен толығыды, жаңарады.

Түсіндірме аппаратының басқа бір ерекшелігі саяси білімнің көпнұсқалылығында және аспектілерінің көп болуында жатыр. Бұл алуан түрлі теориялардың пайда болуына, ол өз кезегінде, түсіндірме аппаратының әр түрлі анықтамаларының пайда болуына әкеледі. Осындағы басты қауіп-қатер түсініктердің әр түрлі мағынасында жатыр. Саяси ғылымның түсіндірме аппаратына саяси білімдердің пәні мен объектісінің мәселесі өз әсерін тигізеді.

Сонымен, саяси ғылымның түсіндірме аппаратының мынадай ерекшеліктерін атап көрсетуге болады:

саяси ғылымның пәнаралық сипатына байланысты әр түрлі тектес түсініктердің сәйкестенуі.

Түсіндірме аппаратына әсер ететін саяси ғылымның пәні мен объектісінің анықтамаларындағы түсінбеушіліктің пайда болуы.

Бірыңғай саяси теорияның, бірыңғай түсіндірме аппаратының болмауы.

Ұлттық айырмашылықтар.

Түсініктермен жұмыс істеу кез келген пәнді оқытудың маңызды бөлігі болып табылады. Себебі, оларды білмей тұрып оқу үдерісінің қорытындысын анықтауға болмайды.

Әрдайым ескі түсініктер жаңа мазмұнмен толығыды, сондықтан оларды жаңадан қарастыру, анықтау керек. Студенттердің назарын осындай эволюцияға аудару керек.

Түсініктерді білу білім алудың мақсаты мен амалы болып табылады, себебі кез келген жаңа білім алдындағы алыңғы білімге негізделеді - анықталатын түсініктің мазмұны мен терминдерді білмейінше жұмыс істеуге болмайды. Сонымен қатар, түсініктермен жұмыс істеу адамның ойлау қабілетін дамытуға бағытталған мәселелерді шешу үшін ұйымдастырылуы керек.

Түсініктер мен терминдер жүйесін құруда осы түсініктер мен терминдерге, анықтамаларға үлкен мән беріледі. Саяси білім берудің тиімділігі, мақсаттар мен мәселелерді шешу және орындау түсініктерге қандай мазмұн берілетіндігіне тәуелді болады.

Анықтамалармен жұмыс істеу барысында келесі ережелерді ескерген жөн:

1) Анықтама мөлшерлес болу керек, яғни анықтаушы мен анықталатын түсініктер бірдей көлемде болуы керек. Бұл ереженің орындалмауы тым кең немесе тым тар анықтаманың пайда болуына әкеледі. Анықтамаға түсініктің барлық қажетті сипаттары кіргені жөн;

2) Анықтама нақты, түсінікті, метафоралық айтылғандардан бос болуы керек;

3) Анықтама логикалық шеңберге ұқсамауы керек, яғни бір түсінік екінші арқылы түсіндірілмеуі керек, бұл сөз қайталауға әкеледі;

4) Жағымсыз анықтамалардан қашу керек, яғни анықталатын заттың кемшілігін атап көрсетпегені жөн;

5) Белгісізді белгісіз арқылы анықтауға болмайды.

Түсіндірме аппаратымен жұмыс істеу бірнеше сатыдан тұрады және арнайы алгоритм құрастырады.

Түсіндірме аппаратымен жұмыс істеудің алгоритмі келесідей көрсетіледі:

Танысу(зерттеу): түсінік білімін зерттеу, берілген түсініктің барлық амал-тәсілдерін қарастыру, яғни «мән-мағыналарды» ашу, түсінік этимологиясын анықтау, түсінік мазмұнының диалектикасы, алғашқы түсінікті анықтау, қазіргі мағынаны анықтау және мазмұнның трансформациясы, мәнді сипаттарды анықтау, анықтамаға сұрақтар қою, мәтінмен жұмыс істеу арқылы жасау, рөлдік ойын;

Бекіту (орнықтыру): логикалық есептерді шешу, «кателері» бар мәтінді жөндеу, тестілеу, еске сақтауға арналған тренинг, ойын нысандары («Умники и умницы» «Сайлау», «Саяси дебаттар»);

Бақылау (білу және түсіну): диктант, тест, есептерді шешу, түсініктерді қолдану білімін тексеруге бағытталған есептер, бақылау: ағымдық, межелік, қорытынды.

ДӘРІС КОНСПЕКТЛЕРІ

1 дәріс. «Саяси мәдениет және идеология» пәнінің теориялық-әдістемелік негіздері

Дәрістің мақсаты: саяси мәдениеттің пәні мен мәнін анықтау, гуманитарлық ғылымдар жүйесіндегі саяси мәдениет пен идеологияның орнын айқындау, мәдениеттің концепциялары, парадигмалары және негізгі мектептерімен танысу.

Дәрістің жоспары: .

1. Саяси мәдениет пен идеология зерттеу объектісі ретінде
2. Саяси мәдениет пен идеологияның өзара байланысының заңдылықтары мен сипаты
3. Саяси мәдениет пен идеологияны зерттеу әдіснамасы.
4. «Саяси мәдениет пен идеология» пәнінің басқа әлеуметтік – саяси пәндермен байланысы

Негізгі түсініктер: мәдениет, мәдениеттің түрлері, мәдениет философиясы, мәдениетті зерттеудегі концепциялар мен парадигмалар, саяси мәдениеттің пәні мен мәні, саяси мәдениетті зерттеудегі негізгі проблемалары.

Пайдаланылатын әдебиеттер:

1. Алмонд I. Гражданская культура и стабильность демократии // Полис, 1992, №4
2. Алексеева Т.А., Капустин Б.Г., Пантин И.К. Перспективы интегративной идеологии // полис, 1997, №3.
3. Андреев С. Политическое сознание и политическое поведение // Социально-политический журна, 1992, №8.
4. Баталов Э.Я. Политическая культура современного американского общества. М.1990.
5. Гаджиев К.С. Политическая культура: концептуальный аспект // Полис, 1991, №1.
6. Калмырзаев А. Национальная идея и национальная идеология // Мысль, 2001, №6.
7. Нерсеянец В.С. История политических и правовых учений. М. – Норма, 2002 г.
8. Градинар И.Б. Политическая культура: мировоззренческое измерение. СПб., 1996 г., 1,2
9. Гаджиев К.С. Политическая наука: Учебное пособие. М., 1995.
10. Пивоваров Ю.С. Политическая культура Методологический очерк. М., 1996.

Саяси мәдениет бұл қоғамның саяси өмірін сабақтастық негізінде көрсетуді қамтамасыз ететін және саяси процесс субъектілерінің тікелей

қызметінде байқалатын жүріс-тұрыс модельдері, максаттары мен біршама тұрақты құндылығы мен сезімді көрсете алатын тарихи қалыптасқан жүйе.

Саяси мәдениеттің шеңберінде кез келген тарихи қиын-қыстау кезенге қарамастан әр жеке халықтың саяси өмірінде мағыналы маңыз неге сақталатыны әр қоғамның әдеттегі процесінде анықталған.

Саяси мәдениеттің саяси объектіге қатынасы кейбір құндылықтар, максаттар, бағыттар, жүріс-тұрыс модельдері механикалық емес жиынтығы болып табылады.

Бұл ерекше тәсілмен қимыл амалы, алдымен жалпы алғанда мәдениет түсінігінің мәнін бейнелеп, сондай-ақ соның ішінде саяси мәдениетті қамтып көрсетеді.

Басқаша айтқанда, саяси мәдениет бұл қоғамдағы құндылықтарды тарату ғана емес, сонымен қатар бұл олардың әлеуметтік-саяси процестерге қалай әсер ететін және құндылықтардың кейбір құрастыру жүйесінде «сіңіп» кеткенін көрсетеді (құндылықтардың таралып және нығаю механизмдері әрекет еткендей).

Саяси мәдениеттің үш маңызды жақтары оның көрністі формаларын анықтайды: саяси ойлау мәдениетін, құқық мәдениетін, саяси қызметі мен басқару мәдениетін және т.б.

Саяси мәдениет бұл процесс қана емес, сонымен қатар нәтиже болғандықтан біз мынадай болмыс түрлерін «саяси басқару тәжірибесі», «саяси білім деңгейі», «өжетілген саяси мінез-құлық», «өткен саяси мәдениеттің мұрасы» және т.б. айта аламыз.

Саяси мәдениетті қарастыра отырып саяси өмірдің ұдайы өндіру тәсілі ретінде оның жүйелік құрылу қасиетін әлеуметтік субъектілер деңгейінің шкаласындағы құндылығы қалай болса, функционалды жоспарлауда да солай екенін айқындауымыз керек.

Дұрысын айтқанда саяси мәдениет: жүйелік өзгешелікті дәл ұлттық саяси мәдениет деңгейінде табады, ол кезегінде нақты ұлттың өздерінің тіршілік әрекетінің жағдайының тұтас үйрену механизмінің бір бөлігі болып табылады.

Ұлттық саяси мәдениеттің жүйелік құрастырушысы жалпы мәдени генотип болып табылады, сонымен қатар өз-өзімен ұйымдасқан этникалық бірліктердің тұрақты тәсілдерін қосады.

Бұл ерекше өзек, сонымен қатар «орталық аймақ», «ішкі бейнесі», «архетип» деп аталады немесе дәлірек айтқанда «дәстүр» әр жеке ұлттың саяси менталитетін анықтайды, тиісті мінез-құлықтың құнды легитимділігін көрсетеді.

Саяси дәстүр саяси өмірді ұғыну стереотиптерін, саяси мінез-құлық әдетінде, саяси институттардың функционалдык продуциаланған схемаларында көрінеді.

Саяси өмір әлеуметтік игілік үшін бәсекелесу тобын бір жағынан өзіне қосса, ал басқа жағынан – мемлекеттің бұл игілікті таратуы, сондықтан ұлттық саясаттың маңызды жағы таңдалған жақсырақ түрін анықтауы керек; әлеуметтік тенсіздік шеңберінің мүмкіндігі; саяси өкілдіктің әдет-тұрпы мен құқық жолдарының бекітілуі мен пайда болған дауларды шешуі; жоғарғы сарапшының

анықтау механизмі мен оның беделінің нығаюының ұнамды әдістері; негізгі саяси шешімдерді қабылдаудағы орта және төменгі топтардың ролі және т.б.

Саяси дәстүрдің үйрену механизмі ұлттық тұрмыстың ішкі ұқсастықпен жабдықталғандығын болжайтын мінез-құлықтың модельдерін анықтайды және күшейтеді.

Ұлттық саяси дәстүрдің түрі әрдайым өзгереді, себебі оның өмір сүруінде ішкі және сыртқы жағдайы өзгереді, «жаңа шақырулар» пайда болады.

Дәстүрдің әлдеқандай элементтері және компоненттері жаңа құндылықтар мен мінез-құлық стандарттарына жол береді, бірақ дәстүрдің манызы жоғалмайды, ол өзінің «ішкі» және «сыртқы» шекті аймақтарын, ал терен дағдарыста маңыздың ішкі құрылымын жаңалайды.

Бірақ соңғы жағдайда да ұқсастықтың маңызды негіздері сақталуы керек, ойтпесе мәдени жүйе бұзылады, бұл дұрысын айтқанда қоғамдық өмірдің барлық жағын қирауға апарып соқтырады.

Сондықтан саяси мәдениет өзінің жүйелігі ретінде (матрица) болып табылады, яғни қоғамның саяси бірлігін қамтамасыз ететін негізгі құндылықтар мен нормалардың қалыптасқан жиынтығы.

Саяси мәдениеттің институттандырылған деңгейіндегі көзқарас бойынша мынадай саяси практиканың ұжымдық формаларын атап көрсетуге болады: мемлекеттік құрылысқа бекітілген саяси жүйені басқару тәсілдері; саяси шешімдерді қабылдау әдістері; оларды өмірде жүзеге асыру түрлері; әлеуметтік-саяси дауларды шешу әдістері; электоралды процесс түрлері; партия аралық қатынастардың түрлері; корпоративті қызығушылықты қолдау тәсілдері және т.б.

Институционаралық әрекеттестік түрлерінің саяси – мәдени маңызы бар, ол сол немесе басқа институттың ең маңызды саяси шешім қабылдау кезінде мінсіз-құқық иерархиясында көрінеді, сонымен қатар берілген иерархияның құндылық легитимділігі.

Негізгі ғылыми мектептердің қалыптасуы және саяси мәдениетті зерттеу тәсілдері белгілі бір шамамен тікелей саяси ғылымды институционалдау процесімен үйлеседі.

Саяси мәдениетті зерттеу методологиясының дамуының кезеңге бөлінуі, өзінің жалпы түрінде келесі амалдармен көрсетіледі. Олар:

1. Классикалық кезең (19 ғ. дейін). Ол негізінен логико-философиялық, этникалық және аксиологиялық тәсілдермен көрсетілген. Дегенмен бұл кезеңде саяси мәдениет категориясы әлі дербес ұғым ретінде зерттелмеген, оның жеке элементтері ғана зерттеушілердің назарын өзіне аударған. Мысалы, саяси сана, саяси мінез-құлық, саяси мифтер, стереотиптер және т.б.

2. Институционалды кезең (19-20 ғ. басы). Бірінші жоспарға нормативті-институционалды және тарихи тенеу әдістері кіреді. Дәл осы кезеңге қоғам мен әр жеке адамның саяси ақиқатты субъективті қабылдауының өзгешеліктерін жүйелеп және жинақтап көрсететін «Саяси мәдениет» ғылыми категориясы пайда болды.

Бихевиористік кезең (XX ғасырдың 20-70 жылдары). Бұл тұтас саяси ғылымның дамуының жаңа кезеңі болып табылады, сонымен қатар саяси

мәдениет құбылысының ғылыми талдауы (анализі). Бихевиористердің үстем пікірлері индивидтердің әлеуметтік мінез-құлқының бір түрі ретіндегі саясат туралы түсінігі болып табылады. Бихевиористердің түсінігі бойынша саяси мәдениет қоғамдық құбылыс, ол ең алдымен билікке қатысуы, жеке өлшем және айқын мақсаттары мен себептері болып табылады.

3. Постбихевиористік кезең (XX ғасырдың соңында басталды). Саяси құбылыстарды зерттеудегі жаңа әдістердің пайда болуымен белгілі, оның ішінде құрылымды-функционалдық және жүйелік талдау маңызды орын алады.

4. Бұл кезеннің өзіне тән ерекше өзгешелігі әлеуметтік мәселелерді нәтижелі іске асыру үшін ғылыми талдаулардың қорытындыларын пайдалануға мүмкіндік береді.

5. Саяси мәдениет адамзаттың жалпы мәдениетінің негізгі құрамы, соның ішінде рухани ортаның элементтері олар жалпы мәнді саяси білім түрлері мен деңгейлері, азаматтардың әрекеттері мен бағалары алдыңғы буынның саяси тәжірибесінің себепшісі, оларды саяси өмірдің күнделікті барысында ұдайы жетілдірумен тікелей байланысты.

6. Сондықтан қоғамның саяси мәдениетінің деңгейінің негізінде, оның саяси жетілудеңгейі туралы пікір айтуға әбден болады.

2– дәріс. Саясат және мәдениет, олардың бірлік негіздері

Дәрістің мақсаты: қоғамдағы саяси мәдениеттің дамуы мен қалыптасуының жағдайлары, «саясат» және «мәдениет» түсінігінің мазмұнын талдау.

Дәрістің жоспары:

1. Саясат саяси мәдениеттің негізгі ұғымдарының бірі ретінде. Саясаттың әлеуметтанулық, субстанционалдық және ғылыми конструкцияланған түсініктемелері.
2. Мәдениет жүйе ретінде және оның қызметінің негізгі заңдылықтары.
3. Мәдениетті талдаудың тарихи-философиялық дәстүрлері.
4. Саяси мәдениет-адамзат өркениеті мәдениетінің бір түрі және құрамдас бөлігі.

Негізгі түсініктер: саясат, мәдениет, саяси мәдениет, саяси мәдениеттің қалыптасуына әсер ететін факторлар.

Пайдаланылатын әдебиеттер:

1. Алмонд Г. Гражданская культура и стабильность демократии // Полис, 1992, № 4.
2. Алексеев Т.А., Капустин Б.Г., Пантин И.К. Перспективы интегративной идеологии // Полис, 1997. №3.
3. Андреев С. Политическое сознание и политическое поведение // Социально-политический журнал, 1992, №8.

- 4 Баталов Э.Я. политическая культура современного американского общества. М., 1990.
5. Вебер М. Избранные произведения. М., 1990.
6. Гаджиев К.С. Политическая культура: концептуальный аспект // Полис. 1991, №1.
7. Калмырзаев А. Национальная идея и национальная идеология // Мысль, 2001, №6
8. Политология. Учебник для вузов / под ред.М.А. Василина. М., 1999 гл.12.
9. Пивоваров Ю.С. Политическая культура. Методологический очерк. М., 1996.

Өркениеттің дамуында, сонымен қатар демократиялық қоғамның қалыптасуында мәдениет (латынша «өңдеу», «тәрбиелеу») маңызды рөл атқарады – адам мен адамзаттың қоғамда өзін-өзі ұдайы өндіру тәсілі, қоғамның дамуындағы тарихи белгілі деңгейін адамның қабілеттілігі мен шығармашылық (творчестволық) күші, адамдардың қызметі мен өмірінің ұйымдасу түрлері мен үлгілері, сонымен қатар олардың жасаған материалдық және рухани құндылықтары көрсетілген.

Мәдениет екіге бөлінеді: материалдық және рухани. Әдетте материалдық мәдениет деп материалдық қызмет саласы мен оның нәтижелері түсіндіріледі (енбек құралдары, пәтер-үй, киім, көлік құралдары, байланыс және т.б.) «Рухани мәдениет» түсінігі сана-сезім саласын, рухани өндірісті (таным, өнегелілік, тәрбие, құқық, ғылым, әдебиет, өнер, дін, идеология және т.б.) белгілеуге пайдаланады.

Мәдениет ешқашан қоғам өмірінің әлдеқандай бір саласына оңашаланған емес, бірақ қоғам өмірінің интегралдық аспектісі болып табылады. Мәдениеттің құрылысы, оның дифференциалдық және әлеуметтік құрылымы шығармашылық (творчестволық) компоненті бар, тарихи айқын жіктелген адамның қызметіне сәйкес.

Қоғам өзін мәдениетте көрсетеді және жете түсінеді. Рухани мәдениеттің дамуы мен жағдайы мәдени құндылықтардың сапасынан қоғамның ой әлеуметіне өзінің шешу деңгейіне байланысты.

Саяси мәдениет бүтіндей мәдениеттің ажыратылмайтын бөлігі ретінде көрінеді. Саяси мәдениет түсінігінде саясаттың бірлігі мен оны қоғамдық ұғыну табиғи (органически) көрсетіледі.

Саяси мәдениет – бұл осы қоғам үшін әдеттегі жиынтық немесе саяси мінез-құлықпен мақсаттары, құндылық бағыттары, саяси түсінігінің үлгісі қалыптасқан әлеуметтік топ.

Бұл саяси дәстүрді, саяси сананы, саяси мінез-құлықты қосқандағы құнды-нормативті жүйе. Саяси мәдениетті мінез-құлық пен саяси ананың стереотиптерінің жиынтығы ретінде қысқаша анықтауға болады.

Саяси мәдениет негізінен екі факторға сүйенеді: саяси институттар мен процестер және жалпы мәдениеттің мәні қоғамның саяси өміріндегі субъектілердің мәні қоғамның саяси өміріндегі субъектілердің іс-қимылы мен мақсаттары, бағыттары, жеке позициялары, саяси білімдерінің жиынтығы болып

табылады. Біздің дәуірде саяси мәдениет – бұл саяси саналылықтың, саяси білімнің, қазіргі өркениеттің байлығын игеру нәтижесі.

Ол қоғамның рухани өмірінің маңызды құрамы болып табылады, саяси мінез-құлық пен саяси санада көрініс табады. Мінез-құлық – бұл мәдениеттің өмір сүру тәсілі.

Саяси мәдениетті ұғыну тек қана құндылық-нормативті жүйе ретінде, саяси мәдениеттің институционалды және қызмет ету компоненттерін алып тастау шын мәнісінде оны саяси санамен теңестіруге әкеледі.

Белгілі бір қоғамдағы басым болған саяси мәдениеттің бейнесі екі қос құндылықтардың әрекеттестігінің үйлесімділігімен айтарлықтай дәрежеде байланысты: біріншіден, тәртіп (бағыт көрсететін субъектінің әлеуметтік жүйенің тұрақтылығын қолдауы) және даму (оның әлеуметтік өзгеруді қамтамасыз етуге күш салуын бағыттау), екіншіден, теңдік (қашан қоғам әр индивидке бірдей жағдай жасауға қабілетті немесе басқа түрі – өмір сүруге мүмкіншілік беру) және бостандық (қашан индивидтің қызметінен кедергіні алғанда саясаттың негізгі қызметіне тағайындау есептеледі). Бұл құндылықтар арасында қоғам мүшелерінің жоғары бағалауын біркелкі тарату саяси мәдениет үшін үйлесімді қызмет.

Саяси мәдениетті білімді, тәжірибені нығайту мен жинақтайтын және оларды мінез-құлық пен практикалық қызметте саналы іске асырылуын көрсететін бірінғай процесс. Зиялылық өз негізінде адам қызметі мен мінез-құлық, тұрмыс тіршілігі бағытында көрінетін мәдениеттіліктің, әдептіліктің және білімділіктің тұтастығын көрсетеді. Сонымен қатар саяси мәдениетті тек білім немесе ойлау деңгейімен теңестіруге болмайды.

Саяси мәдениет қоғамдық сананың фоновендері мен элементтерін өзіне қосады және кең жоспарда – сол немесе басқа елдердің рухани мәдениетінің қоғамдық-саяси институттары мен байланысы, соның ішінде халықтың қалың бұқарасының мінез-құлқына, тұтас саяси процеске бағыт пен маңыздылық береді, мемлекеттік және саяси институттардың дамуы мен қызмет етуіне, қалыптасуына, формаларына едәуір әсер етеді.

Саяси мәдениетті анықтау мен айқындауда оның саяси жүйемен және басқа да саяси компоненттерімен байланысы туралы орынды сұрақ туады. Бұрын 1968 ж Л.Пай саяси құрылым мен саяси мәдениет арасындағы өзара байланысты анықтау үшін әрекет жасаған. Ол сондай-ақ: «Егер саяси мәдениеттің концепциясын нәтижелі пайдалану қажет болса, онда оны құрылым анализінен толықтыру керек, бірақ қиыншылық сонда, саяси құрылымды бір жағынан саяси мәдениеттің қайтару нәтижесі ретінде, ал басқа жағынан олар саяси мәдениетті қалыптасатын «мәліметтерден» тұратындығын қарастыруда болып табылады» деп жазды.

Бұл сұраққа бірдей жауап іздегенде саяси институттар сол немесе басқа халықтардың мәдениетінің шығармасы болғандықтан өз кезегінде мәдениеттің көрінуі мен мазмұнына едәуір әсер еткендігіне сүйену қажет.

Мысалы, саяси мінез-құлықпен саяси мәдениет арасында өзара тығыз байланыс бар, бірақ саяси жүйе мен саяси мәдениет дербес саяси кіші жүйені

құрайды, олар бір-біріне өзара ықпал жасайды, бір-бірімен өзара қимылдасады және бірінсіз-бірі өмір сүре алмайды.

Қоғамның саяси өмірі, адамдардың саясатқа қатысуы, билік пен басқару проблемалары, сонымен қатар шекара зоналарын қозғайтынның бәрі: құқық пен саясаттың өзара қимылы, саясат пен экономика, саясат және өнегелік саяси мәдениеттің өрісі болып табылады. Бұл саяси мәдениетті кез келген қоғамның саяси жүйесінің маңызды элементі ретінде, саяси жүйенің қызмет ету процесіндегі саяси қатынастардың сипаттамасы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Кез келген саяси жүйенің тұрақтылығы мен өмірге бейімділігі саяси мәдениеттің құндылығына оның сәйкестігі мен ара қатынасының дәрежесіне байланысты. Қоғамның барлық мүшелерінің «позитивті» құндылықтарды бөлу мөлшері оның тұрақтылығы мен өмірге бейімділігі оның жеке компоненттерінің арасындағы консенсусының дәрежесін анықтайды.

Саяси мәдениеттің өмірге бейімділігі мен нығаюы, қалыптасуы мен оның негізгі элементтерін қабылдауы бірден бір маңызды фактор, саяси тәртіптің әрқайсысы осы кезеңдегі әрекет етуі мен бар жүйенің легитимділік идеяларды халықтың қабылдауы болып табылады.

Саяси мәдениеттің өмірге бейімділігі мен нығаюы, қалыптасуы саяси тәртіптің әрқайсысының осы кездегі әрекет етуі мен бар жүйенің легитимділігі бірден бір маңызды факторы болып табылады. Легитимитация немесе легитимділікті қамтамсыз ету – бұл дәлелдеудің түрі кіші жүйенің мағынасы мен дәрежесін және жекелеген институционалдык процестерді интегралдауға әкеледі, сонымен қатар барлық әлеуметтік тәртіпке мән береді. Бұл когнитивті де нормативті де өлшем. Легитимитация – саяси жүйенің маңызын дәлелдеу мен рационализациялауды, хабарлауды, түсіндіруді қамтамсыз етеді, оның негізі болатын нормаларын, қоғам халқының көпшілігінің құндылығы мен ережелерін қабылдайды.

3 – дәріс. Саяси мәдениет: мазмұны және мәндік сипаттамалары

Дәрістің мақсаты: саяси мәдениеттің негізгі құрылымдарының сипаттамасы, оның қалыптасуы мен даму жағдайлары, саяси мәдениеттің мазмұнын, құрылымын, қызметін талдау.

Дәрістің жоспары:

1. «Саяси мәдениет» ұғымы
2. Саяси мәдениеттің қызметтері
3. Саяси мәдениеттің құрылымы
4. Саяси мәдениеттің негізін құраушылары.

Негізгі түсініктер: саяси мәдениет, саяси мәдениеттің құрылымы, саяси мәдениеттің қызметтері, саяси мәдениеттің қалыптасуына әсер ететін факторлар.

Пайдаланылатын әдебиеттер:

1. Алмонд Г. Гражданская культура и стабильность демократии // Полис, 1992, № 4.
2. Алексеев Т.А., Капустин Б.Г., пантин И.К. Перспективы интегративной идеологии // Полис, 1997. №3.
3. Андреев С. Политическое сознание и политическое поведение // Социально-политический журнал, 1992. №8.
4. Баталов Э.Я. политическая культура современного американского общества. М., 1990.
5. Вебер М. Избранные произведения. М., 1990.
6. Гаджиев К.С. Политическая культура: концептуальный аспект // Полис, 1991, №1.
7. Калмырзаев А. Национальная идея и национальная идеология // Мысль, 2001, №6
8. Политология. Учебник для вузов / под ред.М.А. Василина М., 1999 гл.12.
9. Общая и прикладная политология (под ред. Краснова В.П.) М., 1999
10. Политическая культура: теория и национальные модели. М., 1994.

Саяси мәдениеттің мазмұнын анықтаудағы маңызды мағынасы оның құрылымы туралы анық түсінігі болуы керек. Саяси мәдениеттің элементтері саяси түсінік, саяси бағыт, саяси құндылық, саяси мақсат – субъектінің саяси құбылыстарға қатысы, саяси мінез-құлық, саяси дәстүр – саяси сана мен халықтың мінез-құлық үлгілерін беру түрлері, мифтер және стереотиптер, саяси мінез-құлық модельдері, саяси символдар болып табылады.

Саяси мәдениеттің ерекше белгілері:

1. Саяси шығармашылық ұжымның нәтижесі, қоғамның табиғи-тарихи дамуының нәтижесі болып табылады;
2. Саяси тәжірбиенің тұрақты жақтарын бекітеді, саяси процестің элементтерінің арасындағы қайталанатын орнықты байланыстарды белгілейді;
3. Саяси өмірді нақты жағынан көрсетіп, толық қамти алатын ерекшелігі бар;
4. Саяси сананың (сфераның) толықтығы мен интеграциялануын қамтамасыз етеді;
5. Қоғамның толық тіршілік әрекетін саяси әдіспен үйлестіреді, тұлға мен мемлекет, топтар, әр түрлі әлеуметтік топтардың мүдделерін байланыстырады;
6. Азаматтар мен биліктің өзара қатынас ережелерін, жүріс-тұрысының белгілі үлгілерін ұсынады;
7. Халықтың негізгі көпшілігінің саяси мінез-құлқы мен саяси санасын бейнелейді.

Саяси мәдениет қоғамның саяси өміріндегі адамның өз орнын табуына, саяси жетекшінің бағалануына, саясаттың ішкі және халықаралық құбылыстарына, олардың тәрбиесіне, әр түрлі ұйымдардың қызметі мен адамдардың мінез-құлқына әсер етеді;

Саяси мәдениеттің қызметі оның қоғамдағы орнын көрсетеді:

Тенестіру (ұқсастыру) идентификация қызметі – адамның топтық құрамында болу қажеттілігін жүзеге асырады;

Бағытта болу қызметі – саяси оқиғалардың пайда болу мәнін түсінуге көмектеседі;

Үйрету және әлеуметтендіру (социализация) қызметі – саяси мінез-құлық дағдысына араласуға мүмкіндік тудырады;

Интеграция қызметі – әр түрлі әлеуметтік топтарды белгілі бір құндылықтар өнерегінде біріктіруді білдіреді;

Коммуникация қызметі – мифтердің, стереотиптердің, символдардың негізінде саясаттың субъектілері мен объектілері бірлесіп әрекет етуін көрсетеді.

Жалпы алғанда саясаттануда қолданылатын тәсілдер, амалдар мен әдістер саяси мәдениет және идеологияны зерттеуде кенінен қолданылады. Негізгі концептуалды әдіснамалық тәсілдер екеу – бихевиоризм және интерпретатизм (интерпретация түсінігі).

Бихевиоризм саяси мәдениетті зерттеудегі сандық әдістерді пайдалануға және институттарды талдаудан (анализдеуден) формальды емес саяси мінез-құлықты талдауға (анализіне) дейін зерттеу пәнін кеңейтуді ұйғарды.

Саяси мәдениетті зерттеудегі интерпретативтік тәсілдердің ерекше белгісі саяси өмірдің «мағынасын» іздеу мен талдаудан (анализдеуден) құрылады. Сөйтіп, саяси мәдениет саясаттың мағыналық аспектісі ретінде көрінеді. Сонымен зерттеу әдістері әр түрлі болуы мүмкін: кенінен бейнелену және ұлттық тарихты талдап қорытудан көпшілік мәдениетінің бейнесін талдауға (анализдеуге) дейін.

Саяси мәдениетті зерттеуде қазіргі қолданылатын негізгі әдістер қатарында мыналарды атап көрсетуге болады:

Институционалданған тәсіл саяси институттарды зерттеуге бағытталған: мемлекет оның органдары, үкімет бағдарламалары және басқа қоғамдық ұйымдар мен саяси партияларды, саяси қызметтерді басқаша тәсілдермен реттеу.

Жоппаративті тәсіл саяси мәдениеттің әр түрлі түрлерін сонымен қатар олардың элементтерін салыстырмалы талдауға бағытталған: саяси бағыттау, саяси стереотиптер және мифтер, саяси мінез-құлықтың үлгілері мен модельдері және т.б.

Тарихи тәсіл саяси мәдениеттің даму процесін зерттеуге негізделген.

Социологиялық тәсіл саяси мәдениеттің бүтіндей қоғам дамуынан, оның әлеуметтік құрылымынан, экономикалық қатынастар жүйесінен, идеологиядан, дәстүрден және қоғамның менталитетпен тәуелсіздігін анықтауға бағытталған.

Нормативті-құндылықты тәсіл қоғамға саяси саяси мәдениеттің сол немесе басқа элементтерін маңызды, олардың қоғамның әл-ахуалын көтерудегі рөлін, бостандық пен әділеттіліктің іске асуын айқындауды қарастырады.

Жүйелік тәсіл – саяси мәдениет өзінің ұйымдасуында сыртқы ортамен және өзімен-өзі байланыста және қарым-қатынаста болатын элементтердің жиынтығынан тұратын біртұтас өзін-өзі реттеуші жүйе ретінде қарастырылады.

Құрылымдық-функционалдық талдау саяси мәдениетті элементтердің өзара байланыста болатын, олардың әрқайсысы өзінің функциясын орындайтын біртұтас жүйе ретінде қарастыруға негізделген.

Бихевиористік тәсіл саяси мәдениетті қарастыруда индивид пен әлеуметтік топтардың саяси мінез-құлқын талдау призмасы арқылы дәлелдеуге негізделеді.

Антропологиялық тәсіл саяси мәдениетті адамның табиғатына сүйенсе отырып түсіндіреді.

Коммуникативті әдіс ақпараттық ағымдар ретінде саяси әрекеттестікті олардың ішіндегі негізгісі саяси шешім мен оның саясат агенттеріне әсерлігін (реакциясын) қарастыра отырып саяси мәдениеттің кибернетикалық моделін жаңартуға болады.

Сонымен қатар саясаттануда талдаудың эмперикалық әдісі кенінен қолданылады: анкета жүргізу, бақылау жасау, экспертті бағалау әдісі, саяси модельдеу әдісі, статистикалық материалдарды (мәлімет беру, ақпараттар жинау) талдау және т.б.

Саяси мәдениеттің қазіргі концепциялары ғылыми мектептер мен тәсілдердің қалыптасу жолдарында құрылған, олардың қатарында мыналарды айтуға болады:

Психологиялық тәсіл (Г.Алмондтың мектебі) саяси мәдениет процестер мен әлеуметтік-саяси объектілерге психологиялық бағыттардың жиынтығы ретінде қарастырылады.

Комплексті (кешенді) талдап қорыту тәсілі (Д.Мервик, Р.Такер, Л.Диттмер): саясатта болып жатқанның барлығы саяси мәдениетке тән. Ол саяси жүйемен теңестіріледі, немесе саяси қатынастарға жатады, ал ең соңында өзіне тән мазмұды болмайды.

Объективистік (нормативтік) парадигма (Л.Пай, Д.Пол) саяси мәдениет саяси мінез-құлық үлгілері мен қабылданған саяси жүйе нормаларының (ережелерінің) жиынтығы ретінде анықталады.

Эвристикалық концепция (С.Хантингтон): саяси мәдениет қажетті мінез-құлықтың жорамалданған нормативті моделі ретінде түсіндіріледі.

Бұл тәсілдің әрқайсысы да назарда тұрарлық, солай болғандықтан саяси мәдениеттің құндылығы институционалдық жақтары мен қызметтерінің арасындағы салыстырмалы теңдікке жетуге мүмкіндік береді және саяси мәдениеттің мәнінің түсінігін толықтырады.

Бұл балансты бұзу саяси мәдениеттің дамуындағы консервативті үрдістің басымдылығына немесе саяси құндылықтың бар болуын теріске шығаратын жалған кардиналдық (псевдокардиналдық) белсенділікке жағдай жасауға әкеледі.

4 – дәріс. Саяси мәдениеттің экономикалық, саяси және әлеуметтік-мәдени детерминанттары – шешуші факторлары

Дәрістің мақсаты: саяси мәдениеттің негізгі экономикалық, саяси және әлеуметтік - мәдени детерминанттарын қарастыру, олардың саяси мәдениеттің мазмұнына, әсері.

Дәрістің жоспары:

1. Саяси мәдениеттің қалыптасуындағы экономикалық факторлардың рөлі.
2. Саяси мәдениеттің қалыптасуына саяси факторлардың әсері.

3. Саяси мәдениеттің әлеуметтік-мәдени детерминанттары.
4. Батыстық типті саяси мәдениеттің мұраттары, олардың христиандық діни құндылықтарының мазмұнына, әсері.

Негізгі түсініктер: интегралданған және фрагменттелген мәдениет, мәдени және діни құндылықтардың өзара байланысы, саяси мәдениеттің қалыптасуының экономикалық факторлары.

Пайдаланылатын әдебиеттер:

1. Алмонд Г. Гражданская культура и стабильность демократии // Полис, 1992, № 4.
2. Алексеева Т.А., Капустин Б.Г., пантин И.К. Перспективы интегративной идеологии // Полис, 1997. №3.
3. Андреев С. Политическое сознание и политическое поведение // Социально-политический журнал, 1992, №8.
4. Баталов Э.Я. политическая культура современного американского общества. М., 1990.
5. Гаджиев К.С. Политическая культура: концептуальный аспект // Полис, 1991, №1.
6. Калмырзаев А. Национальная идея и национальная идеология // Мысль, 2001, №6
7. Гаджиев К.С. Политическая наука: Учебное пособие. М.,1995
8. Градинар И.Б. Политическая культура: Мировоззренческое измерение. СПб., 1996, ч 1,2
9. Гаджиев К.С. Введение в политологию, М., 1997.

Кез келген қоғамның саяси мәдениеті әр түрлі жағдайлар мен факторлардың жиынтығымен анықталады, олардың ең маңыздысы экономикалық, саяси және әлеуметтік-мәдени факторлар. Саяси мәдениеттің дифференциясы әлеуметтік-таптық, ұлттық, діни және әлеуметтік бірліктер мен жеке адамдар арасындағы басқа да айырмашылықтарға негізделуі мүмкін.

Аймақтық субмәдениеттер елдің жеке аймақтарының арасындағы климаттық белгілі қордың бар болуы ретіндегі айырмашылықты тудырады, адамдардың тұрмысына, мәдениеттің жалпы деңгейіне де ықпал жасайды. Саяси мәдениетке мына факторлар, осы аймақтың экономикалық бағыты оның еңбекті бөлудің жалпы жүйесіндегі орны едәуір ықпал жасайды. Сонымен аграрлы аймақтар, әдетте саяси қатынаста өнеркәсіпке қарағанда консервативті. Олар саяси белсенділікті төменірек деңгейде көрсетеді, яғни сайлауға қатысумен шектеледі. Бірақ, олардың сайлауға қатысу дәрежесі басқа аймақтарға қарағанда әлдеқайда жоғары. Кейбір өнеркәсіптік аймақтарда халық жоғары белсенді қатысу түрлерін демонстрация, ереуіл және тағы басқаларды, ал кейбір жағдайда әлеуметтік тиімсіз түрлерін артық көреді. Орталық аймақтарда саяси мәдениеттің даму деңгейі шет аймақтарға қарағанда саяси саналылықпен белсенділік дәрежелерімен ерекшеленеді. Аймақтар, олардағы қорлар (ресурстар) есебінен экономикалық және әлеуметтік молшылықты белгілі деңгейде қамтамасыз етуге

мүмкіндіктері бар, олар саяси дербестікке ұмтылумен, бар тәртіпке (режимге) қатысты ниеті түзулікпен, қарама-қайшы емес саяси мәдениетпен сипатталады.

Әлеуметтік-экономикалық субмәдениет әртүрлі экономикалық мәртебесі бар қоғамда әртүрлі топтардың бар болуын қамтамасыз етеді, сонымен қатар ерекше маңызды рөлде тұрмыстағы әртүрлілікті, мүдделерді атқарады. Сонымен, кәсіптік иелік топтық ең өзекті саяси құндылығы, экономикалық еркіндік, тұрақтылық, мемлекетті азаматтық қоғам тұрғысынан бақылау, шешім қабылдауға қатысуы болып табылады. Яғни, кәсіп иесінің тікелей саяси белсенділік жағдайын тудырады. Бұл субмәдениеттің өкілдері билікке әсер етуге әртүрлі әдіс-амалдарды қолданады, әсер ететін белсенді формаларына жоғары баға береді, олар бұқаралық ақпарат құралдары өкімет құрылымдарын, билікке қатысуға ұмтылған саяси партияларды құрады.

Этнолингвистикалық субмәдениет тиісті әлеуметтік топтардың тілдік, этникалық ерекшеліктерімен байланысты. Саяси мәдениетке бұл топтардың этникалық сана-сезімі және ұлттық ерекшеліктері сияқты факторлары айқын әсер етеді. Этникалық факторларға қарағанда саяси құндылық, жоғары бағалау және мақсаттар, қағида бойынша екінші орында.

Діни субмәдениеттің пайда болуы сонда, қашан дін адамдардың белгілі бір тобының жалпы мәдениетінің негізгі түсіну элементі болып табылғанда пайда болады.

Субмәдениеттің жас шамасы (үлкен, кіші, жастар) әр түрлі ұрпақ өкілдерінің саяси құндылықтың әр алуан жүйесін бейнелейді. Осы субмәдениет саяси реформаланған қоғамда өмір сүреді. Аға буынның саяси мәдениеті саяси нақтылықтың көнеру жағдайында қалыптасқан, олардың көзқарастары жастардың саяси мақсаттар жүйесінен өзгеше. Бірақ, жас өзгешелігі тұрақты жүйедегі адамдардың саяси мәдениетіне біршама азырақ әсер ететіндігін көрсетеді.

Саяси мәдениеттің ерекшелігі қоғамдық топтардың экономикалық және әлеуметтік құрылымдарының жағдайларының өзгешелігінде, білімділік, жас ерекшелік және тағы басқа да белгілеріне байланысты. Мысалы, кейбір ерекшеліктер әйелдердің субмәдениетіне тән. Сонымен қатар әдебиеттерде байқалғандай Батыс елдерде бұл субмәдениетті сипаттайтын консервативті бағыттар ұйым мен партиясын қолдауға бағытталған осындай көп таралған құбылыс, сондай-ақ қоғамдық қозғалысқа қатыстырылған еректермен салыстырғанда әйелдердің әлеуметтік түйісуінің біржақтылығының аздығы айқын дәрежеде ескертіледі.

Жастар субмәдениеті біраз ерекшелікпен ерекшеленеді. Жастарға ерекше әлеуметтік топ ретінде эмоционалды тұрақсыздық, максимализм, көтеріңкі қозғыштық пен жете түсініксіз психологиялық реакцияларға шалдыққыштық, өзін-өзі бағалау мен бақылау функция жүйесінің аяқталмағандығы тән. Кімнің мінез-құлқы немесе партиялық-саяси ұқсастығы төтенше ширақтықпен болжай алмайтын қабілеті болса, сондай психологиялық ерекшеліктер оны ең «қиын» саяси субъектіге айналдырады. Жастар жеңіл сендіру ықпалына түседі, саяси саудагерлік пен манипуляциялықтың құрбаны болады. Жастар субмәдениетіне нонконформизм, радикализм, күштің, діннің басымшылық болуы, өмірдің

сапасы мен қатысу мүмкіндігі ретінде құндылықтардың басым болуы тән қасиет. Аға буынға ең үлкен құндылық тұрақтылық, дәстүр, тәжірибе, материалдық молшылық пен ауқаттылық болып табылады.

Әр түрлі субмәдениеттер нақтылы елдер мен мемлекеттерде ең үлкен саяси ықпалға ие болу мүмкіндігі бар. (Мысалы, Әзірбайжандағы этникалық немесе Солтүстік Ирландия мен Ливандағы діни субмәдениеттер).

Г.Алмонд қоғамдағы бар субмәдениеттерді жүйелегенде (топтастырғанда) оларды тік және көлденең деп екіге бөлді.

Тік субмәдениет әлеуметтік және демографиялық ерекшеліктерімен ерекшеленді. Бұл элитарлы және көпшілік субмәдениеттерінің арасындағы ерекшелік.

Көлденең субмәдениет бұл діни, этникалық, аймақтық белгілерге негізделген субмәдениеттер.

Сонымен қатар Д.Элейзардың ұсынған саяси субмәдениетті топтастыруы. Ол субмәдениетті жеке саналы және дәстүрлі деп бөледі.

Жеке саяси субмәдениет жеке құндылыққа, жеке адамдардың саяси жоғары бағалау иерерхиясына бағытталған.

Саналы саяси субмәдениет демократияның негізгі ретінде қоғамның барлық мүшелерінің ынтымақтасуын, бірлесуін қарастырады. Саясаттың мақсаты барлығы халықтың игілігі, барлығы қоғамның игілігі деп жарияланғанда, ол үшін үкіметтің жеке өміріне араласуына жол беріледі. Адамгершілік субмәдениет әр азаматтан саяси өмірге қатысуды талап етеді. Ал саясатшылардан адамгершілік ережелерін қатал қолдануды талап етеді. Адамгершілік субмәдениетте әкімшіліктің саяси бейтарап түріне жол беріледі, ол бюрократияға қатысы байсалды болып қалады.

Дәстүрлі (традиционалистическая) саяси субмәдениет қоғамның қалыптасқан құрылымының сақталуына бағытталған, элитаның билігі, оның мүшелері өздерінің басым құқықтарына мұрагер бола алады. Отбасылық байланыстарға және жергілікті бірлестіктердің ішіндегі қатынастарға дәстүрлі субмәдениет ерекше мағына береді де, ал партияларға болмашы рөл бөлінеді. Бюрократияға қатысы негативі.

Саяси субмәдениет – бұл жеке әлеуметтік жіктердің, топтардың, саяси түсініктердің, мақсаттардың, идеялардың, құндылықтардың саяси мәдениеті және олардың минез-құлқысы қоғамдағы үстемдіктерден біркатар өзгеше. Әрбір саяси субмәдениет өзін жалпы алғанда, бұл субмәдениетті өзгешелейтін ерекшелікті, үстемдік жасайтын саяси мәдениетті сипаттайды.

5 – дәріс. Саяси сана, оның тұлғаның саяси мәдениетімен байланысы

Дәрістің мақсаты: Саяси сананың мәнін ашу, оның саяси мәдениеттің құрылымындағы орны, саяси объектілер туралы саяси сананың қалыптасу ерекшеліктері.

Дәрістің жоспары:

1. Саяси сана саяси мәдениеттің компоненттері ретінде

2. Саяси сананың құрылымы және маңызды компоненттері, оларды ұйымдастыру деңгейлері
3. Қоғамдық пікір саясат факторы ретінде, айтылу түрі, саяси процеске әсері.
4. Бұқаралық саяси санаға манипуляция жасау.

Негізгі түсініктер: саяси сана, саяси психология, қоғамдық пікір, сананы манипуляциялау.

Пайдаланылатын әдебиеттер:

1. Андреев С. Политическое сознание и политическое поведение // Социально – политический журнал, 1992, № 8
2. Ваганова Г.А. Сравнительный анализ политической культуры российского и западного общества. Учебное пособие. М., 1994
3. Гаджиев К.С. Политическая культура: концептуальный аспект // Полис, 1991
4. Градинар И.Б. Политическая культура: мировоззренческое измерение. Спб., 1996. З. 1. 2.
5. Гаджиев К.С. Политическая наука: Учебное пособие. М., 1995

Саяси өмірдің субъективті жағы өзінің бейнесін саяси санадан табады. Қоғамның тіршілік әрекетінде саяси сананың рөлін асыра бағалау қиын. Өйткені ол тек саяси болмыстың енжар бейнесі ғана. Саяси сана тәжірбиесі қоғамдық саяси процестердің дамуын болжауға қабілетті [1]. Сондықтан ол қоғамның саяси мәдениетінің динамикасына, саяси өміріне едәуір әсер етуге қабілетті. Сонымен қатар саяси сананың деңгейінен саяси мінез-құлқына, яғни жеке адамдар қалай болса олардың қоғамдық-саяси бірлестіктері де солай, көбінесе саяси қызметтің ерекшелігіне байланысты. Саяси сана-әлеуметтік субъектілердің саясаттың өрісін ұғынуы. Саяси сана басқа ғылымдармен өзара байланыста яғни басқа да қоғамдық саналардың түрлері, экономикалық көзқарас, құқық теориялары мен нормалары, философиялық ілімдер, адамгершілік концепциялары, эстетикалық құндылықтар, көркемдік көзқарастармен әрекеттестікте. Саяси тәжірбиеге саяси сенім мен сезінудің мазмұнына себепші болған сананың жеке және топтық түрлерінің ерекше маңызы бар. Сонымен, жеке түрлеріне мыналар жатады: жеке тәжірбие, индивидуализацияланған сезім ерекшелігі, ортаның сыртқы әрекеттеріне әсерлі (эмоционалдық) реакциялардың ерекшелігі, өзін-өзі байқаудың сол немесе басқа да қабілеттілігі, жеке ерік пен есептің ерекшелігі. Бұл элементтер индивидтердің мінез-құлқының әртүрлі формаларына ерекшелік береді. Саясат үшін сезім мен сезінудің мәні маңызды, олар сананың топтық формаларын жанана түрде, яғни әлеуметтік топтардың түсініктері арқылы адам саяси қатынасқа нақтылы қосылады. Сонымен, топтық бірлестік өзінің саяси тіршілігінің сол немесе басқа уақытында саяси құбылысқа көпшілікке дағдылы реакцияны қалыптастырады. Саяси сана әртүрлі деңгейде көрінеді:

1. Мемлекеттік деңгей. Бұл деңгейде ресми саясаттың жасалуы мен негізделуі іске асырылады, басқару принциптері мен барлық тәртіптер жүйелі түрде қорғалады.

2. Теориялық деңгей. Саяси сананың теориялық деңгейі саяси ерекшеліктердің парадигмасының, идеялардың, теориялардың, концепциялардың жиынтығы болып табылады. Бұл деңгейде саяси мақсат пен міндет қалыптасады, оларға жету әдістері мен жолдары анықталады, саяси шешімді орындау жолы бақыланады және т.б.

3. Эмпирикалық деңгей. Эмпирикалық деңгей саяси процеске әртүрлі әлеуметтік топтардың қатысуы тікелей саяси практикаға байланысты. Эмпирикалық деңгей ақиқатты сезім, ренжу, әсерленушілік, түсінік түрінде көрсетеді. Кәдімгі немесе әдеттегі деңгей кейде эмпирикалықпен теңестіріледі, бірақ эмпирикалықтан айырмасы, бұл деңгей ашық көрсетілген әлеуметтік-психикалық ерекшеліктерге тән: көңіл-күй, сезім, сезіну. Кәдімгі тәжірибе субъектінің практикалық тәжірибесін сипаттап қоймай, ол күнделікті өмірдегі идеялармен көзқарастардың пайда болуымен тікелей байланысты.

Саяси сананың қызметтерін төмендегідей көрсетуге болады. 1) Реттеуші қызметі. Саяси сана ақиқатты қабылдау негізінде адамдардың әлеуметтік мінез-құлқын, сонымен қатар олардың сенімі мен түсініктерін, нормаларын, саяси идеяларын жасау жиынтығы негізінде реттейді. 2) Танымдық-ақпараттық (информациялық) қызметі. Қазіргі өмірдің механизмі, адамдарға әрдайым амалсыз таңдау жасатады, соның ішінде саяси да. Мұның бәрі оларды саясат әлемін тануға, саяси ақпарат алуға итермелейді. 3) Бағалау қызметі. Атап айтқанда ақиқатты саяси бағалау негізінде адамдар өздерінің саяси позицияларын, сенімдерін, көзқарастарын қалыптастырады. 4) Мобилизациялау (жұмылдыру) қызметі. Бұл функция арқылы саяси сана адамдардың мінез-құлқына саяси бағыт беруге, өздерінің әлеуметтік-саяси мүдделерін қорғау үшін қоғамдық өмірге қатысуына түрткі болады. 5) Коммуникативті қызмет. Бұл қызмет саясат субъектілері билік институттарын бірлесіп әрекет етуін қамтамасыз етеді. Саяси сананың түрлері (формалары) мамандандырылған және көпшілік саяси сана деп бөлінеді. Мамандандырылған сана-бұл қағида бойынша (әдеттегі) идеологиялық біркелкі сана. Бұл түрдің (форманың) ең негізгісі-жасау, әлеуметтік топтардың, қоғамдық топтардың қарапайым өкілдерінің санасына сіңіру мен дамыту. Көпшілік саяси сана қоғамның қажеттілігінің мазмұны мен деңгейін жанама түрде көрсетеді. Ол, сонымен қатар, саяси ақиқат туралы қоғамдағы білімнің сипатын көрсетеді.

Әлеуметтік-саяси қажеттілікке сүйенсе отырып саяси сананың мақсаты қалыптасады, ол мыналардан тұрады: 1) Қоғамдық саяси мәдениетінің жағдайында (фон) қоғамдық өзгеріс пен қайта құрудың тұтастығы мен принциптерін ұғыну. 2) Бір жағынан, саяси сана арасындағы, екінші жағынан, қоғамдық-саяси практика мен қоғамдық идеал арасындағы тығыз байланысты табу. Саяси сананың дамуы мен жұмыс істеуіне біртұтас көрініс беруі. 3) Өсіп келе жатқан жас ұрпақтың саяси мінез-құлқына және саяси жүйеге саяси сананың кешенді (комплексный) және жан-жақты әсер етуінің ерекшелігін көрсету. Саяси сана-объективті нақтылықтың қоршаған "жесімдінің" субъективті

бейнесі мен әлеует өмірінің маңызды бөлігі ретінде жұмыс істейтін рухани құбылыстардың ерекше жүйесі. Сондықтан саяси санаға әсер етудің әдістері мен тәсілдері ерекше назарға лайық. Бұл әсер етуде БАҚ-қа (СМИ) шешуші рөл беріледі. Көпшілік санаға үгіт-насихаттың әртүрлі әдістерінің әсер етуін талдай келе, мыналарды атап өтуге болады.

- ярық (жарлық) жапсыру-жеке адамға үлес беру немесе беделін түсіретін қорлаушы эпитет идеялары.
- қартан араластыру-анық болған фактіні бұрмалау. "отсыз түтін болмас" деп санайтын көпшілік психологиясына әдейі істелген ақпаратты ашық түрде араластыру.
- анонимді авторитет (бедел-абырой)-хабарланған ақпаратқа қажетті дұрыстық пен салмақтылықты беретін белгісіз беделге сүйену.
- жол үсті, сезімсіз, ерекше көңіл бөліп, дағдылы үнмен саяси оқиғаларды күнделікті әңгіме түрде түрінде баянлау. Бұл бір жағынан оқиғаны объективті баяндау иллюзиясын (киізін) сақтау, ал екінші жағынан болған оқиғаның мәнін девальвирлеу (девальвируем), маңызы аз оқиға ретінде осы оқиға туралы түсінік беруге мүмкіндік жасау.
- лингвистикалық депривация-БАҚ-тың қоғамдағы ойландыратын әртүрлі проблемаларды әдейі елемейі.
- эмоционалды (әсерлі) жаңғырық (резонанс)-ақылға емес сана-сезімге қарай негізделген тәсіл, көпшілік аудиториясына нақтылы көңіл-күй мен бірге насихаттық ақпаратты жасау [5].

Азаматтарды белгілі әрекетке, кейде олардың өздерінің мүддесіне қарамастан тіпті еріксіз көндіру көпшілік сананы манипуляциялаудың негізгі мақсаты.

6 – дәріс. Саяси мәдениеттің мінез-құлықтық аспектісі: үлгілері мен стереотиптері

Дәрістің мақсаты: Саяси мәдениеттің мінез-құлықтық аспектісін қарастыру, саяси мінез-құлықтың детерминация факторлары, саяси мәдениеттің құрылымындағы саяси мифтер мен стереотиптердің рөлі мен орны.

Дәрістің жоспары:

1. Саяси мінез-құлықты детерминдеу факторлары, оның аса маңызды белгілері
2. Саяси қатысудың теориялары
3. Саяси мінез-құлықтың түрлері, үлгілері, стереотиптері.
4. Саясаттағы қарсылық бағыты

Негізгі түсініктер: саяси мінез-құлық, абсентеизм, саяси стереотиптер мен мифтер, саяси қатысу.

Пайдаланылатын әдебиеттер:

1. Алмонд Г. Гражданская культура и стабильность демократии // Полис 1992, № 4
2. Алексеева Т.А., Капустин Б.Г., Пантин И.К., Перспективы интегративной идеологии // Полис, 1997, № 3
3. Андреев С. Политическое сознание и политическое поведение // Социально – политический журнал, 1992, № 8
4. Ваганова Г.А. Сравнительный анализ политической культуры российского и западного общества. Учебное пособие. М., 1994
5. Гаджиев К.С. Политическая культура: концептуальный аспект // Полис, 1991
6. Градинар И.Б. Политическая культура: мировоззренческое измерение. Спб., 1996. З.1.2.
7. Гаджиев К.С. Политическая наука: Учебное пособие. М., 1995
8. Шаймерденов Е.Д. Государственная символика Республики Казахстана

Саяси мәдениет-бұл саяси жүйенің қызметіне әлеуметтік субъектілердің (әлеуметтік бірлестіктер, топтар, жеке адамдар және т.б.) реакцияларының жиынтығы. Саяси мінез-құлық саяси қатысу мен абсентеизмге бөлінеді.

а) саяси қатысу. ә) Абсентизм-азаматтық міндеттерден бас тарту; сайлаушылардың сайлау кезінде дауыс беруден бас тарту. Бұқаралық саяси мінез құлықтың негізгі ерекшеліктері: Статикалық, селкостық (инерционность), көпшіліктің өзін өзі ұйымдастыру қасиеттері жоқ, олар өздерінің әрекеттерінің әдістерін тандауда енжар (пассивті) және селкос (инерционный).

- Стохастикалық, ықтималдық (вероятност). (көпшіліктің мінезқұлқында кездейсоқтық көп, адамдар арасындағы қатынас тәртіпке салынбаған)
- Ситуативтік (ситуативность), (көпшіліктің әрекетінің сипаты көбінесе орнымен, уақытымен, себебімен анықталады; ұзақ уақыттық, рационалды мүдде эмоционалды көрсеткіштермен көршілес болады)
- Анонимдік (көпшіліктің мүшелерін бір-бірінің жекелік салалары, жеке қасиеттері қызықтырмайды.)
- Жеке жауапкершілікті қабылдамау.

Саяси қатысу-бұл саяси жүйенің жұмыс істеуіне азаматтардың ықпал етуі, саяси шешімдерді жасау процесі мен саяси институттарды қалыптастыру. Өкілдікке делегат жіберудегі әрекеттің бір түрі (электоральды мінез-құлық) сайлау науқанындағы м партиялар мен үміткерлерді қолдаудағы белсенді әрекеттер; митингтерге қатынасуы, демонстрацияларға қатысу; партиялық қызмет және т.б. Саяси қатысудың қарсы ұғымы абсентеизм саяси өмірге қатысудан ауытқу (саяси өмірге қатынасу), саяси нормалар мен саясатқа қызығушылықты жойып алу, (саяси нормалар мен саясатпен қызықпау). Абсентеизмнің өсуі биліктің легитимділігінің жойылуының индикаторы болып табылады. Саяси қатысуды топтастырудың әр-түрлі нұсқалары (варианттары) бар. Ағылшын ғалымы А.Марш саяси жүйеге жер етудің түрлерін мына төмендегідей деп атап көрсетеді:

1. Ортодоксальдық- қатысу, саяси жүйенің қызмет етуі мен тұрақтылығын, сонымен қатар заңды түрде оған айтылған талаптарды да қамтамасыз етеді.

2. Ортодоксальдық емес- саяси жүйеге қарсы бағытталған немесе талап білдірумен байланысты бекітілмеген (несанкционированные) әрекеттер; (байкоттар, ереуілдер).

3. Саяси қылмыстар- легитимді емес (нелегитимный) зорлық-зомбылықты пайдаланған саяси әрекет. (үйлерді, аманаттарды басып алу, саботаж, өлтірушілік, соғыс).

У. Мильбрайт қазіргі заңдар жөнінде былай деп атап көрсетеді:

1. Шартты (конвенциональное), (ресми және заңмен реттелген)- дауыс беру, сайлау науқаны мен саяси партиялардың жұмысына қатысу, қоғамның саяси өміріне қатысу, ресми қызмет адамдарымен араласу.

2. Шартсыз (неконвенциональное) (заңсыз немесе қоғамның көптеген бөлігі моральды, діни және басқаша түсініктерді қабылдамаған) демонстрацияға қатысу, бүлікшілік, билікке қарсы наразылық, ыркына көнбеу және т.б.

А) күштемеу – демонстрациялар, пикеттер, митингтер.

В) күштеу – бүлікшілік, терроризм.

Саяси қатысуды белсенділігінің деңгейі бойынша белсенді және енжар (пассивное) деп бөлуге болады. Саяси қатысуды қатысу формасы мен белсенділіктің дәрежесіне қарай мынадай түрлерге бөлінеді:

Белсенді-қолайлы (приемлемые) партия мен сайлау ұйымдарына қатысу; лоббизм, демонстрациялар.

Енжар (пассивно)-қолайлы – заңға бағыну, дауыс беру.

Белсенді-қолайлы емес- зорлық-зомбылықті білдіру, қызмет адамдарын параға сатып алу.

- Енжар (пассивно)-қолайлы емес- заңды елемеу.

Қатысудың мотивациясы мен сипатына байланысты:

Автономиялық – индивидтердің жеке және топтық мүдделерді көздеген еркін және ерікті әрекеттері.

Мобилизацияланған- мәжбүрлік сипаттағы болуы, саяси белсенділіктің қысқартылуы (стимулы) қорқыныш болуы, дәстүрлер, әкімшілік мәжбүрлеу және т.б. Яғни шындығында келіссөз қызы қатысу, тоталитарлық және авторитарлық қоғамдарға тән.

Саяси қатысу қорқыныш дәрежесі бойынша болуы мүмкін:

Күйеу

Дүркіз-дүркіз (эпизодически)

Мотивацияның түріне байланысты азаматтардың мінез-құлқтарын ашық болуы. Мысалы, сайлауға, демонстрацияларға, пикеттерге қатысу және жабық (адамдардың өңдерінің азаматтық және саяси міндеттерін орындаудан ауытқуын сипаттайтын. Мысалы, абсентеизм) деп бөлуге болады. Азаматтардың істерінің бағыттары сәйкестік көзқарас бойынша көпшілік мақұлдаған саяси жүйедегі құндылықтар мен "саяси ойындардың" нормалар, саяси мінез-құлық (үстемдік етуші принциптерге бағытталған) пен девианттықтың (олардан ауытқыған) нормативтік түрлері туралы айтады. Азаматтардың әрекеттерімен әрдайым қайталанатын сылтаулар болған жерде идеяның әсер етуі ескілікке негіздеуге

жағдай жасайды, оларға қарсы тұратын саяси мақсаттарды практикалық жетудің инновациялық тәсілдері мен саяси мінез-құлықтың дәстүрлі түрлерін белгілеуді қабылдаған. Саяси мінез-құлық құрылымында мінез-құлықтың наразылық түрлері де атап көрсетіледі. Саяси наразылық – бұл саяси жүйеге, оның элементтері мен ашық демонстрациялық түрінде көрінуі жағымсыз (негативного) қатынасын көрсетеді. Мінез-құлықтың наразылық түрлеріне демонстрацияларды, митингтерді, ереуілдерді, әртүрлі күшпен жасалатын акцияларды жатқызуға болады. Саяси наразылықтың ең экстрималды түрі саяси терроризм- қоғам мен билікті қорқыту үшін зорлық-зомбылықты өзінің мақсатына пайдаланатын жеке адамдар мен экстремистік ұйымдардың әрекеті. Терроризмнің ерекшелігі билікті нақты шешімдер қабылдауға мәжбүр ететін үлкен резонанс қозғайтын акциялар өткізуді көздейтіндігі болып табылады. Саяси қатысуды саяси қызметтен айыра білу керек. Саяси қызмет- бұл топтар мен индивидтердің өктем әрекеттерін ұйымдастыруы мен жүзеге асыруының әрекеттестігі. Оның ерекше белгісі берілген топтардың жалпы проблемалары мен мұқтаждықтарын күш салып топтау болып табылады; бұл проблемаларды шешудегі негізгі құрал ретінде саяси институттар мен мемлекетті қабылдау; қойылған мақсаттарға жетудегі басты құрал ретінде саяси билікті пайдалану; саяси процеске үздіксіз, жиі кәсіби қатысу; индивидтің жеке өмірінің басқа жақтарының барлығы үшін саяси қызметтің принципшіл маңыздылығы. Саяси қызметтің түрлері мемлекеттік билік органдары жүйесіндегі кәсіби жұмыс бастылық, жергілікті өзін-өзі басқару органдарындағы жұмыс, қоғамдық ұйымдар мен саяси партиялар аппаратындағы жұмыстар болып табылады. Саяси қатысу жеке пікірді айту түрлерін, саяси жиналыстарға, акцияларға, саяси дискуссияларға қатысуды, саяси процеске ықпал ету үшін әрекет еткен топтар мен индивидтердің әрекеттерін сипаттайды. Саяси қатысу адамның жұмыс бастылық ортасы бола алмайды. Р. Ингхарттың «шусыз революция» (бесшумной революции) теориясы саяси мінез-құлықтың өзгеруін постматериалдық құндылықтар жағында болатын қоғамдағы тұрақты, экологиялық дамудың алға басуымен түсіндіріледі, оған бірінші жоспарда әлеуметтік қатынастардың үйлестірілуі, экологиялық, өмірдің сапасын жақсартуының қажеттілігі және т.б. кіреді. Сонымен, өту кезеңіндегі жағдайда көпшіліктің өздерінің жағдайларымен қанағаттанбаушылығы саяси процеске қатысуға көптеген сауалдарды сөзсіз көбейтеді. Саяси орнату мен стереотиптер саяси ойлаудың қалыптасуында зор рөл атқарады. “Орнату” түсінігі саяси психологияда ең күрделі бұлыңғыр болып табылады. Жалпы алғанда, бұл субъектінің әртүрлі саяси оқиғалар мен құбылыстарға нақтылы тәсілдермен әсер ету даярлығы. Мақсат- бұл өткен тәжірибесі мен саяси мәдениетке негізделген саяси субъектінің ішкі сапасы «Саяси стереотип» түсінігі едәуір анық және жетілдірілген болып табылады. «Стереотип» түсінігі гректің (“мықты” және “белгі”) деген екі сөзінен шыққан. Стереотиптің психологиялық түсіндірілуі оның көпшілік мақұлдаған екі синтезінен басталған. Біріншіден, полиграфияда стереотип- қайталанған және көп таралымды басылымдарды басып шығаруда пайдаланатын клише немесе терудегі (с набора) тұтас баспа үлгі (форма) көшірмесі. Екіншіден, физиология мен психологиядағы әсерлі

стереотип- сана мен мінез-құлықта бейнелейтін шартты-рефлекторлық әрекеттің белгілеу түріндегі мылдық біртұтас қызметінің түрі. Бұл мағыналардың түйскен жерінде саясаттағы стереотипті түсінуді анықтайтын, әлеуметтік стереотип түсінігіпайда болады.

Саяси- психологиялық көзқарас бойынша стереотип- едәуір тұрақтылыққа ие, бірақ өзінде тек біраз, кейде маңызсыз белгілерін белгілейтін стандартталған,схемаланған жеңілдетілген және нығайтылған, әдетте қайда болса да әлеуметтік саяси субъектінің эмоционалды түрінің бейнесі. Кейде дәл емес, иррационалды тым жалпы түсінік ретінде анықталады. Кең мағынада, бұл дәстүрлі ойдың, ұғынудың және мінез-құлықтың дағдылы қағидасы,мінез-құлықтың дағдыға айналған үлгісі айқын жүйелілікпен әрекетті іске асыру тәсілі,біркелкілік,тепе-теңдік,ойлау инерциясы,артта қалғандық (ригидность) және т.б. Тарихи, саяси психология үшін стереотиптің негізгі түсінігін 1922 ж. американдық бұқаралық ақпарат құралдарын зерттеуші У.Липпман бірінші рет енгізді. Оны көп таралған алдын ала ойланған түсінікті қоғамдық пікірді кәсіби және әлеуметтік-саяси, ұлттық-этникалық топтардың мүшелері туралы белгілеу үшін пайдаланған. Үстемдік етуші заңдар жиынтығы көпшілік мақұлдаған моральді-өнегелі әлеуметтік философиясы басым ережемен бір жақты саяси үгіт-насихат тасқыны әлеуметтік- саяси мәселе бойынша стереотиптелген пікірмен пайымдаудың түрлері, оларға ерекше "сығынды " ("выжимки") ретінде түсіндірілген. Адамдардың әлеуметтік- саяси құбылыстар мен процестерді бағалауда *стереотиптердің маңызды мәні бар, бірақ ол екі жақты. позитивті рөлді қалай атқарса негативті рөлді де солай атқарады.* Бір жағынан стереотиптер сана мен мінез-құлыққа (үнемді), олар адам айналасында және әлемде болып жатқан таныммен ұғыну процессінің белгілі "қысқартылуына ", сонымен қатар қажетті шешімдерді қабылдауға көмектеседі. Танымның дәлдігімен талдауына мүмкіндік туғызбай отырып олар мінез-құлықтық реакцияның негізінде, ея алдымен, информацияны эмоционалды "қабылдау" немесе "қабылдамау", оның стереотиптің қатты айқын шеңберлеріне "тиюі" мен "тимуеі" мүмкіншілігін тездетеді. Адам күнделікті өмірінде, ереже бойынша, дәстүрлер, нормалар, құндықтар, әлеуметтік- саяси мінез-құлық және т.б. - (өмір бастауларын) сын күдігіне салу мүмкіндігінен айырлған. Ол сонымен қатар оқиғаларды толық бағалап айтуы туралы өзінің жеке пікірімен ақпараттары жоқ.

Сондықтан әдеттегі болмыста адамдар қалыптасқан стереотипке сәйкес жиі және шаблонды істейді- сонғылар жеке жауапты шешімдерді талап ететін және арнайы емес талдау, ойлау жұмыстарымен өткізілетін жағдайлардың қалыптасуына көмектеседі. Адамның психикасы үнемді – бұл қатынаста стереотип ойлау- талдау әрекеті үздіксіз шаблонды жағдайында,стабилизатор созыла алмайтын өзінше "белгілеу кезеңі" ерекшілігін көрсетеді.

7 – дәріс. Саяси мәдениеттің институттандырылған ережелері мен дәстүрлері

Дәрістің мақсаты: Саяси мәдениеттің «институттандырылған нормалары» мен «дәстүрлердің» рөлдерінің, орындарының және мәнінің анализі, дәстүрдің көріну тәсілдері, берілу механизмі.

Дәрістің жоспары:

1. «Институттандырылған нормалар» мен «дәстүрлер» ұғымдарының анықтамасы.
2. Ережелер мен дәстүрлердің қызмет етуі, олардың берілу механизмі.
3. Дәстүрлердің көрініс беру жолдары: сабақтастық процесі және қайталану процесі.
4. Саяси дәстүрдің өзіндік саяси саласындағы, саяси әрекет пен саяси күрес саласындағы, ұйымдастыру саласындағы, идеология саласындағы ерекшелігі.
5. Демократиялық типтегі саяси мәдениеттің қалыптасуы мен дамуындағы нормалар мен дәстүрлер.

Негізгі түсініктер: саяси мәдениеттің «институттандырылған нормалары» мен «дәстүрлері», саяси мәдениеттің демократиялық түрі.

Пайдаланылатын әдебиеттер:

1. Пивоваров Ю.С. Политическая культура. Методологический очерк. М., 1996.
2. Политология. Учебник для вузов /под ред. М.А.Василика. М., 1992 гл.12.
3. Алмонд Г. Гражданская культура и стабильность демократии // Полис 1992, № 4
4. Алексеева Т.А., Капустин Б.Г., Пантин И.К., Перспективы интегративной идеологии // Полис, 1997, № 3
5. Андреев С. Политическое сознание и политическое поведение // Социально – политический журнал, 1992, № 8
6. Ваганова Г.А. Сравнительный анализ политической культуры российского и западного общества. Учебное пособие. М., 1994
7. Гаджиев К.С. Политическая культура: концептуальный аспект // Полис, 1991
8. Градинар И.Б. Политическая культура: мировоззренческое измерение. СПб., 1996. З.1.2.
9. Гаджиев К.С. Политическая наука: Учебное пособие. М., 1995

Саяси жүйенің моделін жетілдіруде Г.Алмонд формальді құрылыммен бірге саяси жүйенің субъективті бағытын да атап көрсетті. Соңғысы саяси мәдениет деп аталады. Оның классикалық атауы Г.Алмонд пен Г.Пауэллдің тұжырымдауы бойынша мына түрде көрсетіледі: "Саяси мәдениет берілген саяси жүйенің қатысушыларының бағыттары мен позицияларының жиынтығы. Бұл саяси әрекеттің негізін салушы және мән беруші субъективті сала". Американдық

ғалымдардың көзқарастары бойынша көрсетілген жеке бағыттардың бірнеше элементтері бар:

а) танымдық бағыт- саяси объектілер мен идеялар туралы шынайы немесе жалған білім.

б) аффективтік бағыт- саяси объектілердегі қарсы әрекеттер, ангожировалдық, қарым-қатынас сезімі.

в) бағалаушы бағыт- бағалау критеріи оқиғалар мен олардың саяси объектілеріне қатысын пайдалануды әдетінше шамалаған саяси объектілер туралы пікірлер мен байымдау (суждения).

Келтірілген түсіндіруде (дефиниции) екі өзгеше ерекшеліктерді атап көрсетуге болады. Біріншіден, саяси мәдениет саяси қызметке бағыттау жиынтығы ретінде көрсетіледі, бұл әрекеттің өзі емес, оған субъективті мақсаты ғана, ол индивидке қойылған мақсатқа жету үшін қажет айқын мінез-құлық түрін көрсетеді, бірақ әрекеттің бағытын таңдауды болжайды. Екіншіден, саяси мәдениет бағыттар құрылымы ретінде көрсетіледі, олар: саяси жүйе, оның рөлдері, функциялары, шешімдері және әрекеттері туралы білім, саяси шешімдерді қабылдаудағы ықпалдардың тәсілдері мен мүмкіндіктері (когнитивті бағыттар); саяси қайраткерлер мен саяси жүйеге, оның құрылымдарына, рөлдеріне, функцияларына қатысты сезім, оларды орындаушылар (эмоционалды бағыттар); саяси жүйе, оның рөлдері, функциялары, критерилері мен құнды стандарттың әрекетінен тұратын ақпараттар мен сезімдер туралы түсініктер, пікірлер мен пайымдаулар (бағалаушы бағыттар). Г.Алмонд сонымен қатар "кіру" құрылымына бағытталуды, ал саяси жүйені одан "шығуды", сонымен қатар саяси қатысудың мүмкіндігі мен саяси процестегі өзінің орнына қатысты индивидтің бағытын саяси мәдениеттің маңызды индикаторы деп санаған.

Саяси бағыттаудың мазмұны мен құрылымы.

| | | |
|-------------------------|-------|---|
| Бағыттар. тенестіру. | Саяси | Операционалдық анықтама. Азаматтардың ұлты: индивидтің позитивті немесе негативті жөнінде ікемделген саяси құрылымдары мен топтар; индивидтің көп қатыстырылған саяси құрылымдары мен топтары. |
| Саяси сенім. | | Әртүрлі әлеуметтік акцияларға әр түрлі топтар мен қызмет етуге даярлық; топтардың мүшесі болу; ол сенімге лайық па, оның себептері қандай деген көзқарас бойынша топтың әрекетін бағалау. |
| Тәртіпке қатысты бағыт. | | Тәртіптің легитимділігіне сену; саяси мекеме жөніндегі сезім мен бағалау, тәртіпті қолдау немесе қарсы тұрудағы саяси әрекетке қосылу. |
| Ойын ережелері. | | Қоғамдағы саяси қатынастарды реттеуші ережелерге |

| | |
|------------------------------------|---|
| | (нормаларға) индивидтің қатынасы. |
| Саяси әрекеттілік. | Билікті өзінің әрекеттеріне, азаматтық белсенділіктің маңыздылығына жауапты екендігіне сенім. |
| Саяси хабардарлық (компетентность) | Саяси қатысудың жиілігі, саяси оқиғалар туралы хабардар болу, саясатқа назар аудару. |
| Input-Output | Биліктің саясатына қанағаттанушылық, саяси жүйенің "кіру" және шығу "шығуының" тиімділігіне сену. |

Саяси бағыттардың құрылымын зерттеуді У.Розенбаум жалғастыра отырып бағыттың саяси объектіге қатысты 3 түрін атап көрсетті. Бірінші түрі мемлекеттік басқару институттарына қатысты басқарулар. Оған жататындар:

а) биліктің мемлекеттік органдарын, олардың нормаларын, саяси қызметті іске асыратын тұлғаларға мен символдар-тәртіпке қатысты бағыттарды индивидтің бағалауы.

б) саяси жүйеге байланысты әр түрлі талаптарды бағалау және оларға байланысты реакциялар "кіріске" қатысты бағыт, саяси билік қабылдаған шешімдерді бағалау және оларға байланысты реакциялар – "шығысқа" қатысты бағыт. Екінші түрі саяси жүйедегі "басқаларға" қатысты бағыттарды қамтиды.

а) саяси идентификация-индивидтің белгілі бір әлеуметтік топтың, партияның құрамында болуын, оларға ниеті түзу және ортақтық сезімін сезіну.

б) "жақсы-жамаң" аралығында басқа саяси топтарға қатынастарын бейнелейтін саяси сенім

в) "ойын ережелері" туралы- саяси жүйенің қызметін реттейтін негізгі ережелер мен нормалар туралы түсінік. Үшінші түріне өзінің жеке қызметіне қатысты бағыты кіреді, олар:

г) саяси хабардарлық (компетенттік)- саясаттың адамға ықпал етуі туралы түсінік және оған саяси өмірге қатысуға мүмкіндік беретін индивидтің өзінің саяси "қорын" (ресурс) бағалауы

д) саяси әрекеттілік- индивидтің саяси әрекетінің өңделген (вырабатываемую) саясатқа және бұндай әрекеттің азаматтық акциялар арқылы әсерінің мүмкіндігі туралы түсінік. Саяси мәдениеттің мәнін түсіну үшін саяси көңіл-күй элементінің маңызы зор. Негізінде бұл халықтық саясатқа қатысуының эмоционалды- бағалаушылық көрсеткіші, ол өмір сүретін тәртіпке және үстемдік ететін құндылықтарға бейімделу деігейін көрсетеді. Дәл сол қоғамдағы дәстүрлердің қалыптасуы мен тұрақты эмоционалды бағалауды іске асырады және адамдардың электоралды таңдауын, саяси процестерді сипаттарын алдын ала анықтайды. Адамдардың эмоционалды-психологиялық жағдайларын білдіре отырып көңіл-күй әртүрлі соның ішінде қарама-қарсы бағытталған саяси қозғалыстарды тудыруды, күшейтуді, субъектілердің әрекетін

ырықсыздандыруды, халықтың және топтардың психологиялық топтасқандықтарын өзгертуі мүмкін. Мағналы көзқарас бойынша көңіл-күй жүйке (нервно)- психологиялық күштеудің анық жағдайын, сигналды реакциясын, адамдардың нақтылы мүмкіншіліктері мен олардың өмір сүруі жағдайлары мен қызметіне және сол немесе басқада деңгейдегі адамдардың керектігінің үйлеспеушілігін көрсететіндігін анықтайды. Адамдардың билікке саналы талап қоюы (мысалы, режим толығымен немесе лидер өзін қалай ұстауы керектігі көрсетуі) және саясаттың әртүрлі аспектілеріне адамдардың сол немесе басқада қатынастарын сипаттайтын көңіл-күйдің психологиялық жағдайының нақтылы қалыптасуы ретінде көңіл-күйді айырып тануға болады.

Сонымен олар саяси жүйеде бір фон жасай алады, сонымен қатар әртүрлі субъектілердің әртүрлі әрекеттерін анықайды. Әдетте көңіл-күй белгілі цикл шеңберінде қалыптасады, соның ішіндегі кезеңдері: пайда болуы (адамдардың көмескі наразлығы барын белгілеу); бұрылу (белгілі саяси бейнелер мен талаптарда сезім кристалданады және ұтымды болады); көтеру (сезімнің күшеюінің тез шешуін талап ететін дәрежесіне жетуді сипаттайды); сонымен қатар төмендеу (көңіл-күйдің шешімдерінің нәтижесінде пайда болатын эмоционалды басылуды көрсетеді).

Қайталана отырып, бұл цикл көңіл-күй динамикасының синусоид түрін береді; көтеруді күтуден кейін көңіл қалу болады, сонан соң төмендеу қайта көтерілумен жалғасады және т.б.

8 – дәріс. Саяси идеология биліктік қатынастар механизмінің бейнеленуі ретінде

Дәрістің мақсаты: Идеологияның жұмыс істеуі мен даму заңдарының, саяси идеологияның деңгейі мен мәнінің анализі.

Дәрістің жоспары:

1. Саяси идеологияның түсінігі, мәні және деңгейлері.
2. Саяси идеологияның қызметтері.
3. Саяси идеологияның қалыптасу модельдері (үлгілері)
4. Идеологияның қызмет етуі мен даму заңдары.

Негізгі түсініктер: саяси идеология, саяси идеология феномені, саяси - идеологиялық доктрина, идеологиялық жүйелердің түрлері.

Пайдаланылатын әдебиеттер:

1. Политология. Учебник для вузов/под. Ред. М.А.Василика. М.1991 гл.12.
2. Алмонд Г. Гражданская культура и стабильность демократии//Полис,1992,№4.
3. Андреев С. Политическое сознание и политическое поведение://Социально-политический журнал,1992,№8.

4. Алексеева Т.А., Капустин Б.Г., Пантин И.К. Перспективы интегративной идеологии//Полис,1997,№3.
5. Ваганова Г.А.Сравнительный анализ политической культуры российского и западного общества. Учебное пособие. М.,1994.
6. Гаджиев К.С.Политическая культура:концептуальный аспект//Полис,1991,№1.
7. Градинар И.Б.Политическая культура:мировоззренческое измерение.1996.Ч.1,2.
8. Коваленко В.И., Костин А.И.Политические идеологии: история и современность//Вестник МГУ,серия 12,1997,№2.
9. Манхейм К. Идеология и утопия. Ч.1.М.,1992.
10. Гаджиев К.С. Политическая наука:Учебное пособие. М.,1995

Саяси идеология саяси сана формаларының бірі болып табылады. Саяси сана түрлері мен саяси ағымдар шеңберінде идеологияның алатын орны ерекше.

Идеология ұғымы гректің *idea*-түсінік, ұғым, бейне және логос-ілім, ғылым деген сөздердің бірігуінен калыптасқан. Философиялық сөздікте идеология қоғамдық идеялардың, теориялардың, көзқарастардың жиынтығы ретінде анықалады. Бұл терминді ғылыми лексиконға алғаш XVIII ғасырдағы француз философы Антуан Дестют де Тросси енгізген. Қоғамның саяси саласында орын алған «идеология» термині пайда болуынан бастап ғылымда оның мәні мен мазмұнына әр түрлі көзқарас калыптасты.

В.Парето саяси идеологияны адамның мінез құлқының қозғаушы себебін көрсететін «сезім тілі» болып табылатын ойдың жүйесі ретінде қарастырған.

К.Маркс идеологияда ең алдымен бірінші кезекте өндірістік қатынастар мен қоғамдық болмыстың қайшылығын қозғаған сананың сағым түрін көрген.

Идеологияны қарастырудан қазіргі концептуалды әдістердің калыптасуына неміс ғалымы К.Мангеймнің концепциясы зор әсер етті. Ол табиғатына қарай трансценденті болғандықтан, ақиқатқа қатысты тұрақтылық факторының ролін атқаруда апологеттік сананың бір түрі ретінде қарастырылады.

Идеологияны түсіндірудегі барлық әдістердің әр түрлілігін тандай отырып, оны мемлекеттік құрылыс және оны реттеу тәсілдері, билікке көзқарас жүйесі, саяси сананың ерекше түрлері ретінде анықтауға болады. Саяси идеология билікке сол немесе басқа топ адамдардың әрекеттенуін дәлелдейтін немесе оны пайдалануын бұл мақсаттарға сәйкес өзінің идеясына қоғамдық пікірді бағындыратын белгілі доктринаны көрсетеді.

Идеологияның қызметтері:

1. Бағыттаушы,ол адамның қызметінің бағыты мен мағына жүйесін құрауды білдіреді
2. Жұмылдырушы идеология қоғамда қарастырылатын мақсаттар мен міндеттерге жетуге жұмылдыратын саяси қызметтің тікелей себепшісі ретінде көрінеді
3. Интегративті,ол қоғам мен әлеуметтік топтардың мүддесіне жеке мүддені қарсы қойып белгілі бірліктерді интеграциялау мен ұйымдастырудан тұрады

4. Амортизациялық мұның басты мақсаты қоғамның қажеттілігі мен олардың қанағаттандырудың нақты мүмкіндіктерінің арасындағы сәйкессіздік болғанда *әлеуметтік шиеленісушілікті әлсіретеді*

5. Саяси қызметті интеллектуалды және рухани негіздеуді, көрсетілген мүдделерді қорғау механизмін анықтауды, белгілі әлеуметтік топтың, ұлттың, таптың және басқа бірліктердің мүддесі мен сана сезімін көрсететін қызмет.

Идеологияның деңгейлері

Теориялық концептуалдық, мұнда саяси дамудың әлдеқайда айқын мақсаттарының жолын қуушы немесе белгілі таптың идеялары мен құндылықтарын ашатын негізгі жағдайлар қалыптасады. Бұл оның дамуындағы негізгі құндылық мағыналы бағыттарын көрсететін, идеялар мен принцип үшін мемлекеттік төңкерістер істейтін, саяси жүйелер бұзылатын және қоғамдар қайта дамитын әлеуметтік топтардың саяси философиялық деңгейі

Саяси бағдарламалық, мұнда азаматтардың саяси мінез құлқын ынталандыру мен басқару шешімдерін нормитивті негізде қабылдауды қалыптастыра отырып, әлеуметтік философиялық принциптер мен идеялар саяси элиталардың талаптарына және нақтылы ұрандарына, бағдарламаларына ауыстырылады.

Өзектіленген, ол азаматтардың берілген идеология мақсаттары мен принциптерін меңгеру дәрежесін, оның адамдардың практикалық қызметіне ықпалын, олардың саяси мінез құлқын сипаттайды.

Идеологияның орнығу деңгейі

Ағылшын зерттеушісі А.Фойер идеологияның жұмыс істеуі сен қалыптасуының ерекшеліктерін талдай отырып, бірнеше заңдарды тұжырымдады:

- Тұрақты компоненттер заңы
- «оң» және «сол» қанаттар заңы
- Генерациялды идеологиялық толқын заңы

А.Фойердің пікірі бойынша тұрақты компоненттер заңының мәні барлық идеологияларда тұрақты элементті көруге болатындығында.

Бірінші элемент-бұл Моисей туралы миф. А.Фойер Моисей туралы таурат сюжетінен цитат келтіреді-ол өзі құтқару мен азат ету миссиясы туралы глобалды түсініктен тұратын, әр түрлі идеологияның негізгі тағдыры, израйлдықтарды мысырлықтардың тұтқынынан азат етуші.

Екінші тұрақты компонент –бұл идеологияға философиялық дәлелдеме беретін айқын догма, парадигма.

Үшінші тұрақты элемент-бұл берілген идеологияның әлеуметтік базасы, идеологияны нақты әрекетке асыратын адамдардың белгілі бір тобы.

«Оң» және «сол» қанаттар заңының мәні идеология өзінің дамуында әртүрлі саяси және әлеуметтік сатылардан өтетіндігі болып табылады. Бұл процесс аралығында ол «сол жақта», «оң жақта» бола алады, яғни әртүрлі саяси және әлеуметтік күштерге қызмет етеді.

Генерациялы идеологиялық толқын заңы, әр генерация жаңа идеологияны іздеуден тұрады. Бұл іздену жаңа генерациялық толқынның басы болып табылады. Генерациялық толқын «сол жақтан» пайда болады, сонан соң бірте-бірте ортаға қарай жылжиды және толқын «оң жақ» бағытпен аяқталады.

Идеологияның қалыптасу моделі.

Идеологияның қалыптасу процесі өте күрделі, көп көлемді, көптеген объективті және субъективті факторларға байланысты құбылыс. Ғылыми талдауда бұл процесті егжей-тегжейлі қарастыру үшін мынадай идеологиялық қалыптасудың негізгі модельдерін белгілеу қабылданған

- Конденсация моделі, теориялық құрылымдардағы кәдімгі саяси санаға тән идеологиялық түсініктердің өзгеру процесін көрсетеді. Көпшіліктің көпшіліктің санасын қобалжытатын айқын сезім, сезіну және көңіл-күйлерге байланысты болады: олардың таралу мүмкіндігіне байланысты ерекше конденсация көпшілік санасының жоғалуы және олардың идеологиялық түрлерге өзгеруі болады.

- Конвергенция моделі – бұл идеологияның синтез жолымен құралуы, әр түрлі идеялар мен түсініктердің интеграциялануы, бар идеологиялық мақсаттар негізінде жалпы идеяны жасау.

- Дивергенция моделі-жаңа идеологияның қалыптасуы оның дезинтеграциялануы. жетілдіру нәтижесінде бұрын болған идеологияның «бөлшектену» жолымен болады.

- Ревитализация моделі-идеологияның қазіргі саяси болмысқа көбірек икемделуі олардың модификацияланған түрінде жаңаруы, ескі идеяларға қайту негізінде пайда болды.

- Балқытатын қазан моделі-ғаламдар жаһандану жағдайында қашан барлық халықтар, аймақтар және уақыт түсініктері, саяси концепциялар, доктриналар мен идеялар бір балқытатын қазанда болғанда, идеологияның мұндай қалыптасу моделін қарастыруды ұсынады.

Бұл модельдерді идеологияның өзгеруі мен генезистің нақтылы процесінде олардың жиі бірігетіндігі және ешқайсысы таза күнде кездеспейтін болғандықтан оларды шартты және қосалқы сипатқа бөледі. Бұл модельдерді білу кейбір идеялық ағымдардың пайда болу механизмін талдауда өте қажет

Саясат әлеміндегі идеологияның рөлі елдегі жағдайларға, күштердің ара салмағына, қатынасына, тарихи жағдайларға байланысты өзгереді. Идеология саяси процестің маңызды компонентінің бірі болып табылады. Онсыз саяси әрекеттер болмайды, саяси партиялар, қоғамдық қозғалыстар өмір сүре алмайды. Нақты идеялар, адамдардың сенім жүйесіне айналып, оған ұнаған ең жақсы қоғамдық құрылыс түрін іске асыруды көздеп, оны әрекетке алдын ала ұмтылдырады. Қорыта айтқанда идеологиясыз саясат болмайды.

9 – дәріс. Либералдық пен жаңалибералдық

Дәрістің мақсаты: Либералдық доктринаның қалыптасуының алғышарттарын зерттеу, жүйе құрастырушы идеялар мен принциптерді қарастыру.

Дәрістің жоспары:

1. Либералдық доктринаның қалыптасуының экономикалық, әлеуметтік-саяси және теориялық алғышарттары.

2. XIX ғасырдағы ағылшын , француз, неміс классикалық либерализмі, оның негізін

Қалаушылар және негіз құрушы идеялары мен принциптері.

3. Либералдық идеологияның дағдарысы мен жаңалибералдықтың қалыптасуы.

4. Либералдықтың қазіргі саяси идеологиясы, оның бағыттары: сабырлы, солшыллибералдық, консервативтік.

Негізгі түсініктер: Либерализм, жаңалиберализм, англосаксондық және континенталды-еуропалық либералдық үрдістер (тенденциялар)

Пайдаланылатын әдебиеттер:

1. Политология под. Ред. Нысанбаева А.Н. Алматы, 1998.

2. Алмонд Г. Гражданская культура и стабильность демократии // Полис, 1992, №4.

3. Алексеева Т. А., Капустин Б.Г., Пантин И.К. Перспективы интегративной идеологии // Полис, 1997, №3.

4. Андреев С. Политическое сознание и политическое поведение // Социально-политический журнал, 1992, №8.

5. Ваганова Г.А. Сравнительный анализ политической культуры российского и западного общества. Учебное пособие. М.,1994.

6. Гаджиев К.С. Политическая культура: концептуальный аспект // Полис, 1991, №1.

7. Градинар И.Б. Политическая культура: мировоззренческое измерение. Спб., 1996., ч.1,2.

8. Политология. Учебник для вузов / под. Ред. М.А. Василика. М.,1999.

9. Коваленко В.И., Костин А.И. Политические идеологии: история и современность // Вестник МГУ, серия 12, 1997, №2.

10. Манхейм К. Идеология и утопия. Ч.1. М., 1992.

Либералдық белгілі саяси идеология және саяс идеалы бағыт ретінде феодалдық тәртіптің жойылуы мен қоғамның буржуазиялық қатынастары орнаған кезінде пайда болды.

Либералдық идеологияның пайда болуына монархиялық, абсолюттік мемлекетке қарсы тұра алатын қоғамдық құрылымның концепциясын құру қажеттігі түрткі болды.

Либерализм деп саяси өмірді жеке адамның құқығын көрсету мен қорғауды, оны бірінші кезекте қамтамасыз етудегі көзқарасты зерттейтін саяси ағымдар мен идеологиялық мақсаттарды айтады. Либерализмнің негізін салушылар деп мына ойшылдарды айтамыз. Дж. Локк, Ш.Л. Монтескье, И. Кант, Дж.С. Милль

Либерализмнің әлеуметтік негізі – индивидуализм, қашан ерікті, белсенді әрекеттегі жеке адам қоғамдық және саяси өмірдің орталығы ретінде қарастырылады.

Либерализмнің негізгі принциптері:

– адамның өмірге, бостандыққа, жеке меншікке құқығын қорғау, заң алдында теңдігі және оның өмір сүрудегі ажыратылмайтын нормасы және толық бағалы өмірді қамтамасыз ететін жағдай ретіндегі қауіпсіздігі, мемлекеттің маңызды мақсаты жеке адамның бостандығын қорғау деп жариялауы.

мемлекеттік механизм қызметіндегі билікті негізгі 3 тармаққа бөлу: заң шығарушы, сот, атқарушы.

– мемлекеттің қоғамдағы қызметінің нақты шекарасының болуы: оның қоғам мүшелерінің жеке өміріне, олардың экономикалық қатынастарын реттеуге қатыспаушылығы.

– экономикалық қатынастардың онтайлы реттеушісін нарық, тауар, еңбек, қызмет, капиталды мойындау.

– адамдардың теңдігін құқық, мүмкіншіліктер теңдігі ретінде түсіну, олар әр түрлі адамдар мен әр түрлі іске асырылады.

Қазіргі либерализмнің классикалықтан айырмашылығы оны жаңа либерализм деп атайды. Жаңа либерализмнің пайда болуын ХХ ғасырдың 30-шы жылдарындағы дүниежүзілік экономикалық дағдарыспен байланыстырады.

Экономикалық дағдарыстың ауыр зардаптары экономикалық процестерді реттеуге мемлекеттің қатысуының қажеттілігін ұғынуға әкелді. Бұл процестердің ғылыми мәнін түсіну жаңа идеологиялық ағымның жаңалиберализмнің теориялық негізі болды.

Олардың жақтастары тарихи және саяси тәжірибенің әсерінде либерализмнің кейбір принциптеріне маңызды түзетулер енгізді: экономикалық және қоғамдық қатынастардың жалғыз реттеуші ретінде нарықтың шектелген мүмкіншілігін түсінуге жету; мемлекет адамның саяси ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік құқықтарының кепілі ретінде таныла бастауы; мемлекеттің қоғамдағы реттеуші қызметінің артуының қажеттілігі мойындалды.

10 – дәріс. Консерваторлық және жанаконсерваторлық

Дәрістің мақсаты: Консерватизмнің пайда болуының негізгі факторлары мен жағдайларының анализі, консерватизмнің басты идеяларын зерттеу.

Дәрістің жоспары:

1. Консерваторлықтың пайда болуының экономикалық, қоғамдық- саяси және рухани алғышарттары.

2. Консерваторлықтың классикалық дәстүрін дамытуға Ж.де Местрдің, Л.де Бональдтың, К.Леонтьевтің, Н.Данилевскийдің, В.С.Соловьевтің және т.б. қосқан үлесі.

3. Консерваторлықтың негізгі идеялары. Консерваторлықтың органикалығы.

4. XIX-XX ғғ. консерваторлықтың эволюциясы және оның қазіргі түрлері.

5. XX ғ. 80-90 жылдарындағы Батыстағы жанаконсерваторлық толқындар.

Негізгі түсініктер: консерватизмнің дәстүрлері, консерватизмнің органикалығы, жанаконсерваторлық толқын және т.б.

Пайдаланылатын әдебиеттер:

1. Политология под. ред. Нысанбаева А.Н. Алматы, 1998.
2. Алмонд Г. Гражданская культура и стабильность демократии // Полис, 1992, №4.
3. Алексеева Т.А., Капустин Б.Г., Пантин И.К. Перспективы интегративной идеологии // Полис, 1997, №3.
4. Андреев С. Политическое сознание и политическое поведение // Социально-политический журнал, 1992, №8.
5. Баталов Э.Я. Политическая культура современного американского общества. М., 1990.
6. Гаджиев К.С. Политическая культура: концептуальный аспект // Полис, 1991, №1.
7. Калмырзасв А. Национальная идея и национальная идеология // Мысль, 2001, №6.
8. Рахшмир Т. Эволюция консерватизма в Новое и Новейшее время // Новая и Новейшая история. М., 1991.
9. Коваленко В.И., Костин А.И. Политические идеологии: история и современность // Вестник МГУ, серия 12, 1997, №2.
10. Политология. Учебник для вузов под. ред. М.А.Василика. М., 1999.

Консерваторлық идеологияның пайда болуы либералдық идеологияның болуымен тұспа тұс келеді. Ол Ұлы француз революциясы оқиғасына реакция ретінде қалыптасты және монархиялық басқарумен байланысты саяси өмірдің дәстүрлі тәртібін сақтау қажеттілігін дәлелдеуге тырысты. Консерваторлық практикасы мен саяси идеологиясының негізі болған принциптер мен идеялардың жинақтары Э.Берктің, Ж. де Местрдің, Л. де Бональдың, австриялық канцлер Меттернихтың және оның серіктесі Ф.Герцтың, орыс философтары В.С. Соловьевтың, И.А. Ильиннің еңбектерінде дамытылды.

Консерватизмнің негізгі идеялары:

Қоғамдағы ретке келтіруді 2 түрге бөлуді болжаған қоғамды саналы түрде қайта құрудың табиғи мен орынсыздық идеясы: органикалық (табиғи байланысты) – біртіндеп, сол немесе басқада алдын ала жасаған жобаны адамдардың іске асыру нәтижесінде әлеуметтік қатынастарды реттеудің әбден қабылдауға болатын түрлерін табиғи сұрыптау мен ретке келтіруді ұйымдастыру.

Мемлекеттің шартты мәнін мойындамау, бұл табиғи істің барысы ақылымен бақылабаған нәтижесі ретінде қаралады.

Мемлекеттің барлық әлеуметтік проблемалар мен қатынастарының әр түрлілігін есептей алмауы және орынды және нәтижелі басқару ұйымы болуы мүмкін еместігіне сенімі.

Оны бұл қызметте әлеуметтік әр түрліліктерді толығырақ бейнелеуге қабілетті дін, мораль, дәстүр сияқты факторлармен орнын баса тұру керек сондықтан оның қоғамдық қатынастарын реттеуге араласуына жүйелі түрде келергі жасау қажет болып табылады.

Саяси бостандықты мемлекеттік биліктен шектеп теңестіру.

Әлеуметтік тұрақтылық жолын ұстау, өйткені жаңа әлеуметтік тәртіптер ескі әлеуметтік тәртіптерден жақсы болатынына нақты кепілдің болмауы.

Бұған айғақ-әлеуметтік революциялар тәжірибесі. Консерваторлықтың идеологиясында орталық идея ретінде қоғамның жоғары биліктің беделі үстемдік етуіне органикалық бейімділік идеясы алға шығады, тұлғанын қоғамға және мемлекетке бағынуы, қоғамның иерархиялығы мен басқарудың элитарлық сипаты болып табылады.

Консерваторлық қозғалыстың тарихында құлдыраулар мен өрлеулер байқалады.

Қазіргі уақытта консерваторлықта 3 бағытты атап өтуге болады: дәстүрлік (традиционализм), либерализм және жаңа консерваторлық.

1. Дәстүр бойынша ескі қайырымды уақыттың саяси тәртіптерінің артықшылығын дәріптеді. (негізін салушылар Э.Беркпен де Местр).

2. Бағыт – либертаризмдік – адамның шексіз бостандығының уағыздалуы мен қорғаушы идеясы болып табылады. (Ф.Хайек, Дж.Роум, Р.Позик)

3. Бағыт – жаңа консерваторлық – айтарлықтай жаңа құрылған (біршама жақында қалыптасқан). Нақтырақ айтар болсақ, 1970 жылдардың екінші жартысында. Оның либералдыққа жақын белгілері бар. Олар либералдыққа жақын болып келеді (Д.Белл, З.Бжезинский, Н.Кристалл).

Жаңа консерваторлық дәстүрлі консерваторлық, либералдық және технократтық идеяларының синтезі ретінде пайда болды. Оның ең қорнекті өкілдері теорияда – А.Хайек, саясатта – Р.Рейган, М.Тэтчер, Ж.Ширак.

Жаңа консерваторлықтың басты принциптері мен құндылықтары: мемлекеттің экономикаға араласуын шектеу, бірақ оның саяси саладағы ықпалын күшейтудің керектігін мойындау, әсіресе қолдау; мораль, құқық, дін мәселелеріне назар аудару; саясатты қоғамдастыру мен ұлтшылдандыруды, мемлекеттік капитализм идеясын батыл мойындамау; әлеуметтік шарттарды тарылту мен әлеуметтік бағдарламаларды жинау курсы жариялау.

Әлеуметтік проблемаларды шешудегі саяси әдістердің эффектісінің аздығы олардың пікірі бойынша ең алдымен осы проблеманың табиғаты әлеуметтік емес, жеке сипатта екендігі, олар индивидтің белсенділігімен өзінің жігер көрсетуінде едәуір шешіледі.

11 – дәріс. «Социал – демократиялық»

Дәрістің мақсаты: Социал – демократияның қайнар көзін тапуды, саясат пен идеология эволюциясының негізгі кезеңдерін, социал демократияның идеяларын қарастыру.

Дәрістің жоспары:

1. Социал демократия – Социалистік Интернационал партияларының теориясы мен практикасы, идеялық саяси ағым және әлеуметтік-саяси қозғалыс.
2. Социал – демократияның қайнар көздері, генезис және оның марксизммен байланысы.

3. идеология мен саясаттың ұйымдық құрылым мен әлеуметтік базасы, дамуының негізгі кезеңдері.
4. Социал – демократия түсініктеріндегі социализм үлгісі.
5. Социал – демократия идеяларының либералдық пен консерваторлықтың өзгеруіне әсері.

Негізгі түсініктер: социализм, социал демократия, марксизм, әлеуметтік-саяси қозғалыс, социализм модельдері.

Пайдаланылатын әдебиеттер:

1. Политическая культура: теория и национальные модели. М., 1994
2. Алмонд Г. Гражданская культура и стабильность демократии // Полис, 1992, №4.
3. Алексеева Т.А., Капустин Б.Г., Бантин И.К. Перспективы интегративной идеологии // Полис, 1997, №3.
4. Андреев С. Политическое сознание и политический журнал, 1992, №8.
5. Баталов Э.Я. Политическая культура современного американского общества. М., 1990.
6. Гаджив К.С. Политическая культура: концептуальный аспект // Полис, 1991, №1.
7. Калмырзаев А. Национальная идея и национальная идеология // Мысль, 2001, №6.
8. Коваленко В.И., Костин А.И. Политические идеологии: история и современность // Вестник МГУ, серия 12, 1997, №2.
9. Манхейм К. Идеология и утопия. Ч1. М., 1992.
10. Манхейм К.С. Политическая наука: Учебные пособие. М., 1995
11. Гаджиев К.С. Политическая наука: учебное пособие. М., 1995.

Социал-демократия қазіргі қоғамдық саяси жүйенің қалыптасуына, сондай-ақ, қазіргі әлемдегі саяси идеялық жағдайдың қалыптасуына үлкен рөл атқарды.

Белгілі зерттеушілер мен саяси қайраткерлер социал-демократияның құрамында болмаса да ХХ ғасырды социал-демократиялық ғасыр деп атағаны негізсіз емес.

Енді социал- демократия екенін қазіргі әлемдегі индустриалды дамыған мемлекеттердің әлеуметтік саяси бағытының жалпы спектрінде ол қандай орын алатындығын анықтап байқап көрейік.

Ереже бойынша социалистік интернационалға кіретін, барлық партиялардың теориялары мен практикалары социал-демократия деп түсіндіріледі және оған бұл партияларды құрайтын әлеуметтік және саяси күштер қатысады.

Социал- демократияны әлеуметтік саяси қозғалыс ретінде де, идеялық саяси ағым ретінде де айқын көрсете болады. Сонымен бірге бұл қозғалыстың ішінде оның әр түрлі бағыттары бар: әлеуметтік философиялық, идеологиялық және саяси. Мысалы, Франция, Италия, Испания, Греция және Португалияның социалистік партиялары үшін «социалистік демократия» ұғымы партияның өзі қызметімен сәйкес келеді. Оларға сәйкес «социализм», «латындық социализм»

немесе «жерорта теңіздік» түсініктері пайдаланылады. Олар Скандинавия, Ұлыбритания, Германия, Австрия социал демократиялық партияларынан біршама оң жақ бағытта ерекшеленеді. Шамасы бұл ұзақ уақыт билік басында болған тәжірибенің ауыртпалық салдарынан болған. Негізін австромарксизмнен алған «интегралды социализм», «гильдейлік социализм» және тағы басқалар. Социал демократияның германдық, француздық, испандық түрлерінде де ерекшеліктер бар. Социал демократияның бай тарихи дәстүрі бар екенін атап өтуімізге болады.

Сірә, біз өте күрделі және көпжоспарлы құбылыспен істес болғандығымыз. Сондай ақ бұл туралы берілген проблемалар бойынша Батыста қалай болса, біздің елімізде де дәл солай көптеген әдебиеттерде көрсетілген. Бұл тарауды қарастырылған социал- демократияның жалпы нұсқасының ерекшелігіне қатысты негізгі сұрақтарды таңдау осымен түсіндіріледі.

Социал- демократияның идеялық қайнар көзі.

Социал- демократияның идеялық қайнар көзі социал утопистердің идеялары мен Ұлы француз революциясы кезінен бастау алады. Бірақ ол маркстік теорияның ықпалында күш алғандығы белгілі. Сонымен XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың басындағы капитализм дамыған елдердің жұмысшылар қозғалысының ықпалымен рөлінің өсуі социал демократияның институционалдануы мен нығаюының басты ынталандырушысы болып табылады.

Алғаш рет саяси ортада жұмысшы топтардың мүддесін қорғауға икемделген барлық дерлік социал- демократиялық партиялар парламенттерден тыс партиялар ретінде пайда болды.

Бұл жағдайда біраз елдерде (мысалы, Ұлыбритания мен Скандинавия елдерінде) осы күнге дейін кәсіподақтар бұл партиялардың біріккен мүшелері екендігі ақиқат.

Социал- демократия бастапқыда капитализмді жоюды және пролетариат диктатурасының негізінде қоғамның түбегейлі қайта құрылуы мен өндіріс құралдарына ортақ меншікті қалыптастыру, жалпыға бірдей теңдікті, марксизмнің маңызды мақсаттарын қуаттаған.

Бұл партиялардың кейбір мүшелері капитализмді революциялық жолмен жою және социализмге көшу туралы марксистердің идеяларын қолдады. Бірақ нақтылы өмірде социал демократия қоғамдық саяси институттар мен саяси ойындардың көпшілік мақұлдаған ережелерін тұтасымен мойындайды.

Социал- демократиялық бағыттағы партиялар институционалдандырылған парламенттік партиялар болды. Осы көзқарас бойынша кейінгі социал демократияның барлық тарихын, сонымен қатар марксизмнен бірте бірте ауытқу тарихы ретінде де қарастыруға болады.

Нақтылы практика социал- демократия жетекшілерін ескі қоғамдық жүйеден жаңасына революциялық жолмен көшуді

Нақтылы практика социал- демократия жетекшілерін ескі қоғамдық жүйеден жаңасына революциялық жолмен көшудің келешексіз екенін, оны өзгерту, жетілдіру керек екеніне көздерін жеткізді.

Сол дәуірдің экономикалық және саяси күресінде олар күнделікті және бірте бірте өзгеріс процесінде жұмысшы тобының көп талаптарын бейбіт жолмен іске

асыруға болмайтындығына көздері жетті. Социалистік және социал демократиялық партиялардың көбісі «капитализмнен ажырауды» өздерінің мақсаты етіп қойды. Олардың XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың басындағы бағдарламаларының толық мағынасы революциялық сипатта болған жоқ, әйтсе де радикалдық ұрандардың кейбір жиынтығын қамтыған.

Бірте бірте социал-демократиялық партиялардың бағдарламаларында оппортунизм, прогматизм, реформизм үстемдік алды. Әсіресе, бұл процесс Россиядағы большевиктік революциядан кейін үдемелі қарқынмен жүрді, ол бүкіл әлем алдында марксизм (марксизм ленинизм) ұсынған революциялық жолдың жойқын екендігін әйгілі етіп көрсетті.

XX ғасырдың бірінші екі онжылдығында марксизмнің негізге алатын идеялары бойынша революция, ымыраға келмейтін күрес, пролетариат диктатурасы туралы жұмысшы қозғалысымен социал демократияда бөліну көріне басталды. Бірақ, большевиктік төңкеріс және оның сонынан құрылған III коммунистік интернационал бұл бөлінуді институционалдандырды.

Социал-демократия және коммунизм іс жүзінде бір әлеуметтік негізі мен бір идеялық бастауы бар бола тұрса да, дүние құрылымының ең маңызды сұрақтары бойынша баринаданың қарама қарсы жақтарында болды.

Мұндай оқиғалардың себептері жұмысшылар қозғалысының және социал демократияның табиғатына негізделеді.

Диктатураның социализмнің пайда болу мүмкіндігін күні бұрын білгеннен соң, (Маркстың идеясына сәйкес пролетариат диктатурасы социал демократияның реформашыл қанатының жетекшілері демократиялық социализмді құру өз мақсатымыз деп жариялады. Алғашқыда бұл идея туралы өткір даулар болды, осы идеяның қарсыластарының ең басты дәлелі, социализм демократиялық емес бола алмайды деп айтқан. Бірақ, тарихқа жүгінетін болсақ демократиямен қатар тоталитарлы социализмнің, ұлтшылдық, большевиктік және тағы басқа да сол сияқты режимдерінің болғанын көрсетеді.

«Демократиялық социализм» ұғымын, шамамен алғаш рет 1888 жылы Бернард Шоу социал демократиялық реформизмді белгілеуге пайдаланған. Ал, кейіннен бұл ұғымды Э.Бернштейн пайдаланған, бірақ, оның нақты ұғым болып қалыптасуына Р.Гильфердинг ықпал етті.

Демократиялық социализм концепциясының алғашқы негізінде XIX ғасырдың ортасында Л.фон Штайнның тіршілік етіп жатқан жүйедегі жұмысшылар қозғалысының саяси, экономикалық және мәдени интеграциясының бағдарламасы жатты.

Басынан бастап ақ бұл дәстүрдің өкілдеріне капиталистік қоғамның өзгеруімен біртіндеп реформаланғандығының позитивті факторы ретінде құқықтық мемлекетті мойындау тән.

Қоғамды біртіндеп реформалауға бағытталған демократиялық социализмнің негізі болатын нұсқауларын (мақсаттарын) жетілдіруді Э.Бернштейн ұсынған еді.

Өмір сүріп жатқан жүйедегі жұмысшы тобының интеграция идеясы мен оның эволюциялық жолмен біртіндеп өзгеруін мойындауы бойынша қазіргі социал демократтардың көпшілігі Э.Бернштейннің мұрагерлері болып табылады. Оның басты еңбегі марксизмнің талқандатуы. Нұсқауларын қабыл алмауы.

олардың іске асырылуы Ресей және тағы басқа елдерде тоталитарлық тәртіптің орнауына әкелді. Бұл жерде капитализмді, ескі әлемді түбіріне дейін жою, пролетариат диктатурасының орнауы, ымыраға келмейтін таптық күрес, ескі тәртіпті құлатудағы жалғыз ғана жол ретінде әлеуметтік революция екендігі туралы сөз болып отыр.

Пролетариат диктатурасының идеясын қабыл алмай отырып Э.Бернштейн социал демократияның «парламенттік қызметінің негізінде, санмен көрсетілген халықтық өкілдік пен диктатураның идеясына қарсы болатын халықтық заңдарға» ауысуының керектігін дәлелдеді.

Социал -демократия тым желілген әлеуметтік құрылымға көшуде күштеу, конвульсивті түрлерінен бас тартады.

Э.Бернштейн: «Таптық диктатура өте төмен мәдениетке жатады» деген. Ол социализмді уақыты бойынша ғана емес, сонымен қатар өзінің ішкі мазмұнымен де «либерализмнің заңды мұрагері» деп санаған. Бұл жерде жеке адамның бостандығы, жеке индивидтің шаруашылық дербестігі, оның өзінің әрекетіне қоғам алдындағы жауапкерлігі және т.б. туралы екі ағым үшін принципі мәселесі сөз болып отыр.

Бернштейн: Бостандықтың жауапкершілікпен ілесіп бірге болуы, тиісті ұйымның бар болуында ғана мүмкін және «бұл мағынада социализмді тіпті ұйымдастырушы либерализм» деп те айтуға мүмкін еді деді.

Бернштейннің көзқарасы бойынша «демократия бұл құрал, сонымен қатар мақсат та: Ол социализмді жүзеге асыру құралы және ол социализмді іске асыру формасы да болып табылады». Бернштейн сонымен қатар демократия принципінде таптардың өздерін ғана емес, таптардың үстемдігін қысқартуды болмайтындығы туралы негізге сүйене отырып айтқан. Ол «демократияның консервативті қасиеті » туралы да айтқан. Шынында, демократиялық жүйеде жеке партиялар және олардың артында тұратын күштер қалай да болса өздерінің мүмкіндіктерінің шамасы мен өздерінің ықпалының шектерін ұғынады және осы жағдайда өздері сенетіндеріне ғана әрекет ете алуы мүмкін. Тіпті, бұл жағдайда сол немесе басқа партиялар жоғары талап көрсетсе, көбінесе бұл басқа күштермен, партиялармен шарасыз ымыраларда көбірек мүмкіндік алу үшін жасалады.

Бұл талаптардың орындылығы мен бір өзгеруіне себепші болады. Э.Бернштейн: «демократия бір мезгілде құралдың мәні мен мақсаты» деп атап көрсеткен. Ол социализмді жаулап алу құралы және социализмді жүзеге асырудың формасы. Э.Бернштейн саяси өмірде социалистік принциптерді іске асыруға жарамды тек демократия ғана, қоғамның тіршілік ететін формасы болып табылады деп есептеген.

Оның пікірі бойынша толық саяси теңдікті іске асыру негізгі либералдық принциптерді іске асырудың кепілі болып табылады. Бұдан ол социализмнің мәнін көрген. Мұндай либералдық принциптердің социалистік интерпретациясынан Э.Бернштейн үш негізгі идеяны атап көрсеткен: еркіндік, теңдік, ынтымақтастық.

Сонымен қатар Э.Бернштейн жұмысшылардың ынтымақтастығын бірінші орынға қойған, онсыз еркіндік пен теңдік капитализм тұсында еңбекшілердің

көпшілігіне тек игі тілек қана болып қалады деп санаған. Мұнда социал-демократияның алдында: қоғамның барлық мүшелерінің теңдігіне қарсы болмай социалистік қоғам нәтижелі ең үлкен экономикалық және ең үлкен еркіндікке жетуі үшін не істеу керек деген мәселе туындайды. Э. Бернштейн социал-демократияның негізгі мәселесі осы үйлеспешілікті шешуде деп білген.

Социал-демократияның келесі тарихы, шындығында, оның жолдарын шешудегі ізденіс тарихы болып табылады. Алайда, демократиялық социализм теориясын жасау приоритеті Э. Бернштейн, сонымен қатар герман социал-демократиясына тән.

Фабриандық және гильдейлік социализмнің, поппулизм және басқа да француз социализмінің реформалық ағымдары да айтарлықтай үлес қосты.

Сонымен қатар брльшевизм мен ленинизмге белсенді қарсы шыққан австро-марксизмнің идеялық жетекшілері О. Бауэрді, М.А.Длерді, Н.Реннерді атау қажет.

XX ғасырдың 20-шы жылдары шведтік социал-демократтар жеке меншікті жою мен мемлекеттендіруді қамтымайтын «функционалды социализм» және өндірістік демократия деп аталатын концепцияны тұжырымдады.

Қазіргі социал-демократияның қалыптасуындағы маңызды кезең, оның әр түрлі ұлттық топтарының нағыз «национализациялануы» болды. Әлдеқашан Э.Бернштейн Коммунистік манифестің тезисінің заңдылығына күмән тудыра отырып, ол бойынша «пролетариаттың Отаны жоқ» деді. Э.Бернштейн жазғандай «жұмысшы мемлекетте, қауымда тең құқылы сайлаушы болғандықтан ол ұлттық қоғамдық байлықтың ортақ иеленушісі де, қоғам оның балаларын тәрбиелейді, денсаулығын сақтайды, әділетсіздіктен қорғайды, сонымен қатар ол бейбіт Отаны бар азаматтар. Сонымен қатар, ол германдық жұмысшылар керек болған жағдайда Германияның ұлттық мүддесін қорғауына қатаң пікір айтуға шақырды.

1914 жылы 4 тамызда рейхстаптағы неміс социал-демократтардың әскери кредиттері туралы заңды қабылдауға дауыс беруі, олардың жалпы ұлттық мақсаттарын мойындағандары, таптық приоритеттің ұлттық приоритетке бағынудағы ашық манифестациясы болып саналады. Бұл шындығында герман социал-демократиясының тіршіліктегі ұлттық мемлекеттің тарихындағы жағымды фактісі ретінде қабылдауын білдіреді.

Соғыс Ұлыбритания лейбористерінің позицияларына өзінің толықтыруларын енгізді. Соның ішінде олардың пациористік интернационализмді алсіреді.

1915 дылы лейбористік партияның үш өкілі коалициялық үкіметтің құрамына кірді. Лейбористердің өкілдері әр түрді үкіметтік коммитеттерге, трибуналдарға және агенттіктерге жұмылдырылды. Демек, елді басқару механизміне қосылған олар жана статуска не болды.

Бұнымен неміс социал-демократтары мен ағылшын лейбористері өздерінің мақсаттарына ұлттық мемлекет шеңберіндегі жұмысшы таптары мен буржуазияның өзара бақталастығы мен ынтымақтастықтарын жұмылдыру процесінде жететіндіктерін көрсетті. Бұл жолмен индустриалды дамыған дүниежүзі зонасының басқа елдерінің социал- демократиялық партиялары да жүрді.

Сонымен қатар неміс социал-демократиясында орыстың ресми марксизмінде дискуссия түрінде классикалық марксизмнің бірнеше маңызды мәселері қайта қарала басталды. Сонымен қатар П.Б.Струве «халықтың көпшілігінің әлеуметтік каналуы мен кедейленуінің үдеуі» туралы Маркстың идеясына күмән келтірді. П.Б.Гегельдің диалектикалық әдісіне сүйене отырып «өзгеруінің үздіксіздігі» туралы тезисінде революцияшылыққа қарағанда, ол тезірек эволюционизмнің теориялық негіздеуі болып қызмет ететіндігін пайымдаған. Ол социализмді қоғамның тарихи қажетті формасы ретінде негіздегенде мақсатымыз екі форманы ажырататын элементтің үздіксіздігі мен тұрақты ауысуларды біріктіру жолдары деп жазған.

П.Б.Струве ортодоксальді марксизмге тән абсолютизмдік ұғым диалектикаға қарама-қарсы деп пайымдаған, дұрыс пікірлі адамдардың мақсаты дүние жүзілік апатты даярлау. «еркіндік патшалығына» утопиялық секіру емес капиталистік қоғамды біртіндеп «әлеуметтендіру» деп есептеген.

Шамасы реформистік жол бойынша белгілі бір даму потенциалы Ресейдің социал-демократиясының да негізінде болған, олар меньшевиктер, соның ішінде Г.В.Плеханов пен оның серіктестерінің бір бөлігі. Бірақ мұнда большевиктер жеңіп шығып, олар орасан зор елді өздерінің революциялық ғылыми тәжірибе полигонына айналдырды.

Қазіргі (заманауи) жағдайдағы демократиялық социализм

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін демократиялық социализм тарихында жаңа кезең басталды.

Соғыстан кейін бір уақытта, инерция бойынша ма, сенім бойынша ма, не басқа да бір себептерге байланысты көптеген социал демократиялық партиялардың жетекшілері өздерінің белгілі реформистік бағыттарымен, прагматизмдігімен оппортунизмдігімен әрдайым өздерінің марксизмнің жолын қушы екендіктерін танытты. Сонымен К.Шумахер 1952 жылы СДПәрекеттерінің Дортмундық бағдарламасының алғыс сөзінде «біздер социал демократтар ретінде марксизмді толығымен сыртқа лақтырып тастауға ешқандай себеп жоқ... Ол өзінің маңызды екі формасында да тарихқа экономикалық көзқарас және таптық күресте де ескірмейді.

Сондықтан оны нақты ақиқат растайды. Марксизм балласт емес.

Егер де біз оны катехизис ретінде қарастырмасақ та ол әдіс болып табылады, біз оны ақиқатты талдауға қолданғандықтан социологиялық және басқа да ғылыми әдістер сияқты оның күрес үшін қару, білім мен күштерді тапқаны үшін ризашылық білдіруіміз керек.

Адамдар тең құқықты және бірдей міндетті болғанда ғана таптық күрес жойылады. « Бірақ, сонда да екінші дүниежүзілік соғыстан кейін КСРО дағы большевиктік дикантура мен фашизмнің тәжірибесіне сүйене отырып еуропалық социал демократия марксизммен ажырауға батыл барды және құқықтық мемлекеттің құндылығын, демократиялық плюрализмді демократиялық социализмді мойындады.

Жылы Социлтерн Франкфуттық декларациясы атты өзінің принциптер бағдарламасын қабылдады. Онда «демократиялық социализмнің негізгі құндылықтары» тұжырымдалды. Мұнда сонымен қатар социал демократтардың

социалистік максаттарын плюралистік негіздеу мүмкіндігі туралы ереже қаралды.

Бұл мәселенің соңғы нүктесі алдымен Австрияның Социалистік партиясының Вена бағдарламасында және СДПК нін Годесберттік бағдарламасында қаралды, олар таптық күрес, өндіріс құралдарын қоғамдастыру мен жеке меншікті жою және пролетариат диктатурасы туралы негіз болатын постулаттарды батыл қабылдамады. Кейін бұл жолмен социал демократияның қалған ұлттық отрядтарының бірсыпырасы 80 жылдары біреулері ертерек, ал басқалары кейінірек жүрді.

Мұндай социал демократияның басшылары өздерінің идеялық бастауларының әр атуандығын өздерінің максаттарын бағыттарын құндылықтар плюрализмін анық көрсеткен. Бұл көзқарас бойынша П.Глотцтың К.Маркстың 100 жылдығына арналған мақаласындағы пікірі көңіл аударуға тұрарлық: «Герман социал демократиясына оның (Маркстың) ісінен не қалды? Немесе «Маркске қарсы бұл партияның тарихы екінші дүниежүзілік соғыстан кейін қалай дамиды?». Бұл сұрақтарға жауап бере отырып ол 1945 жылдан кейін СДПГ В.Айхлер, Л.Нельсон, Г.де Фриз және К.Маркстен бастап И.Кантка дейін басқарған жолмен жүргенін сендірді.

Сонымен жинақтай айтқанда тарихи материалистік және тарихи теологиялық негіздеудің орнын демократиялық социализмнің этникалық негіздеуі болады. Мұнда герман социал демократиясының басшылары өздерінің саяси платформасының философиялық негізі ретінде К.Поппердин сыншыл рационализмін мойындады.

Басқа да социал демократиялық партиялардағы көрініс осыларға ұқсас. Сонымен қатар бірсыпыра зерттеушілердің пікірі бойынша лейборизмнің идеясы саяси позициясын қалыптастыруда Ч.Диккенс, Дж Рэкин, Ллойд Джордж, К.Харди және тағы басқа да саясаттанушылардың идеяларына көңіл аудару маңызды рөл атқарады. Өзінің көзқарасы бойынша солшыл лейбористік партияның жетекшісі Т.Бенн марксизмді лейборизмнің бастауларының бірі ретінде мойындаумен қатар тіпті оған қосып христиандық социализмді, фабияндықты, Оуэннің ілімін тред юнионизмді және керек десе радикалды либерализмді де атады.

Жалпы алғанда қазіргі социал демократизмнің және соның ішінде демократиялық социализмнің мәні неде? Сірә, бұның мәні 1959 жылғы СДПГ ның Годесберттік бағдарламасында кеңінен және қысқаша көрсетілген, онда «социалистік талаптардың негізгі максаттары» ретінде бостандық, әділеттік және ынтымақтастық жарияланған. Бұл үш пункт «теңдік», «демократия» деген құндылық қосымшалармен әртүрлі модификацияда, сол немесе басқа да көптеген социал демократиялық партиялардың бағдарламасында кездеседі.

Демократиялық социализмді құруда негізгі орынға еркіндік ие болды.

Годесберттік бағдарлама бойынша еркіндік дегеніміз әр адамның өзін өзі билеуі. Барлық адамдарға тең құқықты ескермеген еркіндік зорлық зомбылыққа айналады. Теңдік еркіндікке мән береді, ол барлық адамға ақиқат. Индивидтің (жеке адамның) өз тағдырын өзі шешуі, оның мүддесі мен абыройын мойындауы тең құқықтығы әділеттіліктің мазмұнын құрайты. Бұл

құқықтарды қалдырмайтын әділеттілік сөзсіз теңгерімшілікке айналады. ол нағыз әділеттілікті таптап тастайды. Басқаша айтсақ еркіндік пен теңдік бірі бірі толықтырады. Бұл келісімді көрсететін әділеттілік болып табылады. Әділеттілік дегеніміз барлығына тең еркіндік.

Демократиялық социализмнің жолын қушылардың пікірі бойынша еркіндіктің өзін өзі көрсетуі үшін, оны жеке ғана емес сонымен қатар қоғамдық еркіндік деп те түсінгенде ғана кол жетеді. Жеке индивидтің бостандығы еркін қоғамда ғана іске асырылуы мүмкін және керісінше жеке индивидтің бостандығынсыз еркіндік қоғамда бола алмайды. М. Шлей және И. Вагнер жазғандай «бостандық индивидумға (адамға) шексіз автономия бермейді, бірақ одан қоғамның заңдарына сөзсіз бағынуды талап етеді. Тәрізі ол индивидумның еркіндігі мен оның әлеуметтік борышы арасындағы қатынас аясында болады.

Өздерінің саяси платформасының негізіне бостандықтың позитивті идеясын қойып, оны іске асыруда мемлекетке негізгі рөл берілгенін көрсете отырып еуропалық социал демократия соғыстан кейінгі он жылдықта айтарлықтай жетістікке жетті. Социал демократиялық партиялар мен оларды қолдайтын бірнеше елдердің басқару орнында болып, немесе байыпты парламенттік күшке айналып көптеген реформалардың бастаушылары болып индустриалды елдердің қарқынды экономикалық дамуын қамтамасыз етіп негізін құрды.

Мемлекеттің жақсы тұрмыс халін жасау мен институционалдау олардың ең үлкен қызметі болып табылады, онсыз қазіргі индустриалды әлемнің қоғамдық саяси жүйесінің дамуы мүмкін емес. Еуропалық және еуропалық емес елдердің социалистік және социал демократиялық партияларын біріктірген социалистік интернационал өзара келісімге келуі дамудың позитивті факторы болды.

Еуропалық интеграция процестері еуропалық социал демократияның интеграциясына түрткі болды. 1974 жылы Еуропалық бірлестіктің социал демократиялық одағы құрылды. Еуропалық парламентке сайлау осындай бірлесудің себебі болды.

Бұл парламентте социал- демократиялық партиялар дербес франкфияға бірікті, оған ЕЭЫ-ка қатысушы барлық елдердің социал- демократтары – парламентарийлері кірді. Еуропалық социал-демократия хельсинктегі процесті өрістетуде, соңғы онжылдықтағы халықаралық жағдайды жақсартуға мүмкіндік туғызған және басқа да маңызды процестерде. Шығыс пен Батыс арасындағы шиеленісушілікті бәсеңдетуге жетуде маңызды рөл атқарды. 20 ғасырдағы социал-демократияның мынадай көрнекті қайраткерлері В.Брант, У.Пальме, Б.Крайски, Ф.Миттеран және т.б. бұл аспектілердің бәрінде баға жетпес рөл атқарды.

Елдің ішкі саяси даму деңгейінің басымдықтарын анықтауда социал-демократияның позитивті рөлінің қаншалықты маңызды екені туралы көрнекті мысал ретінде Швециясы айтуымызға болады. Осыған байланысты ең алдымен демократиялық социализмнің «скандинавиялық үлгісі» туралы айту керек. Соғыстан кейінгі онжылдықта бұл үлгі Дания, Норвегия және Швециядағы

мемлекеттік тұрмыс халінің жақсы формасы ретінде жобалап түсіндіріледі. Қағида бойынша оның пайда болуын билікке бірінші социал-демократиялық үкіметтің келуімен байланыстырады: Данияда 1929 жылы, Швеция мен Норвегияда 1932ж. Швецияда капитализмді қайта құрудың ең аяқталған түрі іске асырылғандықтан «скандинавиялық үлгі» деген атпен белгілі болды.

«Швециялық үлгінің» қалыптасуы мен нығаюы үшін қолайлы болғаны, швецияның екінші дүниежүзілік соғысқа қатыспағандығы және Швецияның социал-демократиялық жұмысшы партиясы СДРПШ 30 жылдардың басынан 70жылдардың ортасына дейін ауыспай билік басында болғандығы. Бұл жағдайлар жүйелі түрде ұзаққа бағытталған әлеуметтік-экономикалық реформаларды жүзеге асыруға азды-көпті мүмкіндік берді. 70 жылдардың ортасына қарай шведтік социал-демократтар мемлекеттің жақсы тұрмыс халінің әлеуметтік бағдарламасын жүзеге асыруда едәуір табысқа жетті. Сның ішінде 50ші жылдарда әлеуметтік мақсатқа жұмсалған ұлттық табыстың үлесі 10 пайызға, ал 70ші жылдары 13 пайызға өсті, соған сәйкес олардың өмір сүру деңгейі де жақсарды. Мысалы, тұрғын үй құрылысы, кәсіби оқу, білім, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру салалары және тағы басқалары едәуір жетістіктерге жетті.

Қағида бойынша Шведтік үлгінің негізгі өзгешелігі болып ерекше саналатындары: аса тиімді экономиканың біршама қысқа мерзімде қайта жасалуы; еңбекке жарамды барлық адамдардың іс жүзінде жұмыспен қамтамасыз етілуі; кедейлікті жою, дүниежүзіндегі ең дамыған әлеуметтік қамтамасыздандыру жүйесін құруы; сауаттылық пен мәдениеттің жоғары деңгейіне жетуі.

Әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету мақсатында демократиялық мемлекеттің ұлттық табысты қайта бөлу функциясының жүзеге асыру негізінде бұл үлгіні кейде «функциональды социализм» деп те атайды. Бұл үлгіде аралас экономиканың негізін жеке меншікті капиталистік нарықты экономикамен жасалып шығарылған өнімді қайта бөлудің әлеуметтік бағыттау жүйесінің органикалық байланысын құрайды. Мемлекеттің саясаты халықтың төменгі топтарының әлеуметтік деңгейін, халықтың ауқатты топтарының әлеуметтік деңгейіне дейін жеткізуге бағытталған. Мемлекет дамыған әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін қамтамасыз ету мен жұмыспен толық қамту үшін жағдай жасауға міндетті. Мұндағы мақсат, қоғамның маңызды салаларына әлеуметтік көмек көрсету жолымен әлеуметтік теңсіздікті қысқарту болып табылады. Бұл қызметтерге жататындар: балалар үшін отбасылық жәрдем жүйесі, мектептегі тегін білім беру, қарттарды әлеуметтік жағынан қамтамасыз ету, жұмыссыздық жәрдемі тұрғын үймен қамтамасыз ету және т.б.

Соңғы бір жарым-екі онжылдықта маркстік мұраның құндылықтарынан одан ары арылу үшін жалпы контексте социал-демократияда жеке бостандыққа, жеке меншікке, нарықтық қатынастарға және олармен байланысты құндылықтар мен мақсаттарға мемлекеттің позитивті ролін қайта қарау акцентінің күшеюі үрдісі байқалған. Сонымен қатар осы акцент демократиялық социализм партияларының либералдық демократия нормалары мен құндылықтарын институттарын тым батыл контекстінде қолдау жасады.

Олардың көпшілігі 70-80 жылдары жана бағдарламалық құжаттар қабылдады. Олардың бәрі өздерінің бағдарламаларының негізінде бірнеше негізгі мақсаттар қойды, олар саяси плюрализм экономиканың жеке меншікті капиталистік нарықты принциптері кейінсіандық сипаттама негізінде экономиканы мемлекеттік реттеу, халықтың әлеуметтік жағынан қорғалған топтарына әлеуметтік көмек, жұмыспен барынша көп деңгейде қамтамасыз ету және т.б. Социал демократиялық бағдарламаларды этникалық дәлелдемелердің күшею үрдісі бар.

70-80 жылдардағы орталықсыздандыру, мемлекетсіздендіру, мемлекеттік реттеуді қысқарту, нарыққа жағдай жасау және т.б. консерваторлық толқындардың өздеріне тән талаптарының өріс алған жағдайда социал-демократияда национализациялау ұранын қабыл алмау, қоғамдастырумен әлеуметтену және демократиялық социализмнің басқа да дәстүрлі мақсаттарын қабыл алмау көңіл күйі өсуде. Әрдайым жеке меншіктің өндіріс құралдарының жоқтығын сақтаған оншыл топтардың позициялары күшеюде.

Бұл көңіл-күй демократиялық социализм партияларының көпшілігіне, әсіресе 80 жылдар мен 90 жылдардың басында билікте болғандарға тән. Бұл, сондай-ақ, осы партиялардың шын мәнінде мемлекетсізденудің, децентрализацияның, денационализацияның ұлттық ерекшелігін жоюдағы неконсервативті экономиканың саясатын жүзеге асыруын көрсетеді. Социал-демократияда бұл өзгерістер КСРО-дағы тоталды жүйенің өрістеуіне, Шығыс Еуропаның жаппай тоталды мемлекеттендірілуі және жеке меншікті өндіріс құралдарын жоспарлау мен дағдарыстың өсуін жою жағдайында болғандығын атап көрсету қажет. “Социализмнің нақты” тәжірибесі, бұл атрибуттардың мүлкіті алуға жатпайтындығымен қатар оны бірнеше рет күшейтеді, бостандықпен қамтамасыз етпеумен қатар басым көпшілік халыққа мемлекеттің тираниясын шексіз күшейту мен нығайтуын барлық әлемге өз ісімен паш етіп көрсетті. Мемлекеттің өндіріс құралдарының монополиясы адамдар өмірінің монополиялық бақылауына айналады.

Соңғы жылдары социал-демократияда тезистер әйгілі болуда, мемлекет өзінің молшылық мақсаттарын орындағанына сәйкес, оны “қоғамдық молшылықпен” ауыстыру қажет. Оның мәні, әлеуметтік істерді іске асырудағы мемлекеттің шексіз құқығы мен істерді децентрализациялауды мойындауының қажеттілігі және оларды қоғамдық институттар мен жергілікті билікке тапсыруы болып табылады. Сонымен, мысалы, Швецияның жұмысшы социал-демократиялық партияларының жетекшілері мемлекеттің тұрмыс халінің жақсы жасалуының аяқталуы мен оның дамуының жаңа кезеңіне өтудің қажеттілігі туралы мәлімдеді.

Сонымен, 1986 жылы социал-демократиялық үкімет министрі Б.Хольмберг Швецияның жұмысшы социал-демократиялық партиясы “шведтік жаңа үлгіні” жасауға бағыт алуы тиіс деп тезисте атап көрсетті. Бұл жаңа үлгінің маңызды элементі ретінде муниципальды ұйымдар мен мемлекеттің рөліне көзқарасты өзгерту ұсынылды. “Бүгінгі күннің басты басты мәселесі- “мардымсыз” мемлекеттік реттеуді жою”-деп Хольмберг атап көрсетті. Мемлекетке ішкі және сыртқы жахандық проблемаларды жалпы шешу мен реттеу ұйымының қызметі

берілуі керек, денсаулық сақтауға білім беру, тұрғын үй шаруашылығы демалысты ұйымдастыруға қатысты мәселелерді шешу толығымен мунициполитетке берілуі қажет.

Демократиялық социализмде қоғамды реформалаудағы құралдар мен мақсаттардың ара қатысы туралы мәселе негізгі орында болды. Бұл мәселені түсінудің кілті Э.Бернштейннің әйгілі сөздерін дұрыс түсінуде: «Мен үшін мақсат қандай болса да ештеме емес, ал қозғалыс бәрі.» Бұл сөздіңі мағынасын түсіну үшін ең алдымен қағдай контексте айтылғандығын еске түсірейік. Бұл жағдайды алғаш рет 1897 жылы Бернштейн «Социал демократияның күресі және қоғамдағы революция» атты мақаласында тұжырымдады. Ол «Мен оны ашық мойындаймын Социализмнің соңғы мақсаты» деп әдетте түсіндірілетін мағына мен үшін аса маңызсыз да, қызықты емес, қозғалыс – барлығы» деп жазған Қозғалысты мен қоғамның жалпыға бірдей қозғалысы, яғни әлеуметтік прогресс, сонымен қатар саяси және экономикалық үгіт пен бұл прогреске ықпал ететін ұйымдар ретінде түсінемін. Э.Бернштейн бұл пікірді 20 жылдан кейін өзінің «Социализм деген не?» деген кітабында дәлелдеді. Социализм революциялық күйзелістің нәтижесі емес, ол «жұмысшы қозғалысының көптеген экономикалық және саяси жеңістерінің, жұмысшылардың қайыршылық күйі мен қорланушының өсуінің нәтижесі емес, бірақ олардың әлеуметтік ықпалдарының өсу салдары ретінде және экономикалық, саяси және жалпы әлеуметтік пен саяси тәртіпті салыстырмалы жақсартуды жеңіп алуында» деп ол атап көрсетті.

Сірә, мұнда біртіндеп дәлелдеуді, нақтылы шаралардың болуын, күнделікті ескіше негізделген жұмыстарды, «аз істерді» орындау процессінде іске асыру жиынтықтары социализмге апаратын қозғалысты құрайтындығын көреміз. Бұл мағынада алыстағы абстрақты мақсатқа қарағанда қозғалысқа приоритет берілді. Шын мәнінде мұндай тәсіл демократиялық социализм партияларының көпшілігінің саяси бағдарламаларының стратегиялық мақсаттары болды. Сонда, мүлде абсолюттік, ақтық шындық мүмкін емес постулатына сүйіне отырып Годесбергтік бағдарламаның авторлары нақтылы қоғамдық қызметте абсолюттік ынтымақтастық пен абсолюттік әділеттілік, абсолюттік бостандықтың мүмкін еместігіне ерекше көңіл аударған.

Сондықтан оларға абсолюттік құндылық ретінде ұмтылу емес, одан үлкен шындығы бар ынтымақтастық пен әділеттілікке, бостандыққа ұмтылу туралы сөз болып отыр. Бұдан негізгі құндылықтар, саясаттың нормативті мақсаттары екенін көреміз.

Бұл көзқарас бойынша француз социалисттік партиясының позициясына едәуір көңіл аударуға болады. Соның ішінде «Франция үшін ұсыныс» (1988ж.) атты бағдарламаның құжатында былай айтылған: «Социалисттік қоғам – бұл соншалық тарихтың соңына ұмтылу емес, ол социализмге ұмтылу, әлеуметтік қатынастарды қайта құру мен реформаларды жетілдіру және адамдардың мінез-құлқы мен олардың арасындағы қатынастарды өзгерту болып табылады. Социализмге алға басу бағытын шведтік және швейцарлық социал-демократтары да ұстанады. Соның ішінде олардың жетекшісі Х.Хубер: «Социализм – біз

кабылдайтын үлгі емес, ол процесс, оның барысында біз өзіміздің тарихымызды өзіміз анықтауды үйренеміз» деп атап көрсеткен.

Сондықтан таңқаларлықтай ештеңе жоқ, социалистік және социал-демократиялық партиялардың көпшілігінің саясатының жалпы бағыты, кезекті сайлауда жеңіске жету жағдайында іске асырылатын тиісті іс-шаралар тізімінің бар болуы біршама қысқа мерзімді бағдарламалық құжаттармен анықталады.

Социал-демократтар лидерлерінің өз партияларының ішінде қалай болса, сыртында да дәл солай жеңіл жол беру мен ымыраға келулерін осымен түсіндіруге болады.

Француз социалистік партиясының осы ерекшелігін бағалай отырып публицистер қағида бойынша оны «принципінде принципсіз» деп сипаттайды. Бұл тезисті дәлелдей отырып кейбір шолушылар оны «дирижистік те, либералды да, діни де, анти клерикалық та, ядролық энергетиканың жақтасы да, қоршаған ортаны қорғаушысы да емес» деп атауға болмайдығын мақұлдайды. Бұған байланысты белгілі консервативті публицист Ж.Ф.Ревиль соцпартияның белгілі жағдайларда барлық қайшылықтарды шешуге қабілетті болғанын атап көрсетті: бір мезгілде маркстік және маркстік емес болуды; өзінің рөлінің ерекшелігі мен коммунисттермен бірлік...қорғауды; нағыз еуропалық және еуропалыққа қарсы позицияларды қорғау; Еуропадағы социал-демократияға және Франциядағы социал-демократияның оңшылдары мен солшылдары соншалық бір бірімен қосылыспады, оларды аса қиындақсыз- ақ әр түрлі партияларға тартуға болар еді. Мысалы, Италияда дәл солай болды. 50-ші жылдардың ортасында социалистік партияның оңшыл қанаты одан бөлініп шығып дербес социал-демократиялық партия құрды.

80-ші жылдардың басында Англияда да солай болды, лейбористік партиядан бөлінген топтар сондай-ақ дербес социал-демократиялық партия құрды. Француз социалистік партиясы үшін социал-демократияның арбауына душар болды. Бұл партияның солшыл және оңшыл қанаттарының арасында едәуір маңызды айырмашылық болғаны белгілі. Бұл демократиялық партиялардың көпшілігіне қатысты.

Сондықтан бұл партиялардың басқалармен коалицияны жасауға едәуір ауыртпалықсыз баратындығына таңқаларлықтай ештеңе жоқ. типті консервативті және либералды партиялармен де. Ең көрнекті үлгіні СДПГ көрсетті, ол 1966 жылдың басынан ХДС (ХСС) пен үкіметтік коалицияға баруы, ал 1969 жылдан 1988 жылға дейін – Германияның Еркін демократиялық партиясымен бірікті. Мұндай коалицияға Португалия, Дания, Финляндия, Италия, Австрия, Австралия, Бельгиялардың социалистік және социал-демократиялық партиялары жүйелі түрде кіреді. Инсбурк (Австрия) университетінің саяси ғылымдарының докторы, профессор А.Пелинка, саясаттың одақтары (бірлестіктері) мен социал-демократиялық партиялардың коалициясында негізгі төрт варианттарды бақылауға болады деп атап көрсеткен:

- британдық нұсқа (вариант), принципінде қандай да болмағандығы, тек ерекше жағдайда ғана рұқсат ететіндігі, мысалы, соғыс жағдайында ғана.
- скандинавиялық түрі, солшылдармен қалай болса, оңшылдармен де дәл сондай тең құндылық одақтарын мақұлдаған.

• ортаеуропалық түрі (Нидерланды, Бельгия, ФЭЕ, Швейцария, Австрия) тек консерваторлармен, либералдармен одактасуға жол берген, бірақ коммунисттермен одактасуға қарсы болған.

оңтүстік еуропалық түрі, кез келген партиялармен одактасуды қарастырады. Оның көрнекті мысалы ретінде 80жылдардың басындағы социалистер мен коммунисттердің үкіметтік блогы болып табылады.

XX-ғасырдың соңында социал-демократиялық партиялармен және басқа да идеялық – саяси бағыттағы партиялар арасындағы біршама анық суреттелген айырмашылықты көрсету өте қиын. Мұнда көптеген принциптер, мақсаттар, құндылықтар, саяси демократияның нормалары бұрын араларындағы қызу күрестің алаңы болса, енді жоғарыда көрсетілгендей жалпы игілікке айналғанын көреміз. Бірақ демократияның шегі туралы мәселе әлі де айтыс, тартыс, даулы болып қалуда. Консерваторлар мен либералдар демократияны аса саяси феномен деп көндіруге бейім, сондықтан да ол басқаларға таралмауы қажет, соның ішінде экономикалық салаға. Социал-демократтар керісінше позиция ұстануда, оларша демократия, бостандық, теңдік – субстанциялық шамалар, сондықтан олар саяси саламен шектелмеуі қажет. Сөйтіп, екі жағдайда да демократияның өзі емес, оның таралу шегі мен саласы туралы сөз болып отыр.

12 – дәріс. «Саяси мәдениеттің негізгі үлгілері»

Дәрістің мақсаты: Саяси мәдениеттің негізгі модельдерін (үлгілері) зерттеу, типологияның критерийлерін қарастыру, әр түрлі жіктеулерді талдау.

Дәрістің жоспары:

1. Саяси мәдениетті типтеу критерийлері.
2. Батыстық саясаттанудағы саяси мәдениеттің үш «таза» типі (Г.Алмонд, С.Верба)
3. У.Розенбаумның, Д.Элейзардың, У.Блюмның типологиясы
4. Қоғамның саяси мәдениеті мен саяси субмәдениеттердің арақатынасы.
5. Саяси мәдениеттің негізгі модельдері.

Негізгі түсініктер: саяси мәдениеттің «таза» типтері, саяси субмәдениеттер, саяси мәдениеттің модельдері.

Пайдаланылатын әдебиеттер:

1. Политология. Учебник для вузов /под ред. М.А.Василика. М., 1999 гл. 12
2. Гаджиев К. С. Политическая наука: Учебное пособие. М., 1995
3. Политическая культура: теория и национальные модели. М., 1994
4. Пугачев В. П., Соловьев А. И. Введение в политологию.
5. Алмонд Г. Гражданская культура и стабильность демократии // Полис, 1992, №4.
6. Алексеева Т. А., Капустин Б. Г., Пантин И.К. Перспективы интегративной идеологии // Полис, 1997, №3.

7. Андреев С. Политическое сознание и политическое поведение // Социально – политический журнал, 1992, №8.

8. Баталов Э. Я. Политическая культура современного американского общества. М., 1990.

9. Гаджиев К. С. Политическая культура: концептуальный аспект // Полис, 1991, №1.

10. Калмырзаев А. Национальная идея и национальная идеология // Мысль, 2001, №6.

Саяси мәдениет толып жаткан факторлардың әсерімен, оның әр алуан түрлері мен үлгілерінің алдын ала анықталуымен қалыптасады.

Саяси мәдениеттің түрлері келесі себептермен анықталады:

1. Жалпылық деңгейіне байланысты: жалпы (халықтың негізгі көпшілігінің саяси мінез құлқы мен саяси санасын сипаттайтын ең тұрақты, типтік белгілері) және субмәдениет (анық әлеуметтік топтар мен аймақтарға тән саяси мінез құлық үлгілері мен саяси бағдарлардың жиынтығы);

2. Сол немесе басқа елдердегі саяси субмәдениеттердің бірлесіп әрекет жасауының келісушілік дәрежесіне байланысты: интегралданған (саяси жүйенің мүмкіншілігі мен адамдардың жұмыс істеу жөніндегі түсініктерін бірлік тенденциясы мен саяси зорлық зомбылық пен келіспеушіліктің төменгі деңгейімен, саяси коллизияны шешудегі заңдық процедуралардың басымшылығы, материалдық молшылықтың жоғарғы деңгейі, халықты қорғаудағы дамыған әлеуметтік жүйе, өте көп орта топпен сипатталуы) және фрагментарлы (қоғамды саяси құруда азаматтардың келісімінің жоқтығы мен билікті түсіну мәселесіндегі айрмашылықтың болуы мен әлеуметтік қарым қатынастың үзілгендігімен, әр түрлі топтардың арасындағы сенімнің жоқтығымен, әлеуметтік шиеленісушілік пен келіспеушіліктің жоғары дәрежесімен, үкіметтің тұрақты еместігімен, зорлық зомбылықты мемлекеттік билікті іске асыруда негізгі әдіс ретінде қолданымен сипатталады);

3. Билікке қатысуға байланысты: үстем етуші және қарсы мәдениет;

4. прогреске қатысты байланыстылық: тұйық (дәстүрмен белгіленген үлгіні қалпына келтіруге бағытталған) және ашық (өзгеруге бағытталған, жаңа құндылықтарды жеңіл меңгеретін);

5. Адамдардың саяси жүйенің жұмыс істеуін қамтамасыз етуіне, саяси өмірге қатысудың бағыттарының дәрежесіне байланысты: патриархалдық (азаматтардың саяси өмірге қызығушылығының жоқтығымен сипатталады), азаматтық (мұнда саяси институттарға бағытталу күшті және азаматтардың жеке белсенділік деңгейі төмен) және активистік (азаматтардың саяси қатысуға қызығушылығы туралы және мұнда белсенділік көрсету туралы қуаландырады);

6. Саяси мінез құлық стиліне байланысты: нарықтық (мұнда саясат ...бір түрі ретінде түсіндіріледі және азаматтардың әрекеттері ерікті алмасу актісі ретінде қарастырылады) және этатистік (мұнда саяси өмірді ұйымдастырудағы институттардың рөлінің басым болуымен жеке адамның саяси қатысу жағдайын анықтауды қарастырады);

7. Саяси тәртіп түріне байланысты: демократиялық және антидемократиялық;

8. таптық тәсіліне байланысты: аграрлық, пролетарлық, ұсақ буржуазиялық, буржуазиялық және т.б.;

9. Діни мен қарым қатынасқа байланысты: діни дәстүрлі (биліктің қасиетті табиғатын мақұлдау, саяси қатынастардың нақтылы жүйесінің тұрақтылығы мен оның саяси нормалары) және аксүйектік (прогматизмді, эмпиризмді сипаттайды);

10. Саяси әрекетте құндылыққа бағытталған сол немесе басқа да бірлікке байланысты: жалпы әлеуметтік (мұнда барлық құндылық болып адамның өзінің керектігі мен мүддесі алға шығады) және элитарлық (мұнда басты құндылық болып билік өзі алға шығады, ал адам, қоғам бұл мақсатқа жету үшін құрал ретінде қарастырылады).

Саяси ғылым осының негізінде және басқа да көптеген негізде саяси мәдениетті әр түрлі варианттарға жіктеуді ұсынды. Саяси мәдениеттің әр түрлі үлгілерін (модельдерін) жүйелеу үшін американдық саясаттанушылар Г.Алмонд пен С.Верба 1958 жылдан 1962 жылға дейін кең көлемді компаративті зерттеу негізінде әрекет жасады. Зерттеудің нәтижесі «Азаматтық мәдениет» еңбегі болды. Онда авторлар саяси мәдениеттің үш идеалды үлгілерін (модельдерін) атап көрсетеді: патриархалдық, азаматтық (поддандық) және қатысу мәдениеті.

Патриархалды жергілікті, ұлттық құндылықтарға бағытталумен сипатталады және жергілікті патриотизм, отбасылық, жемқорлық пен мафия түрінде байқалуы мүмкін. Мұндай қоғамның мүшесі саясатта енжар, нақтылы саяси рөлдерді (мысалы, сайлаушы) орындамайды. Мұндай мемлекет түрі жас тәуелсіз мемлекеттерге тән.

Поддандық (азаматтық) жеке адамның саяси жүйеге енжар және шеттелеу қатынаста болғанын болжайды. Ол дәстүрге бағытталады, өйтсе де саяси саналы. Билікке бағына тұрып, жеке адам одан әр түрлі ниетті күтеді (әлеуметтік жәрдем, кепілдікті және т.б.) және оның үстемділігінен қауіптенеді. Дал осы саяси мәдениет 20-30 жылдардан бастап ССРО-да басым болды.

Қатысу саяси мәдениеті (азаматтық) саяси белсенділікпен, еліктеушілікпен және рационалдылықпен ерекшеленеді. Азаматтар саяси мәдениетке белсенді әсер етуде, оның қызметін ықпал жасайтын заңды құралдардың көмегімен бағыттауға (сайлау, демонстрация және т.б.) ұмтылады.

Нақтылы өмірде бұл үлгілер «таза күйінде» едәуір сирек кездесетін түсіне отырып, Г.Алмонд пен С.Верба өздерінің методологиясының негізінде саяси мәдениетті сонымен қатар тағы 3 аралас түрге бөлді провинциалистік-поддандық, поддандық-партиципаторлық және провинциалдық-партиципаторлық деп.

Провинциалистік-поддандықтың ерекшелігі «халықтың едәуір бөлігі феодалды, деревнялық және тайпалық аралас биліктің төтенше әрекеттерін қабыл алмайды және орталықтандырылған арнайы бағыттағы үкімет құрылымдарының ең күрделі саяси жүйелеріне қатысты адалдық көрсетеді. Бұл мәдениеттің түрі мемлекеттің бірыңғай орталықтандыру кезеңіне тән.

Мәдениеттің подландық-партиципаторлық түрінің ерекшелігі қоғамның едәуір бөлігінде саяси жүйеге және оның элементтеріне қатысты «белсенді өзін өзі бағыттау» мен «амандандырылған бағыттың» пайда болғандығында. Бірақ сонымен қатар халықтың елеулі бөлігі үкіметтің өктем құрылымына одан әрі бағытталуда және өзі ең жар бағыттауды ұстанады.

Провинциалистік-партиципаторлық саяси мәдениет көптеген дамыған елдерге тән. Олардың көбінде саяси жүйе провинциалистік үзінді түрінде сипатталады және Г.Алмонд пен С.Вербаның проблемасы бойынша азаматтардың саяси өмірге белсенді қатысуы қамтамасыз ету болып табылады.

Кез келген қоғамның саяси мәдениеті әр түрлі мәдениеттің түрлерінің күрделі әрекеттерін көрсетеді, олардың ара қатынастары қоғамның даму деңгейіне байланысты болғандықтан бұл бөліну практикада өте шартты. Дамыған қоғамға, демократиялық индустриалды саяси жүйеге азаматтық саяси мәдениет тиісті, оның айырмашылық белгілері саяси институттардың легитимдігі туралы консенсус, басқа құндылықтар мен мүддеге, саяси жете блушілікке қатысты төзімділік.

Қазіргі саясаттануда саяси мәдениеттің классификацияланған модельдерінің басқа да түрлері едәуір кең тараған. Мысалы, У.Розенбаум зерттеген типологизациясының негізінде субмәдениеттердің арасындағы өзара қатынастардың сипаты қойылған. Бұл негізде ол саяси мәдениеттің интегралданған және фрагмент ...түрлерін атап көрсетеді.

Интегралданған түрі қоғамдағы көпшілік негізгі құндылықтар бойынша келісуді ұйғарады.

Фрагменттелген саяси мәдениет әр түрлі қатысты өткір дау жанжалдармен (шпеленіскен конфликтермен) ерекшеленеді, тұрақсыз саяси жүйенің институттарының берік еместігіне тән.

13 – дәріс. «Саяси мәдениеттің ұлттық және аймақтық нұсқалары, олардың өзіндік белгілері мен ерекшеліктері»

Дәрістің мақсаты: Саяси мәдениеттің ұлттық және аймақтық нұсқаларының мәнін ашу, олардың ерекшеліктері мен өзгешеліктерін талдау, инновацияның дәстүрлерін айқындау.

Дәрістің жоспары:

1. Нақтылы ұлттық-елдік шындықтағы саяси мәдениет
2. Саяси мәдениеттің ұлттық -өзіндік түрлерінің өзіндік ұлттық, элеуметтік-мәдени, конфессиялық дәстүрлі-тарихи және басқа да ерекшеліктері
3. Азия мен Латын Америкадағы, Африкадағы әскери-диктаторлық және авторитарлық режимдер жағдайындағы саяси мәдениет
4. Кеңестік саяси мәдениет: мәні және типтік ерекшеліктері
5. Қазіргі қоғамның саяси мәдениеті: дәстүрлері мен инновациялары.

Негізгі түсініктер: Саяси мәдениеттің ерекше формалары, ұлттық, дәстүрлі-тарихи, конфессионалды ерекшеліктері, кеңестік саяси мәдениет

Пайдаланылатын әдебиеттер:

1. Гаджиев К.С. Введение в политологию, М., 1997
2. Алмонд Г. Гражданская культура и стабильность демократии //Полис, 1992, №4.
3. Алексеева Т. А., Капустин Б. Г., Пантин И.К. Перспективы интегративной идеологии // Полис,1997, №3.
4. Андреев С. Политическое сознание и политическое поведение //Социально – политический журнал,1992, №8.
5. Баталов Э. Я. Политическая культура современного американского общества. М.,1990.
6. Гаджиев К. С. Политическая культура: концептуальный аспект // Полис,1991, №1.
7. Калмырзаев А. Национальная идея и национальная идеология //Мысль, 2001, №6.
8. Политология. Учебник для вузов /под ред. М.А.Василика. М., 1999
9. Политическая культура : теория и национальные модели. М., 1994.

Саяси мәдениетті талдағанда (анализдегенде) саяси мәдениеттің көптеген аймақтық және ұлттық түрлерінің (вариацияларының) бар болу фактілеріне сүйену керек, олар қоғамдық тарихи, ұлттық мәдени. жағрафиялық, діни және басқа да ерекшеліктерімен қамтамасыз етіледі.

Ағылшын ғалымы Д.Каванах әр түрлі субмәдениеттің өзара қатынас негізіндегі типологиясының түрлерін (варианттарын) ұсынады, оның концепциясында гомогендік, фрагменттік, аралас және жасанды гомогендік саяси мәдениеттер атап көрсетіледі.

Гомогендік саяси мәдениет қоғамның негізі болатын құндылықтардың бірлігі мен төзімділікпен (толерантықпен) сипатталады.

Фрагменттік саяси мәдениетті әр түрлі субмәдениеттердің дау жанжалдық (конфликттік) оппозициялықпен ерекшелейді.

Аралас саяси мәдениеттің айырмашылық сипаттары өмірде қолданыстағы тәртіптің құндылықтары мен нормаларының ерекше құнды бағыттарының бар болуы болып табылады.

Жасанды гомогендік саяси мәдениетке тән енжарлық пен жұмылдырылған (мобилизацияланған) саяси қатысу.

Саяси мәдениеттің ұлттық түрлерін (варианттарын) жіктеудің ерекше тәсілін Р.Шварценберг ұсынды. Жіктеудің критерийі ретінде зерттеуші саяси мәдениеттің инновацияға қабілеттілігінің дәрежесін қалыптасқан әлеуметтік экономикалық және саяси жағдайларға басқа елдердің саяси тәжірибесін бейімдеу мүмкіндіктерін пайдалануды ұсынды. Осы тәсілдің негізінде Р.Шварценберг ашық және жабық саяси мәдениетті атап көрсетеді.

Базалық (негізгі) құндылықтар саяси мәдениеттің түрлерін бөлудегі тағы бір критерийі болып табылады, оларға саяси қызметінде немесе саяси процесте сол

немесе баска бірліктер бағытталады. Бұл сәйкестікке қарай саяси мәдениеттің үш түрін атап көрсетуге болады.

Жоғары азаматтық мәдениет

Базальто (негізгі) құндылық – адамның қажеттіліктері мен мүдделері. Саяси жүйе толығымен және оның барлық құрылым элементтері демократиялық сипатта болады. Адамдарға болып жатқандарды бәріне жауапкершілік сезімі тән, сондықтан саяси процеске қатысушылардың әлсізділік дәрежесі жоғары.

Элитарлы саяси мәдениет

Базальто (негізгі) саяси құндылық – билік немесе әкімшілік құрылымдар (мемлекет, элиталар). Адам саяси элита ұсынған максатқа жетудегі құрал ретінде көрінеді.

Арханкалық (көне) саяси мәдениет

Басты (негізгі) құндылық - өздері жататын этнос мүддесі. Мұнда адам өзін тұлға ретінде ұғынбайды, өзін этникалық бірліктен бөлмейді.

Екі жан жақты цивилизацияланған (өркеніетті) феномен ретінде мемлекет пен нарықтың ықпалын еске ала отырып едәуір қызықты нәтижелі саяси мәдениетті жіктеудегі тәсіл, сондықтан оның көптеген модификациялары нарықтық және этатистік екі негізгі түрлері туралы білуге мүмкіндік береді. Нарықтық мәдениет саяси әрекеттердің нәтижелерін плюралистік ауыстыру мен еркін акт ретінде. М.Дюверженің пікірі бойынша «барлық азаматтардың қоғамға интеграциялануы мен әліл мемлекет құруды» іске асыру құралы ретінде адамдарды саяси процестер мен құбылыстарды түсінуге бағыттайды. Бұл мәдениет, мұнда бәсекелік күрес, қоғамның дамуы мен жан-жақты жұмыс істеу принципі ретінде түсініледі. Керісінше мәдениеттің этатистік түрі саяси процестердің дамуы мен бағытын қатаң мемлекеттік реттеу жаңдайында қамтамасыз етеді, мемлекет мүддесі басқа мүдделерден жоғары қойылады, ал әлеуметтік қонорліктер керек болғанда күш арқылы ретке келтіруі мүмкін.

Польшаның әлеуметтанушысы Е.Вятр альтернативтік (балама) түрлерін (типологиясын) ұсынды. Ол саяси мәдениет пен саяси жүйелердің байланысы мен олардың негізінде қоғамдық саяси формацияларының жатуында, негізі ретінде үш әртүрлілікті атап көрсетті: дәстүрлі, буржуазиялық-демократиялық және социалистік демократияның саяси мәдениеті, олар екінші дәрежедегілермен толықтырылады: сословиялық демократияның саяси мәдениеті, автократиялық және ескіден қалған (реликтік) автократиялық.

Мұнда буржуазиялық-демократиялық мәдениет бірде консервативті-либералды немесе либералды-демократиялық түрде көрінеді: біріншісі басты құндылық ретінде азаматтық құқық пен бостандықты мойындайды, бірақ сол бір мезгілде саяси мәдениеттің қоғамдық-реформалық аспектісін мойындамайды, ал екіншісіне мемлекеттің іске асырып жатқан әлеуметтік реформаларымен ерекшеленеді.

Либералды-демократиялық үлгісінде (моделінде) еркіндік, теңдік, әділеттілік қатынастарының проблемалары маңызды орын алады. Нәтижелер теңдігінің алдында страттық жағдайлар теңдігі, әлеуметтік теңдік алдында әділеттілік теңестіріледі бүтіндей көбінесе мүмкіншіліктердің теңдігіне жоғары баға беріледі.

Е.Вятр бойынша авторитарлық саяси мәдениет идеал ретінде адамдардың еркіндігі мен дамыған демократиялық құқықтарын қосқанда күшті билікті мойындайды, бірақ оларды тіл алғыш мінез-құлыққа бағыттап, адамдарды саяси өмірге белсенді қатысуға бағыттамайды.

Тоталитарлық саяси мәдениет көсем белгілеген күшті билікті принциптермен сәйкес саяси өмірге адамдарды белсенді тартып қатысуды көсемнің культі біріктіреді. Бұл жағдайда азаматтардың сыртқы саяси белсенділігі, саяси бағыттың плюралистік жасалуы, өздерінің пікірлерін демократиялық еркін білдіру емес.

Е.Вятрдің типологиясына саяси тәртіптер түрлері бойынша әр түрлі елдердің саяси мәдениетін жіктеуі едәуір жақын. Жалпы бағдар бойынша бұл мына бейнеде көрінеді тоталитарлық саяси мәдениет. Саяси тәжірибенің мұрагерлігі «Биліктің рұқсат етуі мен қолдағандардан басқа барлығына тыйым салынған» принципі бойынша іске асырылады.

Тоталитарлық саяси тәртіпте саяси мәдениет репрессивті, консервативті, бюрократиялық, билік культін қолдайды (көсемді, партияларды), көп жүзді (билік пен диалог мүмкін емес). Онда адамдардың жеке өміріне, қоғамның барлық саласына (сферасына тоталды бақылау қойылған) цензура, бақылаушы ұйымдар, қалай ашық әрекет етсе, дәл сол сияқты жасырын әрекет етеді.

Мұндай саяси мәдениет индивидуализмге қарама қарсы. Әлеуметтік келісім үшін жағдай жоқ болғанда коллективизмді (бірлестікті) жоғарғы принципке көтеріп, халық пен биліктің абсолютті бірлігіне, құрылым мен көсемнің әділеттілігі мен құдыретіне сеніп сүйене отырып, ол үнемі сананы тудырады.

Тоталитарлық сананың принципі – билікпен қосылу. Ол басқаша ойлаушыларға қатысты догматы, агрессивті мифологиялық (жаудық бейнесін қалыптастырады). Мұндай мәдениет дін мен әлеуметтік ғылымның орнын идеологиямен толтырады, сол себепті мәдениетте билікті сынау, өмірде болып жатқан шындықты сынауға мүмкін емес.

Осының бәрі барлық қарама қарсылықтар мен парадоксалдықтың үйлесімділігінің, қайшылығының басы, тоталитарлық санада анықтаушы конформизм, ортақшылдық, масаттанушылық және тағы басқалар, көпшіліктегі адамның әлеуметтік саяси түрі ретінде шамалылықтың логикалық сипаттың матрицасының жиынтығын біріктірушісі болып табылады.

Авторитарлық саяси мәдениет саяси тәжірибені мұрагерлік етуде тоталитарлыққа жақын. Онда «саясаттан басқа барлығына рұқсат етіледі» принципі іске асқан. Авторитарлық саяси мәдениет бірлогикалы беделге жақын. Бұл мәдениетке билікке, күшке, стереотипке, конформизмге бағытталу тән.

Демократиялық саяси мәдениет. Оған «заңмен тыйым салынғандардан басқасының барлығына рұқсат» принципі тән. Ол диалогты, плюралисті, адамгершілік бар. Мұнда адам құнды, саяси өмірдің белсенді және саналы қатысушысы болады.

14 дәріс. «Қазақстан қоғамын реформалаудың идеологиялық факторы»

Дәрістің мақсаты: : Халықтың саяси құндылықтары мен бағыттарының, құрылымдарының өзгеруін қарастыру, Қазақстан Республикасындағы рухани идеологиялық процестің эволюциясын бақылау.

Дәрістің жоспары:

1. Қазақстан Республикасындағы қазіргі рухани- идеологиялық процесс: мәні, ерекшеліктері.
2. Саяси құндылықтар құрылымының және халық бағдарлануының өзгеруі.
3. Қоғамның идеялық топтасып нығаюы Қазақстан дамуының шарты ретінде.
4. Қоғамның топтасып нығаюының саяси-идеологиялық кешені мен оның идеяларын жете зерттеу.

Негізгі түсініктер: саяси құндылықтардың өзгеруі, қоғамның идеялық топтасып нығаюы (консолидациясы), идеологиялық процесс, азаматтық позиция.

Пайдаланылатын әдебиеттер:

1. Общая и прикладная политология (под ред. Краснова В.П.) М., 1999.
2. Г. Гражданская культура и стабильность демократии //Полис, 1992, №4.
3. Алексеева Т.А., Капустин Б.Г., Пантин И.К. Перспективы интегративной идеологии // Полис, 1997, №3.
4. Андреев С. Политическое сознание и политическое поведение // Социально-политический журнал, 1992, №8.
5. Баталов Э.Я. Политическая культура современного американского общества. М., 1990.
6. Гаджиев К.С. Политическая культура: концептуальный аспект // Полис, 1991, №1.
7. Калмырзасев А. Национальная идея и национальная идеология // Мысль, 2001, №6.
8. Касымжанов А., Касымжанова А. Духовное наследие казахского народа. Алма-Ата, 1981г.
9. Политология. Учебник для вузов /под ред. А.Нысанбаева. Алматы, 1998.

Қазіргі Қазақстанның элеуметтік саяси нақтылығының мәнін объективті, тұтас түсінуде Қазақстандық қоғамды реформалаудың идеологиялық факторын кешенді зерттеудің анықтайтын маңызды мағынасы бар. Баршаға мәлім, саяси мәдениет ұлттық (және этникалық) ерекшеліктердің маңызды белгілерінің жиынтығын, көпшілік мақұлдаған қоғамдағы құндылықтарды, мақсаттарды, бағыттарды, нормаларды және т.б. барлық халықтың өмір тәжірибесін өзіне жинайды. Қоғамдағы саяси мәдениет анық бір шамада реттеуші фактор болып табылады, ол бұқара топтардың (халықтың кең топтарының) саяси және басқа да әрекеттерін анықтайды.

Жеке елдің саяси мәдениеті қағида бойынша ұлттық дәстүрлер, әдет-ғұрып, адамды қоғамдық мойындау тәсілдері, элита және электораттың қатынасының басым болу түрлері, сонымен қатар қоғам мен мемлекеттің өркениетті дамудағы тұрақты белгілерін көрсететін басқа да жағдайлар, азаматтардың саяси қатысу тәсілдері мен әр түрлі құнды бағыттарының шиеленісу процесінде қалыптасады.

Мысалы, АҚШ-тың мемлекеттің даму тарихы, биліктің плюралистік ұйымын құрды, өздерінің азаматтарының деидеологизацияланған бағыттарын, сонғылардың төмен саяси белсенділігін едәуір қамтамасыз етті (билеуші элиталарға құрметтің оянуы), заңға бағынушылыққа, жоғарғы патриотизмге және т.б. саяси қатысудың легитимділік түрлерін пайдалануға бейімделді.

Ағылшын саяси мәдениетін биліктің легитимділігінің жоғары деңгеймен элиталардың өздерінің әрекеттеріне жауапкершілікті, мемлекеттік рәміздерді (символдарды) азаматтардың ерекше қадірлеушілігі, конфликті (дау жанжалды) азайтуға (минимизациялауға) бейімділігі мен саяси күштер арасында келісімді іздеуді, сондай -ақ негізгі саяси құндылықтардың жалпыға бірдейлігімен өзгешелейді.

Германияның саяси -мәдени бейнесін процедураларды сақтау мен саяси мінез құлықты құқықтық реттеушілікке сезгіштік, элиталардың өздерінің міндеттерін атқарудағы жауапкершілігі және т.б. халықтың заңға бағынушылығымен өзгешелейді.

Қазақстан XX ғасырда әртүрлі күрделі де қиыншылыққа толы әлеуметтік-саяси, рухани -тарихи дамыған жолдан өтті, ол ең соңында тәуелсіздікті алумен аяқталды.

Қазақстан полимәдениетті ел, этноұлттық, конфессионалдық, аймақтық және плюрализмнің басқа да түрлерімен сипатталады. Этноәлеуметтік құрылымның полиэтникалығы өз кезегінде мультимәдениеттеу процесіне өту кезеңіндегі қоғамдық процестерді зерттеудегі әртүрлі максаттардың (этноәлеуметтік, діни және т.б.) тіркелуінің қажеттілігіне назар аударуды талап етеді.

Қазақстандық қоғамның маңызды ерекшеліктерінің бірі этникалық мәдениеттердің әр түрлілігі, олардың көзқарастарында, құндылық-нормативті максаттарында, сонымен қатар толық саяси мәдениетте, Қазақстандықтардың ұлттық санасында ұстаным түрінде көрінетіндігі болып табылады. Қазақстан елінің құнды максаттарын зерттеу ғылыми жоспарда ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік мүдде тұрғысын да қажет. Ол халықтың менталитеті, құнды теңестіру, ұлтаралық келісім, саяси және рухани мәдениет және тағы басқада саяси түсініктермен тығыз байланысты.

Қазақстанда өтпелі кезеңнің көптеген қиыншылықтарына қарамастан демократиялық саяси мәдениеттің дамуы үшін жеткілікті потенциал бар – бұл өмірдің қиын-қыстау күрделі кезеңіне үйренудегі әлеуметтік, экономикалық, мәдени және рухани тәжірибесі. Азаматтардың саяси мәдениетін одан ары дамыту үшін демократиялық құндылықтарды өмірге жан – жақты енгізу керек. Біздің еліміз бұл мәселеде мүлде батыс үлгілерінің бар болуына ғана бағытталуы болу керек емес, сонымен қатар Еуропалық түрлерінің ұлттық нақтылығының ерекшеліктеріне де сүйенуі керек.

Қазақстанның әлеуметтік мәдени кеңістігінде 2 менталитет өзара қарым-қатынаста болады: батыстық және шығыстық. Олардың өздерінің ерекшеліктері бар. Менталитеттің батыстық түрі сыртқы нақтылықты өзгертуге бағытталған мәдениеттің динамикалық, белсенділік негізін қалаушы ретінде қаралады (экстраверттік түрі); менталитеттің шығыстық түрі аламға, табиғатқа, әлемге адаптипті, пайымдаушы қатынас пен бағытталған мәдениеттің дәстүрлі түріне ие.

Қазіргі жағдайда, нарықтық болмысқа үйрену жылдамдатылып жатқанда құндылық бағыттардың шұғыл өзгерулері болды. Әсіресе бұл мінез-құлық пен ойлаудың өзгеру кезеңі жастарға тән, себебі олар халықтың ең мобильді бөлігі. Ал аға буынның көзқарастары мен бағыттарында біздің тарихтың кеңестік кезеңге дәстүрлі дүние танымының элементтері сақталған. Бұл фактіне тарихи сабақтастыққа тән заңды құбылыс ретінде қабылдау керек.

Қоғамда адамдардың құнды бағыттары маңызды өзгерісте болғандықтан, олар ескі мен жаңаның арасындағы күресті күшейтіп сапалы жаңа құнды мақсаттарға өзгереді. Қазақстандық қоғамның әлеуметтік құрылымы көп есе топтық мүдделер мен әр түрлі үлкен және кіші әлеуметтік топтарды қалыптастыру және дифференциациялауды сипаттап, қазақстандық қоғамды шұғыл поляризациялап әлеуметтік жіктеу процестері одан әрі тереңдейтіндігі туралы зерттеулердің нәтижелері дәлелдейді.

Посткеңестік кеңестікте өзінің мәні бойынша ұқсас модернизацияланған процестер болып жатыр. Олар бір жағынан дәстүрлі ойлауды кеңейтудің идеологиялық насихатты бейнелейді, тарихи мұраны қайта қарау, тілді үйрену (зерртеу), ата-бабаның өсиетін қолдау және т.б. Басқа жағынан құндылық жүйеге жаңа батыстық-еуропалық стандартты енгізу.

Посткеңестік мемлекеттердің саяси ментальдығының көптеген ерекшеліктерінің арасында патерналистік мақсаттар жүйесі атап көрсетіледі. Ол кеңестік тоталитарлық өткен тарихи дәстүрлерді сипаттайды және индивидтердің саяси жүйеге тәуелділігін дәлелдейді. Потернализм негізінде саяси мінез-құлықты «шығуға» тікелей продуцирлеуші санаға тристі архетип жатыр.

Талап-әлеуметтік шарт (кепіл) қоғамдық игіліктерді әділ бөлу, халық алдында билеуші элиталардың өнегелі жауапкершілігі, мәдени стереотиптерді толық біріктіруші маңызды элементтер болды. Мұндағы потернализмді мәдени дәстүрдің архетипі ретінде бекіткен негізгі фактор дамудың мобилизацияланған (жұмылдырылған) моделі болады. Мұндай модельде саяси қатысу тек «рамалы» стандартты ғана ұйғарады (шамалайды): саяси ынта саяси тәртіпке оппозициялау ретінде қарастырылады.

Толығымен қазіргі қазақстандық қоғамның саяси ментальдығы белгілі «шығыс-батыс» дихотмиялық позициясы мен сипаттауы мүмкін. Мұндай принцип (әлеуметтік психологиялық көзқарас бойынша) мінез-құлықтың эмоционалдық, когнитивтік құрылымдардың барлық спектірін белгілеуге болады.

Мұндай қасиеттер консервативтік, толеранттық, ұстамды эмоционалдық, саяси проблемаларды сабырлы талдау, оппозициялық көзқарастарды тоқтату, тек

қойылған әлем туралы түсінікке тиісті әлеуметтік тәртіптерді қабылдау, жеке тұлғаға негізделген ойлау толық шығыс аламының «жинақталған» бейнесін көрсетеді.

Жүйенің тұрақтылығына негізделген қазақстандық қоғамдағы саяси тәртіпті бір жағынан режимнің ерекшелігі, ал басқа жағынан саяси бірлестіктің компролисті қолдайды. Компролисті менталдық та толық бірлестіктің саяси мінез-құлқының көрнекті идеологиялық сипаттамасы болып табылады.

15 – дәріс. «Қазақстан Республикасындағы саяси мәдениет және қоғамды демократияландыру: мәселелері мен келешегі»

Дәрістің мақсаты: Қоғамның демократиялануы мен Қазақстан Республикасының саяси мәдениетінің дамуындағы негізгі тенденцияларды (үрдістерді) талдау.

Дәрістің жоспары:

1. Саяси- мәдени негіздердің демократияланушы Қазақстан социумындағы рөлі. Саяси - мәдени парадигманың ауысуы.
2. Қазақстан қоғамындағы саяси мәдениетінің өзгеруіне жәрдемдесуші факторлар мен жағдайлар.
3. Қазіргі кезеңдегі Қазақстан саяси мәдениетінің типтері.
4. Қазақстан Республикасында демократиялық саяси мәдениетті қалыптастыру мәселелері.
5. Қазақстан Республикасындағы тұлғаның саяси әлеуметтенуінің ерекшеліктері.

Негізгі түсініктер: саяси мәдени парадигма, саяси әлеуметтену, саяси мәдениетінің өзгеруі, Қазақстан қоғамын демократияландыру проблемалары.

Пайдаланылатын әдебиеттер:

1. Трошихин В., Теплов В. Культура политического процесса, М., 2001
2. Алмонд Г. Гражданская культура и стабильность демократии //Полис , 1992, №4
3. Алексеев Т.А., Капустин Б.Г., Пантин И.К. Перспективы интегративной идеологии// Полис, 1997, №3
4. Андреев С. Политическое сознание и политическое поведение // Социально – политический журнал, 1992, №8
5. Вагонова Г.А. Сравнительный анализ политической культуры российского и западного общества. Учебное пособие. М.,1994
6. Гаджиев К.С. Политическая культура: концептуальный аспект // Полис, 1991, №1
7. Градинар И.Б. Политическая культура: мировоззренческое измерение Спб., 1996. Ч.1,2.
8. Политология. Учебник для вузов\ под.ред. А.Нысанбаева. А.,1998

Қазіргі жағдайда Қазақстан халқы страттық, этникалық, аймақтық немесе қандай да басқа тұрғыда біз оны қарастырсақ та, жалпы посткеңестік патриархалды поддандық саяси мәдениеті өзіне тән бейсаясаттық және халықтың саяси хабардарлығының төмендігіне толықтай қосылады.

Адамдардың мінез-құлықтық және психологиялық реакциялары негізгі топтардың типологиясы бойынша құндылық дағдарыста қазақстан қоғамын негізгі бірнеше топтарға бөлуге мүмкіндік береді.

Бұл топтардың жалпы сипаттамасы:

Бірінші топ. Оған бұрынғы құндылықтарды сақтап қалған адамдар жатады. Бұл сананы болған өзгерістерге қатысты консервативті деп атауға болады.

Екінші топ. Бұл топ мүшелері дағдарыстан шығу жолы ретінде құндылықтарды түзетуді ұсынды. Олардың он шабыттың либералды реформаторлық деп сипаттауға болады.

Үшінші топ. Оның өкілдері ескі құрылымдардан батыл бас тартуға ұмтылады. Бұл нормалық қатынас радикалды – революционерлік (стереотиптің бастысы – жау бейнесі) деп атауға болатын сананың түріне негізделеді.

Төртінші топ. Адамдардың позицияларын нақтылы-радикалды ретінде анықтауға болады, өйткені олардың құндылықтар мен мінез-құлық түрлері тарихтан бас тартпай өйткенің фундаментінде тұр.

Бесінші топ. Құндылықтар дағдарысы көптеген адамдарға олардың толық жойылуы ретінде көрінеді. Оларға жеке адамның мағыналы өрісі жойылған. Бұл маргиналды сана. Берілген типология адамдардың әлемге деген қатысын қатты белгілемейді, себебі қоғам мен индивидтердің дамуына қарай адамдардың көзқарастарында, мақсаттары мен құндылықтарында әр түрлі өзгерістер болуы мүмкін. Адамдар рухани құндылықтарға, саяси қызметке, өндірістің құндылығына бағыттала отырып бірге алады, сонымен қатар оларды ұлттық консолидация идеясы біріктіре алады.

Қазіргі Қазақстандағы саяси мәдениеттің дамуында атап көрсететін негізгі тенденциялар:

1. Орташа қазақстандықтың стереотиптерінің, мақсаттарының, құндылықтар жүйелерінің құрастырушылары этникалық, страттық, аймақтық, жастық сипаттамаларына арамастан өте жақын боды. Бұл факт Қазақстан халқының бірлігі туралы, қоғамның әлеуметтік – саяси тұрақтылығы туралы куәландырады. Бірақ соңғы 5-6 жылда Қазақстан халқының құндылық бағытындағы өмірінде үлкен өзгерістер болып жатыр және өткеннің көптеген құндылықтары қазіргі уақытта қайта қарастырылуда. Егер бұрын ұжымдық шешім приоритеті басым болса, соңғы уақытта мінез-құлықтық, бағалау тәсілдің индивидуалданған үрдісі өсуде, яғни қандай да бір шамада қазақстандық ұлттық минталитетке қарсы келетін батыс өмірінің бейнесін көшіру процесі жүріп жатыр.

2. әр түрлі аймақтарда құндылық туралы әр түрлі түсінік орын алып жүр, бірақ бұл өзгешелік қалайда бір... Оларда жалпы адамдық бағыттарының барлығын ұйғарады. Саяси процестердің жүрсінен, әлеуметтік-экономикалық

ситуациялар мен басқа да жағдайлардың ерекшеліктеріне байланысты әр түрлі саяси мақсаттарды қолдау уақыт бойынша аса шапшаң өзгере алады. Бұл факт адамдардың санасының жоғары потенциалды конфликттілігін, олардың төмен саяси хабардарлығын көрсетеді.

3. Егер кеңес кезеңіндегі идеологияланған жағдайда жеке саяси таңдау сол немесе басқа да идеологиялық категорияда негізделсе, бүгінгі нақтылықта адамдар негізінен өздерінің мүддесі мен пайдалануға ең сәйкес саяси бағытты таңдайды, яғни саяси таңдау біртіндеп прагматизделінеді. Бұл құбылыс дамыған елдерге тән.

Сөйтіп, қазақстандық қоғамның саяси, этникалық, стратты менталдығын талдауды әр түрлі стереотиптер құндылы-нормативті мақсаттар арқылы анықтау Қазақстан Республикасы халқының саяси мәдениетінің деңгейін көтеруге, қоғамды демократияландырудағы тетіктерді толық жетілдіруге мүмкіндік туғызуы мүмкін.

4. Қазақстандағы барлық этникалық топтардың дамуы үшін қолайлы жағдайларды жасау, бұл процессте нығайтылған тенденцияларды күшейту, мәдениеттің өзіндік ерекшеліктерін дамыту мен сақтау, прогресшіл құндылықтармен барлық аймақтардың құрғындарын ұлттық және әлемдік мәдениеттің қазынасына республиканың халықтарын толық және әртүрлі қатыстыруды қамтамасыз ету.

Жеке адамның ұлттық сана-сезімінің дамуы әр түрлі бәсеке жағдайында болады (этника аралық, конфиссия аралық, стратты аралық және т.б.) атап айтқанда сол үшін демократизм принциптерін бұзу, адамгершіліктің жетіспегендігі қорғау механизмдерін тудырады агрессивті, әлеуметтік дистанцияның көбеюі, жатырқаушылықты

Жекелеген деңгейде бұл проблемалар құндылық бағыттың бағыттылығына, жеке адамның этникалық өрісінің өктемдігіне байланысты өзектіленеді.

Қазақстандық қоғамның саяси менталитетінде дәстүрге бағытталуы ерекше көзге түседі. Дәстүрлік кез келген қоғамның саяси мәдениетінің өзегі болып табылады. Ол ментальділікті тарихи өабылдаудың негізі болып табылады. Қазіргі кездегі Қазақстанда дәстүрлік өзінің көрінісін күнделікті санадан табады. Саясаттағы ментальділікті зерттеушілердің көпшілігі ұлттың қазіргі жағдайын анықтайтын және ең негізгісі болып табылатын тарихи себертердің рөлін бірауыздан мойындап отыр.

Н.Амеркулов қазіргі қоғамның менталитетін қазақ халқының көшпелі өмір сүру салтынан шығарады. Оның пікірі бойынша, егіншілік өндірістің дәстүрлерінің болмауы, өмір сүрудің кәсіпкерлік формаларына икемсіздік «посткөшпелі менталитет» деп аталатын эволюциялық, консерваторлық, инерциялық бағыттағы пікірлерді тудырады.

«Қазақстанның саяси жүйесінің эволюциясы» атты монографияның авторлары корпоративтілікті жалпы саяси үрдіске, негізінен адамдардың саяси мінез-құлқына тікелей әсер еткен ұлттық мінездің дәстүрлі белгісі ретінде көрсетеді. Корпоративтілік қазақ қоғамындағы ру-тайпалық байланыстардың билік құрылымдарының қалыптасуына әсері тұрғысынан көрсетіледі. Бұл құбылыстың тек мемлекеттік аппараттың шегіндегі алғашқы маңыздылығы көрсетіледі, онда

белгілі бір рудың құрамында болу «мәнсап мүдделерін» көздейтін жеке топтарды құру мүмкіндігі ретінде түсіндіріледі.

Т.Б.Үмбеталиев Қазақстандағы саяси өмірдің корпоративтілігін қандас туыстықпен, жерлестікпен, аймақтық мүдделермен байланыстырады. Қазіргі уақытта туыстық қатынастар жасырын сипатқа ие болды және элиталардың құрамын қалай толтыруға әсер етсе саяси процеске де толығынан солай әсер етеді.

Қорыға айтқанда, әр түрлі әлеуметтік сұрақтардың материалдары қазақстандықтардың саяси құндылықтарға қарағанда дәстүрлі жалпы адамдық құндылықтарды жоғары бағалайтындығын көрсетеді. Бұл қоғамдық сананы белсенді саясиландыру кезеңінің өткендігін білдіреді. Адамдар үшін күнделікті тұрмыс құндылықтары маңызды болып табылады. Тәуелсіздік алу кезеңіндегі басым болған қоғам өміріндегі саяси проблемалар біртіндеп екінші кезеңге ығыстырылады. Адамдар үшін ең бастысы болып дифференциалданған факторлар емес, әр адамның бағытты өмір сүруіне жасаған жағдайлар. Әрине, бұл Қазақстанда демократияландыру процесі өзінің кемеліне жетті деген емес.

Оқу дәрістерімен жұмыс істеуге әдістемелік кеңес

Дәріс курсы талдау өзіндік жұмыстың маңызды және белсенді формаларының бірі болып табылады. Оқытушының дәрісі дыбыстандырылған оқулық емес, оның жеке шығармашылығының нәтижесі болып табылады. Ол өзінің авторлық курсы өз логикасымен, өзінің теориялық және әдістемелік тәсілдерімен оқиды. Бұл оқытушының нақтылы дәріс курсы қызықты, дербес – жеке адамның оқиға ретінде көрсетеді, студентке мұны ескермеуге болмайды. Сонымен қатар, оқытушы өзінің дәрістерінде баспадан шыққан оқулықтар, оқу құралдары, дәрістік курстардағы өзіне тән көптеген кемшіліктерді жеңуге тырысады. Дәрістерде студентке қиындық тудыратын Мемлекеттік білім стандартындағы күрделі сұрақтарға түсінік береді.

Дәрістік курсқа бөлінген сағат саны сеткасы дәрісті оқу бағдарламасының бәрін іске асыруға мүмкіндік бермейді. Сондықтан әрбір оқытушы (өз бетінше) дәрістің тақырыптарын даярлайды да студенттерге ауызша немесе жазбаша түрде береді. Оқытушы өзінің авторлық дәрісін даярлауда екі құжатты басшылыққа алады - Мемлекеттік білім стандарты және Оқу бағдарламасы. Кафедрада дәрістік курстың стандарты болуына жол берілмейді. Сондықтан, оқу-әдістемелік құралдарда дәрістік курстың толық жоспары берілмейді, тек қана ол дәріс берушіге ұсынылатын сипаттағы тақырыбы ғана бар. Кафедра әрбір оқытушының дәрістік курсының авторлық жоспарларын қарастырады және бекітеді.

Дәрістік курс пен семинарлық сабақтар арасында өзіне тән пәндік-мағыналы, әдістемелік, шығармашылық «көпірше» ретінде олар қызмет атқарады, сондықтан да дәрістерді жіберіп алмау керек. Дәрістер мен семинар сабақтарының тақырыптары бір-бірімен үйлестірілген.

Тек қана дәріске қатысу мүлде жеткіліксіз. Дәріс өз бетінше жұмыс істеудің өзіне тән шығармашылық түрі екенін студенттердің түсінуі өте маңызды. Дәріске

белсенді қатысушы болуға тырысу керек: жаңа алған білімдерді, бұрыннан белгілі білімдермен салыстыру, ойлау, логикаға енгізу дәріс берушінің материалдың мазмұнын айтуы, мүмкіндігінше онымен пікір-сайысқа түсу, оның дәлелдемесінің, ойының бағытын бақылау, оның сізге көрінген әлсіз тұстарын табу.

Дәрісті мәтінмен бірдей етіп жазуға тырыспау керек. Негізгі идеяларды, жағдайларды, жалпы қортындыларды, түйіндерді жазып қою өте маңызды. Мұнда дәріс материалдары мен оқу бағдарламасындағы тақырыптардың арақатынасын белгілеу маңызды және тыңдалған дәрісте қандай мәселелер қарастырылғандығын анықтау. Сонымен қатар оқулықты да қарау пайдалы. Дәріс пен оқулық алмастырылмайды, керісінше олар бірін-бірі толықтырады.

3. ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Алмонд Г. Гражданская культура и стабильность демократии // Полис, 1992, № 4.
2. Алексеева Т.А., Капустин Б.Г., Пантин И.К., Перспективы интегративной идеологии // Полис, 1997, № 3.
3. Андреев С. Политическое сознание и политическое поведение // Социально-политический журнал 1992, № 8.
4. Баталов Э.Я. Политическая культура современного американского общества. М., 1990.
5. Ваганова Г.А. Сравнительный анализ политической культуры российского и западного общества. Учебное пособие. М., 1994.
6. Вебер М. Избранные произведения. М., 1990.
7. Гаджиев К.С. Политическая культура: концептуальный аспект Полис, Мысль, 1991
8. Гардинар И.Б. Политическая культура: мировоззренческое измерение. СПб., 1997. Ч. 1, 2.
9. Калмырзаев А. Национальная идея и национальная идеология Мысль, 2001, №6
10. Камалов М. Демократическая политическая культура: американский опыт // Вестник МГУ, серия 12, 1991, № 5.
11. Касымова Р. Компоненты национального самосознания Мысль, 2002, №3
12. Коваленко В. И., Костин А. И. Политические идеология :история и современность // Вестник МГУ, серия 12, 1997, № 2.
13. Красильщиков В. А. Глобализация и демократизация. М., 1997.
14. Лейбин В. Человек и отчуждение. М., 1991.
15. Манхейм К. Идеология и утопия. Ч.1. М., 1992.
16. Маркузе Г. Одномерный человек. М., 1993.
17. Московичи С. Век толп. М., 1998.
18. Назарбаев Н. А.Идейная консолидация общества как условие прогресса Казахстана. Алматы, 1993.
19. Назарбаев Н. А. Казахстан-2030. Процветание, безопасность и улучшение благосостояния всех казахстанцев: Послание Президента страны народу Казахстана. Алматы, 1997.
20. Назарбаев Н. А. Стратегия Ассамблеи народов Казахстана : национальное согласие, безопасность и гражданский мир. Доклад на сессии Ассамблеи народов Казахстана //Мысль, 2002, №12.
21. Ольшанский Д. Массовые настроения в политике. М., 1995.
22. Петро Н. О. О концепции политической культуры, или Основная ошибка советологии // Полис, 1998, № 1.
23. Политическая культура: теория и национальные модели В.С. Ажаева, Е. В.Ананьева и др. М., 1994.

24. Рачков П. А. О смерти и бессмертии идеологии // Вестник МГУ, серия 7, 1999, № 2.
25. Сирота Н. М. Современные политические идеологии. Спб., 1995.
26. Соловьев А. И. Политическая идеология. логика исторической эволюции // Полис, 2001, № 2.
27. Фукуяма .Ф. Конец истории // Вопросы философии, 1990, № 3.
28. Юнг К. Психологические типы. М., 1992.
29. Ясперс К. Смысл и назначение истории. М., 1994.
30. Баталов Э. Советская политическая культура // Общественные науки и современность, 1995, № 3.
31. Баталов Э. Советская политическая культура (к исследованию распадающейся парадигмы) // Общественные науки и современность. 1994, № 6.
32. Бектуров А. Идеология патриотизма // Мысль, 2002, №7.
33. Бирюков Н., Сергеев В. Парламентская деятельность и политическая культура // Общественные науки и современность, 1995, № 1.
34. Гаджиев К.С. Размышления о политической культуре современной России // МЭМО, 1996, № 2.
35. Забирова А. Казахстанцы глазами социологов // Мысль, 2001, №1.
36. Каменец А.В. и др. Политическая культура России. Учебное пособие. М., 1997.
37. Кейзеров Н.М. О соотношении гражданской и политической культуре // Социально- политические науки, 1991, № 7.
38. Ковалева А.И. Социализация личности: норма и отклонение. М., 2000.
39. Май А.В. Модели господствующей идеологии. Иерусалим, 1997.
40. Матц У. Идеология как детерминанта политики в эпоху модерна // Полис, 1992, № 12.
41. Мелкумов А.А. Отношение канадцев к политическим партиям и государству в контексте политической культуры Канады // Вестник МГУ, серия 18, 2000, №2.
42. Ментальность россиян / Под общей ред. И.Г.Дубова. М., 1997.
43. Молдежь Казахстана: социальное самочувствие. Основные тенденции развития политической культуры: Аналитический отчет по итогам республиканского социологического исследования «Казахстан накануне выборов». Астана, 1999.
44. Назаров М.М. Представление о прошлом, настоящем и будущем политической культуре российского общества // Вестник МГУ, серия 18, 1996, №3.
45. Нурмуратов С.Е., Кадыржанов Р.К., Машин Г.В., Матаев Г.М., Бисенбаев Ф.К. Система политических ценностей населения Казахстана. этнический, региональный, стратный (научно-аналитический доклад) Алматы. 1997.
46. О положении в стране и об основных направлениях внутренней и внешней политики на 2002 год. Ежегодное Послание Президента республики народу Казахстана // Мысль, 2001, №10.

47. Панарин А.С. Россия в поисках идеи: варианты цивилизационного выбора // Вестник МГУ, серия 12, 1993, №5.
48. Пивоваров Ю.С. Политическая культура: методологический очерк //РАН, ИНИОН, 1996.
49. Россия: опыт национально-государственной идеологии / Под ред. В.В Ильина. М. 1994.
50. Рябов А.И., Чистяков В.Б. Политическая культура // Вестник МГУ, серия 12, 1994, №1.
51. Сабитов Р. Феномен массового политического сознания в контексте суверенитет //Саясат, 2002, № 6
52. Соловьев А.И. Политическая культура: проблемное поле метатеории / Вестник МГУ, серия 12, 1995, №3.
53. Таршис Е.Я. Ментальность человека: подходы к концепции и постановка задач исследования. М., 1999
54. Тин Р. Религия и политическая культура в посткоммунистической России// Общественные науки и современность, 1992, № 4.
55. Ценности и символы национального самосознания в условиях изменяющегося общества. М., 1994.
56. Шестопад Е.Б. Личность и политика. М., 1988.
57. Шестопад Е.Б. Очерки политической психологии. М., 1990.
58. Щербинина Н.Г. Архаика в российской политической культуре // Полис, 1997, №5.
59. Арын Е. Абен Е., Тасмагамбетов И. Казахстан: эволюция государства и общества. Алматы: ИРК, 1996.
60. Гаджиев К.С. Политическая наука: Учебное пособие. М., 1995.
61. Каменец А., Онуфриенко Г.Ф., Шубаков А.Г. Политическая культура России. М., 1997.
62. Касымжанов А., Касымжанова А. Духовное наследие казахского народа. Алма-Ата, 1981.
63. Политическая культура : теория и национальные модели М., 1994.
64. Политология. Учебник для вузов / под ред. М.А. Василика. М., 1999 гл.
65. Политология. Учебник для вузов / под ред. А.Нысанбаева. Алматы, 1998.
66. Трошихин В., Теплов В. Культура политического процесса, М., 2001.

4. Өзіндік оқуға белсенді түрде дайындалуға арналған тапсырмалар мен сұрақтар және оған әдістемелік ұсыныстар

Өзін – өзі тексеруге арналған сұрақтар:

1. Қазақстан Республикасындағы интегративті идеология: негізі, проблемалары мен келешегі.
2. Қазақстан Республикасының саяси мәдениетіне жалпы сипаттама.
3. Қазақстан Республикасындағы саяси мәдениеттің қалыптасуының тарихи шарттары.
4. Қазақстан Республикасындағы саяси стереотиптер.
5. Кеңес кезеңіндегі Қазақстан Республикасының саяси мәдениеті.
6. Қазақстан Республикасының саяси мәдениетіндегі субмәдениеттерге сипаттама.
7. Қазақстан Республикасындағы саяси әлеуметтенудің ерекшеліктері.
8. Қазақстан Республикасының саяси рәміздері.
9. Қазіргі Қазақстандағы рухани идеологиялық жағдай: даму келешегі.
10. Қазақстан Республикасының саяси рәміздерінің ұлттық ерекшеліктері.
11. Өтпелі кезеңдегі Қазақстанның саяси мәдениеті.
12. Қазақстан халқының түсінігі мен саяси көзқарасының дамуындағы негізгі үрдістер (тенденциялар).
13. Қазіргі кезеңіндегі Қазақстанның саяси мәдениетінің эволюциясы.
14. Қазіргі Қазақстандық қоғамдағы саяси және электоральды жоғары бағалау.
15. Қазақстанның саяси мәдениетінің қалыптасуының негізгі факторлары.
16. Қазақстанның жаңа астанасы – Астананың саяси рәміздері.
17. Қазақстанның ұлттық идеясы.
18. Қазақстан Республикасындағы саяси партиялардың идеологиялық платформасы.
19. Қазақстан жастарының саяси мәдениеті.
20. Қазақстандық қоғамның идеялық топтасуы (консолидациясы).

Жеке тапсырмаларға арналған карточкалар

№1- карточка

Қазақстан Республикасының негізгі мемлекеттік рәміздерін атаңыз. Олардың мағынасын түсіндіріңіз. Өзіңіздің жауабыңызды оқу тобындағы жолдастарыңыздың жауаптарымен салыстырыңыз. Рәміздерді түсіндіруде жалпы және ұқсас жастарын көрсетіңіз. Рәміздерді бірдей түсіндіру немен түсіндіріледі?

№2 - карточка

Өзіңіз ойлап тапқан аңыздарды (мифтерді) саяси сенімдері әртүрлі адамдарға байыпты түрде айтып байқап көріңіз. Олардың эмоционалды реакцияларын бақылаңыз. Оны салыстырыңыз. Алынған нәтижені түсіндіріңіз?

№3 - карточка

Қазақстанның саяси мәдениетінің негізгі дәстүрлі ерекшеліктерін атап тұжырымдаңыз. Өзіңіздің жауабыңызды оқу тобындағы жолдастарыңыздың жауаптарымен салыстырыңыз. жалпы позициялар мен бағыттарды атаңыз?

№4 - карточка

Қазақстандағы саяси әлеуметтену процесінің маңызы неде?

№5 - карточка

Сіздің пікіріңізше саяси әлеуметтендіру модельдерінің қайсысы Қазақстан үшін негізгісі болуы керек? Неге? Сіздің ұғынған моделіңіздің басқаларға қарағанда құндылықтары мен артықшылықтарын көрсетіңіз?

№6 - карточка

Сіздің пікіріңіз бойынша Қазақстан азаматтары қандай саяси құндылықтар мен бағыттарға қатысуы керек екенін атаңыз, олар өз кезегінде саяси жүйенің тұрақтылығын қамтамасыз етуі қажет?

№7- карточка

Т.Шарон «Сравнительная политология» («Салыстырмалы саясаттану») еңбегінде (М.1992 ж.) мынаны атап көрсетеді: «Әлеуметтендіру процесі әртүрлі делдалдардың арасында жүреді. Олар өздерінің әсер ету формалары мен өзіндік ерекшелік сипаттарының айырмашылығына қарамастан көп жағдайда ұқсас, оларда ұқсас, ортақ нәрселері жеткілікті болып келеді.» Саяси әлеуметтендіру делдалдарына ол жанұяны, мектепті, жастар ұйымдарын, саяси партияларды қызығушылар топтарын, туысқан топтарды, бұқаралық ақпарат құралдарын жатқызды. Тұлғаның саяси-әлеуметтендіру процесіндегі делдалдардың жалпы және ерекшелік әсерін көрсетіңіз?

№8- карточка

П.Шаронның айтуы бойынша: «қазіргі ұлттық мемлекет мейлі ол демократиялық немесе диктаторлық көппариялық немесе бір париялық,жеке немесе мемлекеттік қожалыққа негізделген болса да,өзінің істерді басқарудағы белсенді азаматтық қатысуды қалыптастырудағы қызметін қолдайды. »

№9- карточка

Қазақстан Республикасының астанасы-Астананың негізгі рәміздерін атаңыз. Олардың мағынасын түсіндіріңіз.Өзіңіздің жауабыңызды оқу тобындағы жолдастарыңыздың жауаптарымен салыстырыңыз.Рәміздерді түсіндіруде жалпы және ұқсас жақтарын көрсетіңіз.Рәміздерді бірдей түсіндіру немен түсіндіріледі?

№10- карточка

Қазіргі Қазақстандық жастардың саяси портретін жасап көрсетіңіз. Жастардың саяси көзқарасының эволюциясын қадағаланыз. Оны басқа елдермен салыстырыңыз. Алынған нәтижені түсіндіріңіз.

№11- карточка

Кенестік саяси мәдениеттің негізгі дәстүрлі белгілерін атаңыз және тұжырымдап көрсетіңіз.Өзіңіздің жауабыңызды оқу тобындағы жолдастарыңыздың жауаптарымен салыстырыңыз.жалпы позициялар мен бағыттарды атаңыз?

№12- карточка

Қазіргі Қазақстанның демографиялық субмәдениетінің ерекшеліктері мен мәні неден тұрады?

№13- карточка

Саяси қатысудың негізгі теорияларын атаңыз.Олардың мағынасын түсіндіріңіз. Саяси қатысудың интерпретацияларының ұқсас және ортақ ерекшеліктерін атаңыз. Өзінің жауабыңды қазіргі саяси практиканың мысалдарымен көрсетіңіз.

№14- карточка

Қазіргі Қазақстан (заманауи Қазақстан) халқының саяси бағытының этникалық және аймақтық ерекшеліктерін анықтап көріңіз.Олардың эволюциясын бақылаңыз. Қазақстанның саяси мәдениетін гомогенді ретінде деп бейнелеуге болады ма? Алынған нәтижелерді түсіндіріңіз.

№15- карточка

Қазіргі экологиялық қозғалыстардың басты ерекшелігін атап тұжырымдаңыз. Қазақстанның белгілі экологиялық қозғалыстарын атаңыз,олардың бағдарламалық максаттарының эволюциясын бақылаңыз.Қазақстандық және

халықаралық «жасыл» ұйымдарының жұмыс істеу әдістерін салыстырыңыз. Ортақ позиция мен бағыттарын атаңыз.

№16- карточка

Феминизм идеологиясының мәнін ашыңыз. Феминистік қозғалыстың эволюциясын бақылаңыз және оның себептері мен кайнар көздерін түсіндір.

№17- карточка

Рационалды таңдау теориясының мәнін түсіндіріңіз. Бұл теорияны басқалармен салыстырыңыз. Ортақ ұқсас белгісі мен ерекшеліктерін табыңыз.

№18- карточка

Қазіргі Қазақстандық қоғамның саяси санасын ерекшелейтін бірнеше саяси стереотиптерді анықтаңыз. Олардың дамуын бақылаңыз. Өйткені мен қазіргінің стереотиптерін салыстырыңыз. Аталған нәтижелерді түсіндіріңіз.

№19- карточка

Қазіргі негізгі идеологиялық ағымдарды атап көріңіз. 2-3 идеологияның мақсаттарын салыстырыңыз. Жалпы позициялары мен бағыттарын бөліп көрсетіңіз.

№20- карточка

Электоральды қатысудың мичигандық моделінің мәні неде? Өз жауабыңызды қазіргі партиялық практиканың мысалдарымен көрсетіңіз.

Ауызша және жазбаша сұрақтарға арналған карточкалар

№1 - карточка

1. Мәдениет ұғымы
2. Мәдениеттің негізгі формалары мен түрлері.

№2 - карточка

1. Мәдениеттің мәні мен табиғатын зерттеудегі бағыттары.
2. Саяси мәдениетті зерттейтін Американдық мектеп.

№3 - карточка

1. Культурологиялық концепциялар және мәдениет философиясының негізгі мектептері.
2. Саяси мәдениет феноменін зерттейтін Еуропалық мектептер.

№4 - карточка

1. Мәдениеттің қызметтері.
2. Мәдениеттің түрлері: типологизацияның әр түлі нұсқалары (варианттары)

№5 - карточка

1. Мәдениеттің мәні, құрылымы және негізгі компоненттері.
2. Саяси мәдениетке түсінік беру: мектептері мен бағыттары.

№6 - карточка

1. Отандық саясаттануда саяси мәдениетті зерттеудің негізгі тәсілдері.
2. Саяси мәдениеттің қызметтері.

№7 - карточка

1. Саяси мәдениеттің қалыптасуына әсер ететін факторлар.
2. Саяси бағыттар (ориентации): мазмұны мен типологиясы.

№8 - карточка

1. Саяси мәдениеттің негізгі құрамы мен құрылымы
2. Саяси мәдениеттің қалыптасу механизмі мен жолдары.

№9 - карточка

1. Саяси стереотиптер ұғымы мен мәні.
2. Стереотиптердің түрлері, формалары, қызметтері.

№10- карточка

1. Саяси рәміздердің (символдардың) мәні мен міндеттері
2. Қазақстан Республикасының саяси рәміздерді (символикасы)

№11- карточка

1. Қазақстан Республикасының саяси мәдениетіндегі субмәдениеттеріне сипаттама.
2. Социал-демократиялық идеологияның ерекшелігі

№12- карточка

1. Электоральды қатысудың «мичигандық» үлгісінің (моделінің) мәні.
2. Саяси мәдениеттің қалыптасуына әсер ететін факторлар мен шарттар.

№13- карточка

1. Либерализмнің негізгі принциптері.
2. Саяси әлеуметтену (социализация): кезеңдері, үлгілері (модельдері), қызметтері мен түрлері (типтері.)

№14- карточка

1. Саяси мәдениетті жіктеудің (классификациялаудың) негізгі критерийлері.
2. Фашизм идеологиясы.

№15 - карточка

1. Қазақстан Республикасындағы саяси әлеуметтенудің (социализациясының) ерекшеліктері.
2. Саяси қатысудың түрлері.

№16- карточка

1. Консерватизмнің негізгі принциптері.
2. Саяси мәдениетті зерттеудің әдістері.

№17 - карточка

1. Қазіргі кездегі негізгі идеологиялық ағымдар.
2. Қазақстан Республикасының саяси рәміздерді (символикасы)

№18 - карточка

1. Мәдениетті зерттеудегі негізгі тәсілдер
2. Саяси идеология: құрылымы, қызметтері, деңгейлері.

№19 - карточка

1. Г.Алмонд бойынша саяси мәдениетті типологияландыру.
2. Саяси манипуляцияның мәні, мақсаты және міндеті.

№20 - карточка

1. Кеңестік саяси мәдениет – типологиялық ерекшеліктері.
2. Саяси рәміздердің (символдардың) ұлттық ерекшеліктері.

Студенттің өзіндік жұмысына арналған (СӨЖ) тапсырмаларды орындауға әдістемелік ұсыныстар.

Студенттің өзіндік жұмысының мақсаты – өзіндік шығармашылықты дамыту, студенттің жеке көзқарасын (позициясын) қалыптастыру және практикалық тәсілмен саяси мәдениет пен идеологияның мәселелерін түсіну.

Студенттің өзіндік жұмысының, өзінің ойып шеберлікпен қисынды, дәлелмен, анық, қысқа және жүйелі түрде баяндауын қалыптастыруға бағытталған.

Студенттің өзіндік жұмысының негізгі міндеттері саяси мәдениет пен идеология саласындағы студенттің теориялық және практикалық білімдерін бір жүйеге келтіру, бекіту және кеңейту, алған білімдерін келешек жұмысында пайдалану.

Саясаттану кафедрасы өзіндік жұмыстың тапсырмаларын дайындау мен орындау барысын бақылап, оған басшылық жасайды.

Өзіндік жұмыстың тапсырмаларын орындау барысында студентке ғылыми-көнебік және әдістемелік (методикалық) көмекті "Саяси мәдениет пен идеология» пәнін оқытатын оқытушы көрсетеді.

Студенттер өзіндік жұмыс барысында тақырыптың ғылыми-мәлімет (анықтама) аппараты мен глоссарийге ерекше назар аударуы қажет.

Өзіндік жұмысының тапсырмаларын дайындау мен орындаудың барысын бақылау, ағымдық, аралық және қортынды бақылау түрінде іске асады.

5. СӨЖ ТАҚЫРЫПТАРЫ

| р/с | Тақырыптардың атауы | Әдебиеттің атауы | апталар | СӨЖ-ге арналған тапсырмалар |
|-----|--|--|---------|--|
| 1 | «Саяси мәдениет және идеология» пәнінің теориялық-әдістемелік негіздері | Нерсеяңз В.С. История политических и правовых учений. М.,-Норма, 2002г. | 1апта | Топтық жобасаяси мәдениетті оқыту әдістері |
| 2 | Саясат және мәдениет, олардың бірлік негіздері | Политология под ред. Василика М.А., М., 1999 | 2апта | Реферат |
| 3 | Саяси мәдениет: мазмұны және мәндік сипаттамалары | Общая и прикладная политология (под ред. Краснова В.П.) М., 1999 | 3апта | Тақырыпқа байланысты кесте-схема дайындау |
| 4 | Саяси мәдениеттің экономикалық, саяси және әлеуметтік-мәдени детерминанттары – шешуші факторлары | Гаджиев К.С. Введение в политологию, М., 1997 | 4апта | Түсінік - категориялық-аппараты бойынша бақылау жұмысы |
| 5 | Саяси сана, оның тұлғаның саяси мәдениетімен байланысы | Политология под ред. Василика М.А., М., 1999 | 5апта | Сананы манипуляциялау формалары-топтық жоба |
| 6 | Саяси мәдениеттің мінез-құлықтық аспектісі: үлгілері мен стереотиптері | Шаймерденов Е.Д. Государственная символика Республики Казахстан | 6апта | Сананы талдау мифтері мен стереотиптері-шығармашылық жұмыс |
| 7 | Саяси мәдениеттің институттандырылған ережелері мен дәстүрлері | Политология. Учебник для вузов / под ред. Василика М.А., М., 1999 гл. 12 | 7апта | Саяси мәдениет және құқықтық ережелерді талдау-жеке жоба |
| 8 | Саяси идеология биліктік қатынастар механизмнің бейнеленуі ретінде | Политология. Учебник для вузов / под ред. Василика М.А., М., 1999 гл. 12 | 8апта | Практикум |
| 9 | Либералдық пен жаңалибералдық | Политология под ред. Нысанбаева А.Н., Алматы 1998 | 9апта | Реферат |

| | | | | |
|----|--|--|--------|-------------------------------------|
| 10 | Консерваторлық және жана консерваторлық | Политология под ред. Нысанбаева А.Н., Алматы 1998 | 10апта | Жеке проект |
| 11 | Социал – демократиялық | Политическая культура: теория и национальные модели. М., 1994 | 11апта | Баяндама, реферат |
| 12 | Саяси мәдениеттің негізгі үлгілері | Пугачев В.п., Соловьев А.И. Введение в политологию | 12апта | Құрылымдық-логикалық схема дайындау |
| 13 | Саяси мәдениеттің ұлттық және аймақтық нұсқалары, олардың өзіндік белгілері мен ерекшеліктері | Гаджиев К.С. Введение в политологию, М., 1997 | 13апта | Практикум |
| 14 | Қазақстан қоғамын реформалаудың идеологиялық факторы | Общая и прикладная политология (под ред. Краснова В.П.) М., 1999 | 14апта | Коллоквиум |
| 15 | Қазақстан Республикасындағы саяси мәдениет және қоғамды демократияландыру: мәселелері мен келешегі | Трошихин В., Теплов В. Культура политического пресса. М., 2001 | 15апта | Аналитикалық эссе дайындау |

ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТЫ ОРЫНДАУҒА АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫСТАР

Студенттің оқу жұмыстарының аудиториялық және аудиториядан тыс (өіндік) формасы, оның өзіндік максаты-оқылатын пәннен білімнің біртұтас жүйесін алу. Бұған бірінші кезекте осы оқу пәнінің өте маңызды проблемаларын анықтауға бағытталған дәріс курсы көмектесуі мүмкін. Дәріс материалдарын түсінуге тілі жеңіл оқулық немесе оқу құралын, қосымша әдебиеттерді пайдаланып шығармашылық тәсілді көрсете отырып студент практикалық (семинар) сабақтарына дайындалады, оларды өзінің саяси білімін жүйелендіретін, толықтыратын, тереңдететін әр түрлі пікір-сайыс, дискуссия алаңы ретінде қарастырады. Студент білімді өз бетінше меңгеру басты фактор екенін түсінуі керек. Ол үшін жоғары мектеп тек қажетті жағдай ғана жасайды.

Студент өз бетінше жұмыс істеудің алдында жоғары кәсіптік білімнің «Саяси мәдениет және идеология» пәні бойынша Мемлекеттік білім стандарты және оқу пәнінің Бағдарламасымен танысуы керек. Әр тақырыпты оқып білу үшін зерделі түрде сұрақтардың жиынтығымен танысудан бастауы орынды.

Олар бұл тақырыпбойынша студент нені білуі керек екенін бағыттап көрсетеді. Тақырыптың сұрақтары оқулықтың немесе оқу құралының тиісті тарауына сәйкес келеді. Оқу пәнінің Бағдарламасына да шығармашылықпен қарау қажет. Оның мазмұнын біріктіретін сұрақтардың маңыздылығы әр түрлі дәрежеге ие. Барлық курстың және тақырыптың мазмұнында логикалық байланыс қызметін атқаратын сұрақтар бар, суреттейтін немесе түсіндіретін, сонымен қатар саяси білім саласына тарихи шолу сипатындағы сұрақтар бар. Бұл сұрақтардың бәрі тақырыптың ұғымдық, концептуалды мазмұнының мәнін құрастырмайды, бірақ зерттелетін проблемаларды толық қабылдау қажет.

Саяси мәдениет және идеология басқа ғылымдар сияқты өзіндік ұғымды (категориялды) – түсінік (понятийный) аппараты бар. Ғылыми ұғымдар-бұл әрбір ғылымның тіркелетін негізі. Ұғымдар (түсініктер) – басты тірек пункті, ғылыми танымда қалай болса, оқуда да дәл солай, оқудағы логикалық сатлардың қозғалысы қарапайымнан күрделіге, құбылыстан маңызға дейін.

Ғылымда «ұғым» деген біржақты тар және кең мағына беретінін есте сақтау маңызды. Ұғымды біржақты түсіну-бұл сол немесе басқа фактіні, құбылысты, затты анықтау (дефиниция). Мұндай анықтамалар саяси мәдениет және идеологияда ұғымды (категориялды) – түсінік (понятийный) аппаратын біріктіреді. Олар, қағида бойынша, мазмұны жағынан қысқа, істің мәнін ұғындырады. Мұндай анықтамаларды түсіну, ұғыну және есте сақтау маңызды. Жаңа түсініктердің және ұғымдардың (категориялардың) мағынасын анықтамай оданары өз бетінше жұмысты жалғастыру қиынырақ болады немесе керексіз формалды белгілерге ие бола бастайды.

Ұғымның кең түрдегі мағынасы айқын құбылыстың талданған концептуалды сипаттамасы. Тақырыптың, параграфтың басыны «ұғым» сөзі енгізілсе, бұл тап осы жағдайда дефиниция (анықтау) туралы емес, зерттеудегі саяси құбылыстың ықшамдалған, талданған концептуалды сипаттамасы туралы сөз болып отырған мәселенің бірінші белгісі.

Кейбір оқулықтарда, оқу құралдарында саяси қатнастар, байланыстар, процестер сипаттамасына «заң», «заңдылық» түсініктері қолданылады.

Сірә, оқулықтың немесе оқу құралының авторы саяси сананың заңы мен заңдылығына сипаттама беру үшін қалай болғанда да (кем дегенде) екі ескерту жасауы керек: біріншіден, саяси ғылымда бұл көзқарастың көпшілікпен қабылданбағанын ескерту; екіншіден, ол саяси заң мен заңдылықты қалай түсінетінін анық айқындау.

Мұнда саясаттың жиі түсінік беретін «заңдар» көбінесе ойдан шығарылған, нашар негізделгенін білу қажет, кейде басқа авторлар «заң», «заңдылық» категориясын қолданбай-ақ саяси құбылыстардың мазмұнын өте тартымды сипаттайды.

Әр бір оқулықтың немесе оқу құралының өзіндік логикалық құрылымы бар, ол берілген курстың Бағдарламасының логикасына сәйкес келмеуі де мүмкін. Сол немесе басқа да мәселелерді автордың біреуі кең мағынада, ал екіншілері тар мағынада қарастырылады. Біреулері оны жеке тарауға бөледі, ал екіншілері тараудың ішіне енгізеді. Оқулықты немесе оқу құралын оның жазылуы бойынша жүйелі түрде тараудан кейін тарауы оқу орынды. Оқу пәнінің

Бағдарламасына қарай отырып, оның қандай сұрақтары оқулықтың немесе оқу құралының берілген тарауында қарастырылады, ал қандай сұрақтарға жауап жоқтығын әрдайым белгілеу қажет.

РЕФЕРАТ ДАЙЫНДАУ ЖҰМЫСЫНА ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС

Рефераттар тақырыптары:

1. "Саяси мәдениет және идеология" пәнінің теориялық-методологиялық негіздері
2. Саясат және мәдениет, олардың бірік негіздері
3. Саяси мәдениет: мазмұны және мәндік сипаттамалары
4. Саяси мәдениеттің экономикалық, саяси және әлеуметтік - мәдени детерминанттары – шешуші факторлары
5. Саяси сана, оның тұлғаның саяси мәдениетімен байланысы
6. Саяси мәдениеттің мінез-құлықтық аспектісі: үлгілері мен стереотиптері
7. Саяси мәдениеттің институттандырылған ережелері мен дәстүрлері
8. Саяси идеология биліктік қатынастар механизмінің бейнеленуі ретінде
9. Либералдық пен жаңалибералдық
10. Консерваторлық және жаңа консерваторлық
11. Социал-демократиялық
12. Саяси мәдениеттің негізгі үлгілері
13. Саяси мәдениеттің ұлттық және аймақтық варианттары, олардың өзіндігі мен ерекшеліктері
14. Қазақстан қоғамын реформалаудың идеологиялық факторы
15. Қазақстан Республикасындағы саяси мәдениет және қоғамды демократияландыру: мәселелері мен келешегі

Әдістемелік кеңес

Өзіндік жұмыстың белсенді түріне дәріс пен семинардан басқа дәріс курстары немесе оқу құралдары, оқулық пен жүйелі түрде жұмыс істеу жатады. Бірақ мұнда студенттің мүмкіншілігімен шығармашылық қаблеті толық ашылмайды. Студентке табиғи танымдық қажеттілікке қарай көбінесе «оқулық-оқытушы» логикасын қолдануына тура келеді. Бұдан басқа жаңа ұғымдар, анықтамалар, категориялармен танысу, жаңаны, белгісізді білу, білімді жинақтаудағы қажетті процестер үздіксіз жүріп жатады.

Нақтылы тақырыптағы реферат шығармашылықтың айқын аренасына айналады. Реферат авторы ереже бойынша оқулықтың шеңберінен шығып кеткісі келеді, сонда ғылыми танылған әдебиеттер ғана емес, ғылыми әдебиеттермен де танысу басталады. Ғалымдардың «зертханасына» кіруге мүмкіндік ашылады: олар нені ойлайды, не жайында айтысады, неге сол бір саяси оқиғаларға, құбылыстарға, процестерге әртүрлі көзқараспен қарайды, олардың қайсысыныңкі дұрыс. Нәтижесінде өзінің позициясын анықтау, шығармашылықты таңдау проблемасы туындайды, өзінің ойын, пікірін, ұсынысын айту тілегі пайда болуы мүмкін.

Рефератты жазуға шығармашылық жұмыс бірнеше кезеннен тұрады. Бірінші кезеңде әдебиетпен алғашқы танысу басталады (мүмкін, ғылыми, ғылыми-танымдық журналдағы екі-үш материалдар). Бұл тақырыпқа (проблемаға) кіру, білімді жинау мен ұғыну кезеңі. Бұл кезеңде ол рефератты жазу үшін оның жоспары мен құрылымын құрады.

Екінші кезең іздену сипатында болады. Рефераттың авторы өзінің жоспарындағы сұрақтарына жаңа, қосымша әдебиеттерге сүйене отырып жауап іздейді. Бұл кезеңде, бірінші кезең сияқты керекті үзінділер жасалады, бірақ олар өзінің пікірімен, түсіндірілуімен беріліп, жете түсінікті сипатта болады. Мұнда рефератты жазу үшін материалды дайындау жұмысымен айналысады. Осы кезеңде жұмыстың жоспары мен құрылымымен жұмыс істеу аяқталады.

Соңында, үшінші өте жауапты кезең – мұқият жасалған жоспар бойынша рефераттың өзін жазу. Әдетте рефераттың көлемі бір баспа табақ болады (40 мың белгі, ашық жерді қоса есептегенде). Жазылған мәтінді автор редакциялайды. Мұнда рефераттың авторы өте құнды қасиетке ие болады: сауатты, логикалық «өз сөзімен» жазуға, яғни өзінің логикалық ойлауын, материалды өз стилі бойынша баяндауды қалыптастыруға тырысады. Жазылған рефератты дұрыс безендірілуі керек: белгіленген ереже бойынша әр цитатаға пайдаланылған әдебиеттер көрсетілуі керек, жұмыс тиісті атаулармен параграфтарға бөлінуі керек, рефераттың басында оның жоспары беріледі, ал соңында- библиографиясы, яғни пайдаланылған әдебиеттер тізімі болуы керек. Оқытушымен әңгімелесуді реферат жазылып біткен кезең деп есептеледі, оның негізгі идеяларын (мүмкін болса) семинарда баяндауға болады.

6. СЕМИНАР САБАҚТАРЫНЫҢ ЖОСПАРЫ

Практикалық және семинар сабақтары, олардың мазмұны мен сағат бойынша көлемі.

| р/с | Семинар сабақтарының тақырыптары мен сұрақтары | Сағат тар саны |
|------|--|----------------|
| 1 | «Саяси мәдениет және идеология» пәнінің теориялық-әдістемелік негіздері. | 1 |
| 1.1. | Саяси мәдениет пен саяси идеология зерттеу объектісі ретінде | |
| 1.2. | Саяси мәдениет пен саяси идеологияның өзара байланысының заңдылықтары мен сипаты | |
| 1.3. | Саяси мәдениет пен идеологияны зерттеу әдіснамасы | |
| 1.4. | «Саяси мәдениет және идеология» пәнінің басқа әлеуметтік – саяси пәндермен байланысы | |
| 2 | Саясат және мәдениет, олардың бірлік негіздері | 1 |
| 2.1. | Саясат саяси мәдениеттің негізгі ұғымдарының бірі ретінде. Саясаттың әлеуметтанулық, субстанционалдық және ғылыми конструкцияланған түсініктемелері. | |
| 2.2. | Мәдениет жүйе ретінде және оның қызметінің негізгі заңдылықтары. | |
| 2.3. | Мәдениетті талдаудың тарихи-философиялық дәстүрлері. | |
| 2.4. | Саяси мәдениет-адамзат өркениеті мәдениетінің бір түрі және құрамдас бөлігі. | |
| 3 | Саяси мәдениет: мазмұны және мәндік сипаттамалары | 1 |
| 3.1. | «Саяси мәдениет» категориясының әдіс-амалдары, анықтамалары мен тұжырымдамаларының әр түрлілігі. | |
| 3.2. | Саяси мәдениеттің мәні, құрылымы мен құрамдас элементтері. | |
| 3.3. | Саяси мәдениеттің қызметі. | |
| 3.4. | Саяси рәміздер (символика). | |
| 4 | Саяси мәдениеттің экономикалық, саяси және әлеуметтік-мәдени детерминанттары – шешуші факторлары | 1 |
| 4.1. | Саяси мәдениеттің қалыптасуындағы экономикалық факторлардың рөлі. | |
| 4.2. | Саяси мәдениеттің мәдениеттің қалыптасуына саяси факторлардың әсері. | |
| 4.3. | Саяси мәдениеттің әлеуметтік-мәдени детерминанттары. | |
| 4.4. | Батыстық типті саяси мәдениеттің мұраттары, олардың христиандық діни құндылықтарының мазмұнына әсері. | |
| 4.5. | Шығыс өркениеттерінің саяси мәдениетінің ережелері мен дәстүрлерінің ерекшелігі | |
| 5 | Саяси сана, оның тұлғаның саяси мәдениетімен байланысы | 1 |
| 5.1. | Саяси сана саяси мәдениеттің құрамдас бөлігі ретінде | |
| 5.2. | Саяси сананың құрылымы және манызды компоненттері, оларды | |

| | | |
|-----------|---|----------|
| | ұйымдастыру деңгейлері | |
| 5.3. | Қоғамдық пікір саясат факторы ретінде, көрініс беруі, саяси процеске ықпалы | |
| 5.4. | Саяси психологияның құрылымы және динамикасы | |
| 5.5. | Бұқаралық саяси санаға манипуляция жасау. | |
| 6 | Саяси мәдениеттің мінез-құлықтық аспектісі: үлгілері мен стереотиптері | 1 |
| 6.1. | Саяси мінез-құлықты детерминдеу факторлары, оның аса маңызды белгілері | |
| 6.2. | Саяси қатысу теориялары. | |
| 6.3. | Саяси мінез-құлықтың түрлері, үлгілері, стереотиптері. | |
| 6.4. | Саясаттағы қарсылық бағыт. | |
| 7 | Саяси мәдениеттің институттандырылған ережелері мен дәстүрлері | 1 |
| 7.1. | «Институттандырылған ережелер» және «дәстүрлер» ұғымдардың анықтамасы. | |
| 7.2. | Ережелер мен дәстүрлердің қызмет етуі, олардың берілу механизмі. | |
| 7.3. | Дәстүрлердің көрініс беру жолдары, сабақтастық процесі және қайталану процесі. | |
| 7.4. | Саяси дәстүрлердің саяси санадағы, саяси әрекет және саяси күрес саласындағы, ұйымдастыру саласындағы, идеология саласындағы ерекшелігі | |
| 7.5. | Демократиялық типті саяси мәдениеттің қалыптасуы мен дамуындағы ережелер мен дәстүрлер | |
| 8 | Саяси идеология биліктік қатынастар механизмінің бейнеленуі ретінде | 1 |
| 8.1. | Саяси идеология түсінігі, мәні және деңгейлері | |
| 8.2. | Саяси идеологияның қызметі | |
| 8.3. | Саяси идеологияның қалыптасу модельдері (үлгілері) | |
| 8.4. | Идеологияның қызмет етуі мен даму заңдары | |
| 9 | Либералдық пен жаңалибералдық | 1 |
| 9.1. | Либералдық доктринаның қалыптасуының экономикалық, әлеуметтік- саяси алғышарттары | |
| 9.2. | XIX ғасырдағы ағылшын, француз, неміс классикалық либерализмі, оның негізін қалаушылар және негіз құраушы идеялары мен қағидалары | |
| 9.3. | Либералдық идеологияның дағдарысы мен жаңалибералдықтың қалыптасуы | |
| 9.4. | Либералдықтың қазіргі саяси идеологиясы, оның бағыттары: сабырлы, солшыл либералдық, консервативтік. | |
| 10 | Консерваторлық және жаңа консерваторлық | 1 |
| 10.1. | Консерваторлықтың пайда болуының экономикалық, қоғамдық- | |

| | | |
|-----------|---|----------|
| | саяси және рухани алғышарттары. | |
| 10.2. | Консерваторлықтың классикалық дәстүрін дамытуға Ж.де Местрдың, Л.де Бональдың, К.Леонтьевтің, Н.Данилевскийдің, В.С.Соловьёвтің және т.б. қосқан үлесі. | |
| 10.3. | Консерваторлықтың негізгі идеялары. Консерваторлықтың органикалығы | |
| 10.4. | XIX-XX ғғ. консерваторлықтың эволюциясы және оның қазіргі түрлері | |
| 10.5. | XX ғ. 80-90 жылдардағы Батыстағы жанаконсерваторлық толқындар | |
| 11 | Социал – демократиялық | 1 |
| 11.1. | Социал демократия – Социалистік Интернационал партияларының теориясы мен практикасы, идеялық саяси ағым және әлеуметтік-саяси қозғалыс. | |
| 11.2. | Социал – демократияның қайнар көздері, генезис және оның марксизмен байланысы | |
| 11.3. | Идеология мен саясаттың ұйымдық құрылымы мен әлеуметтік базасы, дамуының негізгі кезеңдері. | |
| 11.4. | Социал – демократия түсініктеріндегі социализм үлгісі | |
| 11.5. | Социал – демократия идеяларының либералдық пен консерваторлықтың өзгеруіне әсері. | |
| 12 | Саяси мәдениеттің негізгі үлгілері | 1 |
| 12.1. | Саяси мәдениетті типтеу критерийлері. | |
| 12.2. | Батыстық саясаттанудағы саяси мәдениеттің үш «таза» типі (Г.Алмонд, С.Верба) | |
| 12.3. | У.Розенбаумның, Д.Элейзардың, У.Блюмның типологиясы | |
| 12.4. | Қоғамның саяси мәдениеті мен саяси субмәдениеттердің арақатынасы. | |
| 12.5. | Саяси мәдениеттің негізгі модельдері. | |
| 13 | Саяси мәдениеттің ұлттық және аймақтық нұсқалары, олардың өзіндік белгілері мен ерекшеліктері | 1 |
| 13.1. | Нақты ұлттық-мемлекеттік жағдайындағы саяси мәдениет | |
| 13.2. | Саяси мәдениеттің ұлттық әр түрлерінің өзіндік ұлттық, әлеуметтік-мәдени, конфессиялық, дәстүрлі-тарихи және өзге де ерекшеліктері | |
| 13.3. | Азия мен Латын Америкадағы, Африкадағы әскери-диктаторлық және авторитарлық режимдер жағдайындағы саяси мәдениет | |
| 13.4. | Кеңестік саяси мәдениет: мәні және типтік ерекшеліктері | |
| 13.5. | Қазіргі қоғамның саяси мәдениеті: дәстүрлері мен инновациялары. | |
| 14 | Қазақстан қоғамын реформалаудың идеологиялық факторы | 1 |
| 14.1. | Қазақстан Республикасындағы қазіргі рухани- идеологиялық процесс: мәні, ерекшеліктері. | |
| 14.2. | Саяси құндылықтар құрылымының және халық бағдарлануының | |

| | | |
|-----------|---|----------|
| | өзгеруі. | |
| 14.3. | Қоғамның идеялық топтасуы Қазақстан дамуының шарты ретінде. | |
| 14.4. | Қоғамды идеялық топтастырудың саяси-идеологиялық кешенін әзірлеу, оның идеялары. | |
| 15 | Қазақстан Республикасындағы саяси мәдениет және қоғамды демократияландыру: мәселелері мен келешегі | 1 |
| 15.1. | Саяси- мәдени негіздердің демократияланушы Қазақстан социумындағы ролі. Саяси - мәдени парадигманың ауысуы. | |
| 15.2. | Қазақстан қоғамындағы саяси мәдениетінің өзгеруіне жәрдемдесуші факторлар мен жағдайлар. | |
| 15.3. | Қазіргі кезеңдегі Қазақстан саяси мәдениетінің типтері. | |
| 15.4. | Қазақстан Республикасында демократиялық саяси мәдениетті қалыптастыру мәселелері. | |
| 15.5. | Қазақстан Республикасындағы тұлғаның саяси әлеуметтенуінің ерекшеліктері | |

Семинарға дайындалу мен оған қатысуға әдістемелік кеңес

Семинар – студенттердің өзіндік жұмысының белсенді және ең ұтымды түрі. Семинардың барысында және оның нәтижесінде студенттер нақты білім алады. Бірақ олардың семинарға қандай дайындықпен келетіндігі өте маңызды. Семинардың өтілу формасы ең алдымен студенттердің білім деңгейіне және олардың оған дайындалу дәрежесіне байланысты. Егер студенттер семинарға дайын болмаса ешқандай талқылау, пікір-талас (дискуссия), іскер ойындар және тағы басқа жарыс түрлері болуы мүмкін емес. Сондықтан оқытушы мен студенттердің негізгі назары семинарға дайындалуға көңіл аударуы керек.

Семинарға дайындалу үшін студент алдын-ала нені оқуы керек екенін біліп қана қоймай, сонымен қатар оның қандай формада өтілетінін де білуі керек. Семинардың өтілу формасын оқытушы таңдайды, ол қажет болса оның сценарийін де жасайды. Семинардың айқын түрдегі дайындығын ынталы топқа, өте қаблетті және білімді студенттерге тапсыруы мүмкін. Кез кеген семинарды өткізгенде бір әдістемелік талапты сақтау керек: студенттер семинарға тапсырылған «сабақтың» сұрақтарына жауап беру үшін емес, олар шығармашылық пікір-таласқа, талқылауға (дискуссияға), өздерінің пікірлері мен көзқарастарын басқалардың позициясымен салыстыруға, дәлелдермен, айғақтармен алмасуға келеді. Семинардың ең бастысы – өз бетінше пайымдау, білім арқылы еркін сөз жарыстыру дағдысына үйрету. Оқытушы өткізілген семинардың қортындысын қортындылай отырып, келесі сабақтың дайындығына қысқаша нұсқаулар мен кеңес беруі керек.

7. Ағымдық, аралық және қорытынды бақылауға арналған материалдар және оларды орындауға әдістеметік ұсыныстар

Ағымдық бақылау ауызша және жазбаша сұрақ түрінде өткізіледі, жазбаша бақылау жұмысы – сұрақтар бойынша және карточкалар бойынша іскер ойындар мен дискуссиялар өткізіледі. Аралық бақылау тиісті тапсырмаларды орындау арқылы коллоквиум түрінде өткізіледі, қорытынды бақылау – тестілеу.

ДӨНГЕЛЕК ҮСТЕЛ

Дөңгелек үстел тақырыбы: Террористің әлеуметтік-психологиялық портреті

Өткізу мақсаты: терроризмнің пайда болуының әлеуметтік себептеріне талдау жасау және жеке адамның девиантты мінез-құлқының дамуына мүмкіндік туғыатын факторларды айқындау.

Талқылауға арналған сұрақтар:

1. Террористік ұйымға қатысуға қандай жағдайлар әсер етуі мүмкін?
2. Терроризмнің пайда болуының әлеуметтік себептері қандай?
3. Терроризмнің қазіргі әлеуметтік ерекшелігі неге байланысты күрделенген? Террористерге ішкі және сыртқы факторлардың әсері.
4. Әлемнің әртүрлі аймақтарындағы жағдайлардың дамуының негізгі параметрлері мен үрдістері (тенденциялары).
5. Террористік ұйымдардың дамуына қандай үрдіс (тенденция) сізге ең қорқынышты болып көрінді?
6. Жеке террористің психологиялық ерекшелігі.
7. Жанұя, білім, жұмыс бастылық террористік әрекетке тартуға әсер ететін факторлар ретінде.
8. Жеке террористің әлеуметтік-психологиялық ерекшелігінің өзгеруін бақылаңыз.
9. Әйел терроризмнің ерекшелігі. Себептері мен өзгешелігі.
10. Экстремистік немесе террористік әрекетке бейімді жеке адамның ерекше өзгешелігін анықтауға ең тиімді мүмкін сценарийлері мен матрицаларды ұсыныңыз.

Дайындау мен өткізу тәртібі: студенттерге тақырып бойынша тиісті әдебиеттермен танысу, сұрақтардың біреуіне баяндама дайындау, талқылаудың уақыт тәртібін анықтау (регламент) ұсынылады.

Баяндамалар мен рефераттар тақырыптары:

1. Саяси терроризмнің негізгі түрлері
2. Тұрақтылық проблемалары мен саяси қатысу.
3. Саяси наразылықтың себептері мен факторлары.
4. ОАА-дағы (ЦАР) террористік ұйымдардың пайда болу себептері
5. Қазіргі әлемдегі биологиялық терроризм

6. Терроризм туралы халықаралық- құқықтық нормалары.
7. Терроризмнің әлеуметтік базасы.
8. Терроризмнің психологиялық сипаттамасы.
9. Тоталитарлық сектілердің экстремистік мәні.
10. Діни экстремизмнің әлеуметтік-экономикалық бастаулары.

ІСКЕР ОЙЫН

Ойынның аты: Қазіргі қоғамдағы саяси мифтер

Ойынның мақсаты: Саяси мифтердің негізгі сюжеттері мен мәндерін ойын түрінде түсіндіру, қазіргі саяси технологияларда оларды пайдалану механизмін ұғу.

Қатысушылар құрамы: эксперттік топ, негізгі баяндамашылар, саяси технологтар топтары, ойынның модераторы.

Алдынала дайындық: студенттерге саяси мифтердің пайда болу себептерін талдау, саяси мифтердің негізгі сюжеттері туралы ойлау, саяси практикада саяси мифтерді іс жүзінде пайдалану туралы қосымша материал дайындау ұсынылады, негізгі баяндамашылар анықталады.

Ойынды өткізу жоспары: ойынның алдында эксперттік топтың құрамы анықталады, сөз сөйлеу мен жобаларды (проекттеді) бағалау критерийлері, негізгі параметрлері, сөз сөйлеу уақыт тәртібі (регламент) ескертіледі.

1. Саяси мифтердің сюжеттері мен оларды пайдалану мысалдары туралы негізгі баяндамашылардың сөз сөйлеуі.
2. Студенттік аудиторияны саяси технологтар топтарына бөлу.
3. Топтық жобаларды дайындау:

Мифтердің сюжеттері –

- Қастандық туралы миф
- Алтын ғасыр туралы миф
- Бірлік туралы миф
- Золушка туралы миф

- Құтқарушы- батыр туралы миф

Топтық жобаның мақсаты – жете зерттелген стратегия негізінде қазіргі сайлау науқанында саяси мифтерді пайдалану механизмін ашу.

Топтық жобалардың таныстырылымы (презентациясы) мен қорытындысын шығару әр топтың өкілдерінің сөз сөйлеуі, аудитория алдында дайындалған жобаның таныстырылымы, берілген мифті нақтылы саяси практикада сайлау науқанына пайдаланудың мүмкіндігін талдау (анализдеу), сұрақтармен пікір алмасу, топтар арасындағы пікір-талас (дискуссия) , берілген жұмыстар бойынша эксперттің талдау сөзі (анализі) .

Модератордың қорытынды сөзі, «Қазіргі қоғамдағы саяси мифтер» атты іскер ойынның қорытындысын шығару.

ДӨНГЕЛЕК ҮСТЕЛ

Дөңгелек үстел тақырыбы: Қазіргі (заманауи) Қазақстандағы саяси стереотиптер

Өткізу мақсаты: Саяси стереотиптердің мәнін түсіну және олардың қазіргі Қазақстандағы саяси мәдениеттегі ерекшеліктерін анықтау.

Дөңгелек үстелді өткізу үшін негізгі материал:

Саяси стереотип – бұл саяси объектілер туралы жеңілдетілген, схемалық, деформацияланған және құнды - бағытталған түсінік.

Стереотиптің ерекше белгілері:

- 1) Оқиғаның персонификациясы (белгілі топтар немесе нақтылы адамның қызметімен сол немесе басқа да құбылыстарды байланыстыратын себеп) ;
- 2) Оқиғаларды түсіну мен қабылдаудағы күшті эмоционалды әсерлену (ереже бойынша, біреуге немесе бірдемеге кенеттен жағымсыз немесе кенеттен жағымды қатынасы) ;
- 3) Иррационалдык (стереотипке сәйкес келмейтін әдеттегі факторлар байқалмайды немесе наразылықпен тойтарылады) ;
- 4) Тұрақтылық (стереотип орныққан (статичен), ұзақ уақытты, ол өзгеруге бейімделмеген және негізінен өзгеруші жағдайда да өзін-өзі сақтауға қабілетті).

Ереже бойынша саяси стереотиптерде қандайда бір топтың тәжірибесі жеңілдетілген және деформацияланған түрде жинақталады. Әдеттегі санада стереотиптер саяси объектілер туралы білімді күрделі және қайшы әлемдегі шешімді жасау мен қабылдауды, бағыттау процесін едәуір қысқартып ауыстыра алады. Стереотиптер әлеуметтік және саяси әлемді «біз»-«олар», «өзіміз» - «бөтен», «достар» - «қастар» деп білік (ось) бойынша бөліп саяси ұқсастықты қалыптастыруға мүмкіндік туғызады.

Өткізу жоспары: саяси стереотиптердің мәнінің сипаттамасы, саяси мәдениеттің негізгі қасиеттері мен айырмашылық ерекшелігінің элементі ретінде, қазіргі қазақстандық қоғамдағы көпшіліктің санасының стереотиптерінің этномәдени айырмашылығының анализі – дамудың ерекшелігі мен үрдісі (тенденциясы.)

КОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУ СУРАҚТАРЫ

1. Мәдениет ұғымы, оның қоғам өміріндегі рөлі.
2. Саяси стереотиптердің мәні мен негізгі белгілері.
3. Қазақстан саяси мәдениетінің қалыптасуының тарихи жағдайлары.
4. Саяси мәдениет: құрылымы мен қызметі.
5. Ұтымды таңдау теориясының мәні.
6. Саяси сананың түрлері мен құрылымы, деңгейлері, қызметтері.
7. Саяси рәміздер саяси мәдениеттің компоненті ретінде.
8. Мәдениетті мәдениеттілік тұрғысынан ұғынудың мәні.
9. «Білік уақыты» («осевого времени») тұжырымламасының (концепциясының) мәні.
10. Қазақстанның кенестік дәуірдегі саяси мәдениеті.
11. Жаңа консерваторлық: құндылықтары, идеялары, саясаты.
12. Саяси мифология саяси мәдениеттің бір бөлігі ретінде. Саяси мифтің негізгі сюжеттері.
13. Қазақстан Республикасының саяси мәдениетіндегі субмәдениеттің сипаты.
14. Социал-демократиялық идеологияның ерекшелігі.
15. «Мичигандық» модельдің электоралды қатысуының мәні.
16. Саяси мәдениеттің қалыптасуына әсер ететін факторлар мен алғы шарттар.
17. Либерализмнің негізгі қағидалары.
18. Саяси әлеуметтену: кезеңдері, моделі, қызметі және түрлері.
19. Саяси мәдениетті жіктеудің негізгі критерийлері.
20. Фашизм идеологиясы.
21. Қазақстан Республикасындағы саяси әлеуметтенудің ерекшеліктері.
22. Саяси қатысудың түрлері.
23. Консерватизмнің негізгі қағидалары.
24. Саяси мәдениетті оқыту әдістері.
25. Қазіргі заманғы (заманауи) негізгі идеологиялық бағыттар.
26. Қазақстан Республикасының саяси символикасы.
27. Мәдениетті оқытудың негізгі ұстанымдары.
28. Саяси идеология: құрылымы, қызметі, деңгейі.
29. Г. Алмонд бойынша саяси мәдениетті типологизациялау.
30. Ұлттық-аймақтық ерекшеліктеріне қарай саяси мәдениеттің түрлеріне сипаттама.
31. Анархиялық идеологияның негізгі идеялары.
32. Саяси миф-негізгі белгілері, қолданылуы, шығармашылық аңыздың заманауи технологиялары.
33. Жаналибералдық: идеялары мен құндылықтары.
34. Саяси мәдениетті салыстырмалы талдау: Шығыс-Батыс.
35. Ұлттық идеологиялар: түсінігі мен мәні.
36. Д. Каванаху бойынша саяси мәдениеттің типологизациясы.
37. Азаматтық қоғамның саяси мәдениеті.
38. Р. Инглхарттың шусыз революциясының тұжырымдамасы.
39. Саяси бағыттардың мәні, олардың құрылымы мен қызметі.

40. Жаңа ақпараттық технологиялар жағдайындағы идеологиялардың трансформациялануы.
41. Қазіргі кезеңдегі Қазақстанның саяси мәдениеті.
42. У.Розенбаум бойынша саяси мәдениеттің типологизациясы.
43. Саяси манипулированиеның мәні, мақсаты және мәселелері.
44. Кеңестік саяси мәдениет-типологиялық ерекшеліктері.
45. Саяси рәміздердің (символдардың) ұлттық ерекшеліктері.
46. Қазіргі заманғы Қазақстандағы рухани-идеологиялық жағдай: даму келешегі.
47. Патриархалдық саяси мәдениет.
48. Азаматтық (подданнические) саяси мәдениет.
49. Діни бағыттағы идеологиялық ағымдар, діни идеологиялардың ерекшеліктері.
50. Демократиялық саяси мәдениет.
51. Деидеологизация (құру) және реидеологизация (қайта оралу) тұжырымдамалары.
52. Гомогендік және фрагменталдық саяси мәдениет.
53. Идеологиялық ықпал жасаудың негізгі құралдары.
54. Эгалитаризм түсінігі мен мәні.
55. Социалистік идеологияның мәні.
56. Феминизмнің идеологиялық доктринасы.
57. Саяси мәдениеттің типологиясы: негізгі критерийлері.
58. Жастардың саяси мәдениетінің даму ерекшеліктері.
59. Экологиялық қозғалыстардың идеологиялық доктринасы.
60. Абсентеизмнің мәні мен себебі.
61. Қазіргі заманғы (заманауи) идеологиялық ағымдардың түрлері.
62. Саяси хэппенинг идеологиялық әсер ету құралы ретінде.
63. Саяси мәдениеттің даму теориялары, қазіргі заманғы (заманауи) мектептері мен бағыттары.
64. Қазіргі заманғы (заманауи) Батыстың саяси мәдениеті: өзіндік ерекшеліктері.
65. Саяси мәдениетті зертеудегі қазіргі тәсілдер.
66. Экстремистік идеология.
67. Қазіргі американдық саясаттанудағы саяси мәдениеттің даму теориясы.
68. Идеологияға әсер етудің әдісі мен тәсілдері.
69. Шварценберг бойынша саяси мәдениеттің типологизациясы.
70. Гаджиев бойынша саяси мәдениеттің моделдері.
71. Саяси қатысудың мәні.
72. Саяси мәдениеттің ұлттық моделдері.
73. Конвенционалды саяси қатысудың түрлері мен мәні.
74. Қазақстан Республикасының саяси мәдениеттің қалыптасуының ерекшеліктері.
75. Саяси қатысудың негізгі тұжырымдамалары.
76. Қазіргі заманғы (заманауи) Қазақстанның саяси идеялары, идеалы және құндылықтары.

77. Саяси қарсылықтың себептері мен негізгі факторлары.
78. Саяси мәдениетке тәрбиелеудегі саяси рәміздердің рөлі
79. Саяси қатысудың мотивациялық теориялары.
80. Саяси қатысудың әлеуметтік факторлар теориясының мәні.
81. Қазақстандағы электоралды бағыт.
82. Саяси бағыттың конвенционалды емес түрлері.
83. Саяси терроризмнің түрлері мен мәні.
84. Саяси мәдениетті зертеудегі қазіргі тәсілдер.
85. Саяси терроризмнің себептері, формалары мен әдістері.
86. Саяси бағыт ұғымының мәні және оның негізгі формалары.
87. Саяси қатысудың психологиялық теориялары.
88. Саяси мәдениетті зертеудегі психологиялық бағыттар.
89. Саяси мәдениетті зертеудегі бихевиоризм.
90. Блюм бойынша саяси мәдениет типологиясы.

АҒЫМДЫҚ, АРАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУҒА ДАЙЫНДАЛУҒА ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫСТАР

Ағымдық бақылау ауызша және жазбаша сұрақ түрінде өткізіледі, жазбаша бақылау жұмысы сұрақтар бойынша және карточкалар бойынша іскер ойындар мен дискуссиялар өткізіледі.

Аралық бақылау тиісті тапсырмаларды орындау арқылы коллоквиум түрінде өткізіледі, қортынды бақылау – тестілеу.

«Саяси мәдениет және идеология» пәні емтиханмен аяқталады. Оған дайындық барысында студенттер пән оқытушысынан жекелей немесе топтық түрде консультация ала алады. Емтиханды өткізудің негізгі құжаттары: Мемлекеттік білім беру стандарты және соның негізінде әзірленген оқу пәнінің бағдарламасы болып табылады.

Емтиханда «өте жақсы» деген бағамен тек қана оқу пәнінің теориялық сұрақтарын біліп, сол бойынша еркін бағдарлай алатын ғана емес, соған қоса саясаттың теориясын бүгінгі әлемде болып жатқан оқиғалармен практикалық тұрғыдан байланыстыра алатын білім бағаланады. Емтихан тапсырушы бұдан өзге де қаралып отырған саяси құбылыстың шығу тегін, тарихи тамырын білуі, саяси түсініктерді, категорияларды еркін меңгеруі, саяси оқиғалардың арасынан байланыс таба алатын, тарихи сәйкестіктер мен салыстырулар жасай алатын, қойылған сұрақтарға нақты әрі тынғылықты жауап беріп, сөйлеу мәдениетінің жоғары үлгісін көрсете алуы тиіс.

«Жақсы» деген бағамен жоғарыда көрсетілген талаптар жеткіліксіз дәрежеде көрініс табатын жауап бағаланады. Пәннің кейбір мәселелері толық әрі нақты игерілмеген.

«Қанағаттандырылдық» деп оқу пәнін игеруге білімінің аздығын көрсетіп, сұрақтарға жауап беру барысында қиналған, негізгі тақырыптарды игерген, бірақ теория мен практиканы ұштастыра алмайтын студент бағаланады.

Бұл талаптарға төмен жауап беріп, білімінің жетіспеушілігін көрсетіп, теориялық және практикалық сұрақтардың мағынасын түсінбейтін студент «қанағаттандырылғысыз» деген баға алады. Онда емтихан алушы студентке, оның кемшіліктерін түсіндіруі қажет. Екінші рет емтиханды табысты тапсыру үшін, қайта тапсыруға қалай дайындалатынына кеңес беруі керек.

Емтиханға дайындық – студенттің оқу пәні барысында соңғы, ең белсенді кезеңі. Жиналған білімді ретке келтіріп жүйелеу қажет. Әрбір тақырып негізгі, жалпы танымдық сұрақтарға ие болуының нәтижесінде соның төңірегінде қалғаны жиналады. Осыларға жауап беріп емтиханға дайындық деңгейін анықтауға болады. Бұл емтихан алдында кафедра беретін өзіндік «тексеру» сұрақтары. Бұларды емтихан сұрақтары деп қабылдау керек, бірақ бұларға жауап бере алатын студент өзін емтиханға дайынмын деп санаса болады.

ЖАЗУ ҮШІН

ЖАЗУ ҮШІН

ЖАЗУ ҮШІН

ЖАЗУ ҮШІН

ЖАЗУ ҮШІН

ЖАЗУ ҮШІН